Осы тұрғыдан сондай құбылмалы көрсеткіштердің бірі ол нәрестелер мен сәбилердің шартсыз рефлексстері.

Жаңа туған баланың жүйке дәрежесінің негізін шартсыз рефлексстер құрайды. Осы рефлексстерді нәресте туған кезінен педиатр тексеріп баланың жүйке жүйесінің жағдайы туралы нақты тұжырым жасайды.

*Іздеу рефлексі* – баланың ауыз бұрышын сипағанда сол адамға басын бұрады, аузын ашып және тілін тітіркенген жерге тигізуге тырысады.

*Тұмсықты рефлекс* – баланың ернін саусақпен тез басса ернінің дөңгелек бұлшық еті жиырылады, сонымен қатар ерні тұмсық тәрізді болып, алдыға созылады.

*Ему рефлексі* – берілген емізiктi бала белсендi түрде сорады.

*Алақан-ауыз рефлексі (Бабкин рефлексі)* – екі алақанға күш түсіріп үлкен саусаққа жақын алақанды басса, бала аузын ашып, басын иіп, иық және білегін бүгіп жұдырық жасауға тырысады.

*Ұстап алу рефлексі (Робинзон рефлексі)* – жаңа туған бала дәрігер қолын ұстап алып қысады. Кейде қысудың қатты болғаны сонша баланы көтеруге болады. Рефлекс симметриясын бағалау керек.

*Табан рефлексі* – ұстап алу рефлексі секілді аяқтың II-III саусақ маңын қолмен басқанда табан саусақтарының бүгілуі болады.

*Бабинский рефлексі* – табанның өкшеден саусаққа дейінгі сыртқы қырының тітіркенуінде үлкен саусақ экстензиясы және қалған саусақтардың веер секілді ашылуы байқалады.

*Құшақтау рефлексі (Моро рефлексі)* – бұл рефлексі тексерген кезде құндақтау үстелін бала басынан 20-30 см алшақта қолмен ұрғанда, бала қастарын ашады, қысқан саусақтарын ашып, аяқтарын тіктеп созады, бірнеше секундтан кейін бала өзін қолымен құшақтайды, ал козулы балаларда қолдың треморы байқалады.

*Асимметриялы тоникалық мойын рефлексі (Магнус-Клейн рефлексі)* – баланың басын пассивті бұрғанда балада «фехтовальщик позасы» пайда болады, яғни басын бұрған жағындағы қолы мен аяғы жазылып, ал қарама-қарсы жағындағы қол-аяғы бүгіледі.

*Симметриялы тоникалық мойын рефлексі* – басты пассивті игенде қолдағы флексорлы тонус және аяқтағы экстензорлы тонус жоғарылайды, яғни нәрестенің қолдары бүгіліп, аяқтары жазылады, ал енді басын қайтадан көтергенде керісінше әсер байқалады.

*Табан тіреу рефлексі* – баланы қолтығынан вертикальды көтеріп ұстаса, ол аяқтарын барлық буындарында бүгеді. Енді баланың табанын үстелге тірессек, ол денесін тіктеп және жартылай бүгілген аяғымен табан тіреп тұрады.

*Автоматты жүру рефлексі* – тіреу рефлексін орындаған баланың денесін алдыға еңкейтсек, ол аяғын бүгіп, қолын қимылдатпай алға қарай қадамдар жасайды.

*Қорғану рефлексі* – ішпен жатқызғанда бала жан-жаққа басын бұрады және бірнеше тербелген қимыл жасап, басын көтеруге тырысады.

**Еңбектеу рефлексі** – егер ішпен жатқан баланың табанына алақан қойса, ол рефлекторлы түрде итеріп өзі белсенді еңбектеген тәрізді қимыл жасайды.

**Галакт рефлексі** – арқа терісін омыртқа бойымен бір жанынан тітіркендіргенде жаңа туған сәби денесін бүгіп, қоздырғыш болған жаққа басып және денесін бұрады.

**Перес рефлексі** – егер ішпен жатқан балаға құйымшақтан мойынға дейін саусақпен жүргізсе, әсіресе омыртқаның үшкір өсінділерін жеңіл басқанда бала басын көтеріп, белінде лордоз пайда болып жамбасын көтеріп, қолын және аяқтарын бүгеді. Кейде бала айғайлайды.

**Лабиринтті тоникалық рефлекс** – ішпен жатқан балада бұғуші бұлшық еттердің тонусы жоғарылайды, басы кеудеге әкелінеді, қолда флексорлы жағдай жоғарылап кеудеге әкелінеді, аяқтарының буындары бүгіліп ішке әкелініп, арқа иіледі, бірнеше минуттан соң бұл жағдай жүзу қимылдарына ауысып асығыс еңбектеу рефлексі пайда болады.

Жаңа туған баланың тірек-қимыл сферасын зерттеу бұлшықет тонусымен, сіңір рефлексімен сипатталады. Әлсіз және тез қимыл көлемін анықтайды. Жаңа туған баланың белсенді іс-қимылында бұлшықет маңызды рөл атқарады. Нәрестелер мен сәбилердің туа біткен шартсыз рефлекстері белгілі бір уақыт сақталады да, кейіннен біртіндеп сөнеді немесе жоғалады (редукцияланады). Олардың қалыпты мерзімінен кеш жоғалуы жүйке жүйесінің патологиясына тән, бұл бала дамуының артта қалуын білдіруі мүмкін. Жүйке жүйесі зақымданған балалардың жарық дүниеге келген күндері ақ қимыл-әрекеті баяу, әлсіз болады шартсыз рефлекстерінің көбі болмайды. Сау нәрестенің шартсыз рефлекстері 3-4 айдың арасында жойылады. Айы-күні жетпей ерте туған нәрестелердің шартсыз рефлекстері 2-3 аптадан кейін, баланың салмағы өсіп жағдайы жақсара бастағанда пайда болады. Нәрестенің шартсыз рефлекстерінің жоқтығының себептері бір неше факторларға байланысты. Сондықтан алғаш қарағанда ең алдымен мұқият тексеріп дұрыс диагноз қою өте маңызды. Шартсыз рефлекстердің жоқтығы немесе өте төмен болуының жиі кездесетін себебі ол баланың мерзімінен ерте тууы. 26-28 апталық нәрестенің көптеген шартсыз рефлекстері болмайды. Оның арасында әсіресе баланың өмір сүруіне қажет ему, жұту рефлекстері әлі дамып жетілмеген. Осындай жағдайда арнайы зонд арқылы баланы тамақтандырып жалпы күтімін жақсы ұйымдастырса бір-екі апта аралығында шартсыз рефлекстері пайда бола бастайды. Бұл баланың салмағына және бұлшық еттерінің күшеюіне байланысты. Қалған жағдайларда шартсыз рефлекстердің болмауы баланың миы ауыр зақымдалғанның себебінен туады. Ондай балаларды емдеу мидың зақымдалу сырқатының әрбір сатысының ерекшеліктерін ескеріп комплекссті және жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

1 Мусаева Г.А. Орталық нерв жүйесі және сезім ағзалары. - Алматы, 2003.

2 Мәмбетов Е.К. Суқараңғы: (патогенез, топтастыруы, клиника, диагностика және емдеу). - Алматы, 2000.

3 Рақышев А.С. Адам анатомиясы. - Алматы, 2000.

#### Резюме

А.А.Тайжан - д. м. н., профессор, КазНПУ им. Абая,

Д.К. Байдосова - старший преподаватель КазНПУ им. Абая

#### Показатели уровня развитой нервной системы новорожденного

Педагогу-дефектологу в его практической деятельности нередко приходится обращаться к истокам развития отклонений в физическом состоянии детей.

Статья предназначена для молодых преподавателей, магистрантов, практикующих педагогов-дефектологов. В статье подробно описываются самые ранние рефлексы новорожденных, - врожденные безусловные рефлексы. Обращается внимание на то, что, если наличие соответствующих симптомов у новорожденного является показателем хорошего здоровья, то, наличие этих же симптомов у детей старшего возраста и у взрослых свидетельствует о тяжелой неврологической патологии. Кратко описаны причины отсутствия врожденных рефлексов у детей при рождении и методы их восстановления.

**Ключевые слова:** Ребенок, нервная система, физиологические, ранний, безусловные рефлексы, диагноз.

#### Summary

A.A. Tayzhan - doctor of medical sciences professor, KazNPU named after Abai,

D.K. Baydosova - senior teacher, KazNPU named after Abai

#### Indexes of level of the developed nervous system new-born

The article is dedicated for young teachers, postgraduate students and education-defectologists. This article gives detailed description of the earliest reflexes of newborns, which are unconditional congenital reflexes.

Attention is drawn to the fact that if these respective symptoms show the good health of newborn, however for the older children and adults they demonstrate the hard neurological disease. Also, briefly described the reasons of congenital reflexes absence in children during birth and methods of congenital reflexes' recovery.

**Keywords:** Child nervous system, physiological, is early, unconditioned reflexes, diagnosis.

УДК 376.2

## 9-10 ЖАСТАҒЫ КӨРУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАЛҒАН ОҚУШЫЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒДАРЛАУ МҮМКІНДІКТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аутаева А.Н. - психол.ғ.к, Абай атындағы ҚазҰПУ, Арнайы білім беру кафедрасының доценті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ. akbota-n@mail.ru

Мирзахмедова У.А. – I курс магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ, Қазақстан Республикасы, uljan-192@mail.ru

Бұл мақалада бастауыш саты – оқушыда, оның интеллектісі дамуының іргетасы танымдық әрекеті қалыптасуының қуатты жүретін кезеңі. Танымдық түрлерін меңгеру оқушы ойын тәртіптеп, оның белгілі бір бағыты жүйелі «арнамен жүруін» қамтамасыз етеді; жеке тұлғаның негізгі психикалық үрдістері қалыптасып, ырықты, зейін, рефлексия, өзін-өзі бақылау, әрекет амалдың ішкі жоспары сияқты нысандар пайда болады.

**Түйін сөздер:** бастауыш сынып, көру қабілеті зақымдалған балалар, бағдарлау мүмкіндіктері, іс-әрекет, бағыттық белгілер.

Бастауыш сынып кезеңі – бұл 9-10 жас арасындағы жеке тұлғаның әрі қарай дара-психологиялық дамуы және әлеуметтік-адамгершілік сапаларының қалыптасуы процесі. Бұл кезеңге тән:

– баланың материалдық, коммуникативтік, эмоционалдық мұқтаждарын қанағаттандыруда отбасы жетекші (доминанция) роль атқарады;

– әлеуметтік-танымдық қызығушылығын дамыту және қалыптастыруда мектеп жетекші рольді мектеп атқарады;

– отбасы мен мектептің басты қорғаушы қызметі сақтала отырып, балада органдың жағымсыз ықпалына қарсы тұра алу қабілеті арта түседі. Әлеуметтік стагустың өзгеруі: оқушыға айналуы. Жас және педагогикалық психологияда бастауыш мектеп жасының өзіндік орны бар. Бұл жаста оқу іс-әрекетін меңгереді, психикалық функцияның еріктілігі құрылады, рефлексия туындайды, өзін-өзі бақылауы ерекшеленеді, ал әрекет ішкі жоспарға ара-қатынаста болуды бастайды. Бастауыш мектептің оқу жұмысының әр саласына бейімделу балада бірден қалыптаспайды, оған біраз мерзім үйренуі керек. Егер мектеп жасына дейінгі балалардың негізін әрекеті ойын болып келсе, оқуға кіргеннен кейін оқу іс-әрекеті шешуші рольді атқарады. Осыған орай баланың психикалық дамуы үлкен өзгерістерге ұшырайды. Себебі: ойынға қарағанда оқу талабы бала үшін қиын. Сонымен қатар, жаңа ортаға үйреніп, мұғаліммен, құрбыларымен қарым-қатынас жасауына психологиялық көмек қажет. Бастауыш мектептің оқу жұмысының әр саласына бейімделу балада бірден қалыптаспайды. Осыған біраз мерзім үйрену керек. Сонымен қатар балалардың оқуға белсенділігі сабақтарда әр түрлі. [1]. Бастауыш сынып оқушылары көпке дейін тапсырманы қалай орындаудың тәсілін жақсы білмейді. Олар берілген тапсырманы жаттап алғысы келіп тұрады. Осылай болуы олардың жаттауға икемділігінің молдығынан емес, оқуға әлі төселмегендігінен, қалай жұмыс істеуге ешкім оны үйретпегендігінен кездеседі. М.М.Мұқанов өзінің «Жас және педагогикалық психология» еңбегінде бастауыш мектепте тапсырманың балаларға екі түрлі жолмен берілітінін көрсетті: біріншіден, берілген тапсырманы орындау үшін жауапты бала оздігінен іздестіреді. Екіншіден, тапсырма жауап іздестіру ретінде берілмейді. Оны орындау үшін соның үлгісі беріледі, мысалы, тапқыты жаттау үшін соның тексі беріледі.

Осы текке өзгеріс енгізуге рұқсат етілмейді. Сол текке сүйене отырып бала оны жаттап алады. Баланың оқу әрекеті арқылы әрекеті әрекеттеніп, яғни мәселені шешуі, олардың танымдық іс-әрекетінің дамуына көмегін тигізеді. Қандай іс-әрекет болмасын қиық құрылымнан тұрады. Іс-әрекет жеке әрекеттерден тұрады да, алдыға қойған мақсатқа жетуге бағыттайды. Мақсат және мотив іс-әрекеті бірдей орындалмайды. Оны мысалы И.Кулагина «Жас ерекшелігі психологиясында» былай деп келтірілген: «Оқушының үй тапсырмасында математикадан есеп шығарып орындау. Оның мақсаты-осы есепті шығару. Оған негізгі мотив әр түрлі болады, біреулері шешесін ренжітпеуге тырысады, екіншілері «бестік» баға алу үшін немесе тезірек тапсырманы орындар достарымен ойнауға кету үшін». Осы үш жағдайда да баланың математикалық тапсырманы шешуі үшін мағына әр түрлі қалыптасады. Міне, сондықтан, іс-әрекет құралымын мынадай жүйемен көрсетуге болады: «мотив-іс-әрекет», «мақсат-әрекет», «меңгерілетін іс-әрекет-операция» [2].

Сонымен, іс-әрекеттің құрылымына байланысты және бастауыш мектеп оқушысының дамуына әсер ету арқылы сыртқы жоспар ішкі жоспардың негізінде орындалады. Бастауыш мектепте оқыту іс-әрекеті жетекші болады. Сондай-ақ зейін процесінің жүйелі қалыптасатын кезеңі.



Мұғалімнің көңіл болуіне бала сенгін орындаушы ретінде қарайды. Осыған байланысты бастауыш мектеп оқушыларының дұрыс шешім қабылдауына жағдай жасалып, оның зейіні белсенді әрекеттенеді. Бірақ мұғалім де, ата-аналар да баланың мүмкіндігін ұмытпаулары керек. Мектепке түсу танымдық іс-әрекеттердің ішінде зейіннің дамуына күшті әсер етеді. Бала үлкендерден «сен мүлдем тырыспайсың?» деген сөз естиді. Бірақ ол «тырысу» деген сөздің мағынасын түсінбейді. Сол үшінде өзінің күшін қай бағытқа бұру керек екендігін білмейді. Бастауыш мектеп жасы адамзат қауымының әлі толығымен қалыптаспаған мүшесі. Бала бастауыш мектепке келгеннен кейін барлық мектеп ұжымының алдына қоятын өзекті мәселесі оқытудың тиімділігін қалай арттыру және оқушы берілген білімді ғана меңгеріп қоймай өз бетінше ойлай алуға қалай үйретуге болады тағы басқа көптеген сұрақтар туындайды. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде кейінгі жылдары оқытудың тиімділігіне әсер етуге арналған әдіс-тәсілдер, принциптер көп ұсынылуда.

Бұл жерде біз Л.С.Выготскийдің мәдени дамудың социогенетикалық заңын еске түсіреміз: – Алдыңғы өткен ұрпақтың қолданған мінез-құлық формалары баланың даму процесінде өзіне тиістілері қайталанып отырады. Басқа сөзбен айтқанда не қабылданды ол – ішкі деп аталады, адамдар арасындағы қатынас арқылы әлеуметтік сыртқы даму болады. Осы логиканың нәтижесінен біз мұғалім мен оқушының арасындағы оқытуды меңгерудің қайнар көзін іздейміз және үлкендер мен баланың арасын үйлестіріп тұратын оқушының индивидуалдық өз бетінше әрекеттері болады.

Г.А. Цукерманның айтуынша: – Егер мұғалім баланы, оқуға үйреткісі келсе, ол оларға тек ғана білім беріп қоймай, шеберлік пен дағды да қалыптастыру керек [3].

Қазіргі балалар психологиясының негізгі мәселелерінің бірі – бастауыш оқушыларының психикасын дамыту мәселесі. Бала психикасының дамуын зерттейтін констатациялық серияның міндеттері:

1. Проблемалы жағдайларды шешуді талап ететін тапсырмаларды жасау.
2. Оқытуға дейінгі сақталу принципін деңгейін анықтау.
3. Көрнекті көріністің алдында заттарды бағалау мен сөздік ой-пікірлердің байланысын зерттеу.

Әл-Фараби еңбектерінде осы пікірді былай деп қолдайды: – қандайда бір ғылым болмасын көңілге дербес ерекше мәндерді ұғыну арқылы ұялайды. Бізге осы ерекше мәндердің, кейбіреулерін ұғыну ған жеткілікті, ал қалған көпшілігін сезінудің өзі тиімді. Осы жағдайларды біздің сезіміміз қабылдап, ұғынуымыз жинақталғаннан кейін ғана барып, біздің санамыз өзіне тән ролді атқара бастайды. Бастауыш мектептегі оқыту процесінде мұғалім баланың танымдық іс-әрекетін дамытуға әсер ете отырып, біріккен іс-әрекет барысында олардың ойлау күрделеніп, есте сақтауы мен зейіні тұрақталып, шоғырланады. Оқыту процесі баланың зейінінің дамуына көмектеседі. Адамның психикалық дамуы оқыту процесі әсерінен тыс болмайды. Интеллектуалды даму деңгейі оқытудың сапасымен мазмұнымен және оны меңгеру процесімен анықталады [4]. К.Д.Ушинский: «... ең кіші сыныптан бастап оқушылардың жасына қолайлы өзінің жинақталған көзқарасы болуы керек... Әрбір жыл сайын бұл көзқарастың тереңдетілуі, кеңеюі, толықтырылуы тиіс», – деп жазған.

Яғни, оқушының танымдық әрекеті оның дамуындағы басты шарт болатынын анықтады. Ол даму оқушының танымдық әрекеті арқылы жүреді, яғни, оқушы өзінің мүмкіндіктерін жүзеге асырады. Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде білімнің рөлі, білімнің сенімге айналуы, оқу-танымдық міндеттерді шешуге қажетті оқушылар көзқарасының мәні, жас ерекшелік және орта әсері оқушылардың танымдық әрекетін қалыптастыруға қажетті және жеткілікті шарттар ретінде беріледі. Бұл мәселе педагог-психологтар Н.Ф.Талызина, В.В. Давыдов, П.Я.Галперин, Ю.К.Бабанский, А.В.Усова, Д.Б.Эльконин, Л.Е.Шубина, Б.П.Есипов, М.А.Данилов, И.Я.Лернер, Л.В.Занков, М.И.Махмудов А.А.Люблинская, А.Н.Леонтьев еңбектерінде қарастырылған. И.П.Подласый, 6 жастан бастап 12 жас аралығы танымдық әрекетті қалыптастыруға және дамытуға өте қолайлы кез деп есептейді. Әр жастағы, оның ішінде бірінші сынып жасындағы баланың психологиялық ерекшеліктері бірден қалыптаспайды, керісінше, бұл ерекшеліктер баланың бұдан 18 бұрынғы дамуында жинақталып, оны өз кезегімен дамудың келесі сатысына көшуге даярлап отырады. Сондықтан бастауыш мектеп мұғалімі бастауыш сынып оқушысының ерекшеліктерін зерттей отырып, сол ерекшеліктерді мектепте дейінгі шағында қалыптасқан ерекшеліктерден бөлек алып қарамайды және бұдан былайғы даму перспективаларын көрмей тұра алмайды.

Даму үздіксіз жүреді, ойлау, қорытынды шығару үрдістері қалыптастырады. Мектепте оқыту баланың жан-жақты дамуын қамтамсыз етеді және ол бала дамуының негізі болып табылады. Сондықтан оқыту мен дамудың арасында тығыз байланыс болады. Бұл ретте көрнекті психолог Л.С.Выготский дамудың өзекті және іргелі деп екіге бөлді. Өзекті дамуда оқушы мұғалімнің

түсіндіргенін ары қарай өзі жалғастырып меңгерсе, іргелі дамуда оқушы өз бетімен білімді меңгере алмайды. Бастауыш саты – оқушыда, оның интеллектісі дамуының іргетасы танымдық әрекетті қалыптасуының қуатты жүретін кезеңі. Танымдық түрлерін меңгеру оқушы ойын тәртіптеп, оның белгілі бір бағыты жүйелі «арнамен жүруін» қамтамасыз етеді; жеке тұлғаның негізгі психикалық үрдістері қалыптасып, ырықты, зейін, рефлексия, өзін-өзі бақылау, әрекет амалдың ішкі жоспары сияқты нысандар пайда болады.

Оқушы әр түрлі оқу тапсырмаларын өздігінен шешіп орындаудың ортақ тәсілдерін, өз әректін бақылап бағалаудың, нәтижесін эталонмен салыстыруды меңгереді. Бастауыш мектеп жасындағы баланың биологиялық, әлеуметтік мәдени, педагогикалық ерекшеліктері мен белгілері танымдық әрекеттің қалыптасуында басты назарда ұсталады [5].

Бала дүниеге келгеннен бастап, оның танымдық әрекетінің қалыптасуы үздіксіз жүріп отырады. Мектепке дейінгі шақтың соңында баланың психикасы мектепте оқи бастауға қажетті және жеткілікті даму дәрежесіне жетеді. Мәселен, жеті жастағы балаға:

1. Сөйлеудің даму дәрежесі, сөз қоры, белсенді және пассивті сөздігі қажет;
2. Қоршаған дүние жайлы ұғымдар қажет;
3. Қажетті іс-әрекет жайлы икемділігі мен дағдылырының (қарындашты ұстай білу, желімдеу, кесу, сурет салу) дамуы;
4. Іскерлікке өзін жеге білу үстінде көрінетін бала еркінің дамуы, күрделігіне қарамастан берілген тапсырмаларды ынталана орындауы, мұғалім қоятын талаптарға бағынуы тән.

Мектепке келген кезінен-ақ, балада ақыл-ой әрекеті сияқты аса маңызды қабілет қалыптасады. Бұл қабілет оқи білуге үйрену ынтасынан көрінеді. Оқытудың алғашқы қадамдарынан бастап мектеп осы қабілетті жан-жақты дамытып, әрі жаттықтырып отыруға тиіс. [6]

Бастауыш мектепте баланың бүкіл психикалық әрекетін: зейін, қабылдау, есте сақтау мен есте қалдыру, ойлау, бақылау әрекеттерін реттеп отыру арқылы анымдық әрекеті қалыптасады. Психологтардың, педагогтардың (Н.Лейтес, А. Люблинская, Я.Пономарев, Ж.Пиже, А.Зак. т.б.) зерттеулерінше оқушының мектептегі кезеңдерінің ішінде, әсіресе, бірінші сынып кезеңінде оқушылардың танымдық әрекеттерінің психологиялық негізі және елестету, армандау, шығармашылық ойлау және ойлау операциялары: талдау, жинақтау, жалпылау, салыстыру және т.б. қалыптасады. Сонымен қатар әрекетті бағалау, қорытынды шығару және өз пікірін айту сияқты керекті негізгі қабілеттер де көріне бастайды. Бастауыш сынып оқушыларының маңызды тағы бір ерекшелігі — оларды эмоционалдық көңіл-күйінің көтеріңкілігі.

Жарқын айтылған бір ауыз сөз, көрілген фильм, оқылған кітап не әңгіме балаларды баурап алады, олардың жан сарайында жаңғырық тудырады. Бұл жастағы балалар айтқанға оп-оңай көңіштігімен ерекшеленеді, олар ересек адамдардың, әсіресе, мұғалімнің тәрбиелесу ықпалына тез беріледі [7].

Бастауыш сынып оқушылары әдетте әр түрлі тапсырмаларды ұқыпты орындайды, іс үстінде зор табандылық көрсетеді. Тапсырмалар беру жүйесін құру, оның орындалу сапасын бақылау, қол жеткен табыстары үшін балаларды мадақтап отыру жолымен танымдық әрекетті қалыптастырудың маңызы зор.

Баланың өз мінез-құлқына, өз ақыл-ой әрекетіне ие болуы осы әрекет тәсілдерін меңгеру үрдісінде өтеді. Сондықтан мұғалімнің міндеті бастауыш сынып оқушысына оқу жұмысының неғұрлым жетілген әдістерімен мұғалімді тыңдай білу, бақылау, оқулықты оқи білу, мән-мағына есте сақтау, оқылған нәрсені есте қалдыру, жатқа білу, есептерді талдап, шешу, дәптердегі оқу материалына ынта қою, тағы осылар сияқты әдістерімен қаруландыру керек.

1 Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының тұжырымдамасы //Жис алаш. - 2010. - № 06 (15464) - 126.

2 Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. – Н.Ә. Назарбаев. – Алматы: РГЖИ Дауір, 2004. – 56 б.

3 Ермаков В.П., Якунин Г.А. Основы тифлопедагогика. Развитие, обучение и воспитание детей с нарушениями зрения. – М., 2000.

4 Литвак А.Г., В.М.Сорокин, Головина Т.П. Деятельность слепых и слабовидящих.

5 Лапин Н.И. Ценности в кризисном социуме // Ценности социальных групп и кризис-общества. – М.: ИФАН, 2000. – С.101-122.

6 Равкин З.И. Развитие образования в России: новые ценностные ориентиры (концепция исследования) // Педагогика. - 2000. - №5. – С.87-90.

7 Серебрякова Т.А. Теоретико методологические основы формирования ценностного отношения личности к миру. - Н.Новгород, 2006. - 115 с.

**Резюме**

Лутаева А.Н. – к.психол.н. доцент, ҚазНПУ имени Абая, г.Алматы akbota-n@mail.ru

Мирзахмедова У.А. – магистрант 1 курса, ҚазНПУ имени Абая, г.Алматы uljan-192@mail.ru

**Основные особенности ориентировки в пространстве учащихся 9-10 лет с нарушениями зрения**

В статье рассматриваются особенности базовых координационных способностей детей 9-10 лет с нарушениями зрения.

**Ключевые слова:** начальное образование, дети с нарушениями зрения, координационные способности, мотивация, пространственное ориентирование.

**Summary**

**A. Autaeva** - Kazakh National pedagogical university named after Abai, Almaty,

**U.Mirzakhmedova** - undergraduate Kazakh National pedagogical university named after Abai, Almaty

**State of base coordinating capabilities of schoolchildren with visual impairment 9 - 10**

In this article the state of base coordinating capabilities of schoolchildren with visual impairment 9 - 10.

**Keywords:** primary education, children with visual impairment, coordinating capabilities, motivation, spatial orientation.

## МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ ОБУЧЕНИЕ И ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ С ОВР

УДК: 376-056.26

### СӨЙЛЕУ ІС-ӘРЕКЕТІ ЖӘНЕ ЕСТІМЕЙТІНДЕРДІ ТІЛГЕ ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАҢҒЫ ЖОЛДАРЫ

Бутабаева Л.А. – арнайы білім беру кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.магистрі, [butabaeva-laura@mail.ru](mailto:butabaeva-laura@mail.ru)

Турекулова Н.А. – психология және дефектология кафедрасының оқытушысы, п.ғ.магистрі, [t.n.a\\_respect@mail.ru](mailto:t.n.a_respect@mail.ru)

Макалада естімейтін балаларды тілге оқытудың қазіргі заманғы жолдары, тіл мен ойлаудың байланысы, естімейтін балалардың сөйлеу тілін дамытудың жағдайлары қарастырылған.

Түйін сөздер: естімейтін балалар, тілге оқыту, сөйлеу тілі, тілдік қабілеттілік.

Балаларды тілге оқытуға қатысты мәселелерді шешуде көптеген ғалымдар психолінгвистикаға (сөйлеу іс-әрекетінің теориясын) жүгінеді. Психолінгвистикалық зерттеулерге сүйену, көптеген авторлардың адамға тілді меңгеруде белсенді позицияны ұстанатын іс-әрекет субъектісі ретінде қарауымен байланысты. Сурдопедагогика үшін, нақтырақ айтсақ, біздің зерттеуіміз үшін психолінгвистиканың материалдары үлкен қызығушылық тудырды. Дәл осы теория арқылы баланың сөйлеуінің дамуының жалпы заңдылықтарын түсініп, соның негізінде естімейтін оқушылардың сөзжасамды меңгеру жолдарын дұрыс анықтауға болады.

Психолінгвистикаға назар аудару, бұл ғылымның зерттеу объектісін құрайтын «сөйлеу», «тіл», «сөйлеу іс-әрекеті» құбылыстары орталық назарда тұрғандығын көрсетеді. Бұл ұғымдар біздің зерттеуіміз үшін де, маңызды болып табылады. аталған ұғымдардың мәнін ашу үшін, материалды теориялық түсіндіру барысында қолданып қана қою жеткіліксіз. Естімейтін оқушыларды сауат ашуға оқытуда, естуі зақымдалған балалардың сөйлеуін дамытуды жетілдіруге бағытталған педагогикалық міндеттерді шешуде жаңа әдістелерді құрастыруда, бұл құбылыстардың әрқайсысының ерекшеліктерін ескеру өте маңызды болып табылады.

Ең алдымен, тіл мен сөйлеудің ара қатынасы туралы сұрақты қарастырайық. Осы мәселе көптен бері отандық және шетелдік ғалымдардың талқылауында жүр. аталған мәселе бойынша ғылыми пікір сайыс материалдары сурдопедагогика үшін маңызды. Олардың түсіндірулері арқылы, естімейтін балаларға сауаттанудың қарапайым курсы оқыту кезеңінде тіл дамыту мен тілді меңгеру жұмыстары қалай байланысатынын; сауат ашу сабақтарында естімейтін оқушылардың сөйлеуінің дамуына әсер ететін, қандай бағыты неғұрлым жарамдырақ екенін анықтауға мүмкіндік береді.

Сұрақтың тарихына назар аударсақ, тіл мен сөйлеудің ара қатынасының мәселелерін шешуде зерттеушілер әртүрлі көзқарастарда болған. Бір жағдайларда, ғалымдар тіл және сөйлеу ұғымдарын толығымен ажыратып тастайды. Ал басқалары, аталған ұғымдар бір құбылыс болып табылады және сондықтан олар ұқсас деген пікірлер айтады. Тіл мен сөйлеу өзара тығыз байланысты, сондықтан оларды бірге қарастыру керек деген ұстанымдар да бар. Осы ұғымдардың мәнін ашуда Б.В.Беляев, В.Г.Звегинцев, Н.И.Жинкин, А.Н.Лсонтьев, А.А.Леонтьев, Л.А.Новиков, С.Л.Рубинштейн және т.б. өз көзқарастарын білдірген.

Тіл мен сөйлеуді ажырату көзқарасы швейцарлық лингвист Ф. де Соссюрдан басталады. Бұндай ажырату ХХ ғасырда болған. Ғалым бұл ұғымдарды ажырата отырып тіл таңбалық жүйе бола отырып, лингвистиканың объектісі болады деген. Ал сөйлеу лингвистикалық емес ғылымдардың объектісі деген. Сөйлеудің қызметі ақпарат жеткізу деген. Бірақ бұндай жеткізу тіл арқылы жүзеге асады, яғни сөйлеу тіл арқылы іске асады. Автордың пікірінше, сөйлеу тыңдау және сөйлеу процесі кезінде жүзеге асады. [Ф.Соссюр, 1977]. Ф. де Соссюрдың еңбектерінің арқасында тілтануда тілдік құбылыстарды екіжақты бөлу «тіл-сөйлеу» пайда болды.

Тілді толық жүйе ретінде алғаш қарастырған атақты лингвист В.Гумбольдт болды. Ғалымның ойынша, тіл - іс-әрекеттің онімі емес, керісінше, тіл-өзі іс-әрекет, оның барысында ой операциялары қалыптасып дамиды [В.Гумбольдт, 1984].

Поляк ғалымы И.А.Бодуэн де Куртенэде В.Гумбольдт сияқты тілдің жүйелілік қағидасын, оның танбалық табиғатын және іс-әрекеттік мәнін зерттеген. И.А.Бодуэн де Куртенэ тіл емес, тілді қолданушы адам сөйлеу іс-әрекетінде басты рөл атқарады деген. Ғалым сонымен қатар, тіл мен сөйлеу ұғымдарының бір емес екендігін, оларды ажырату керек екендігін айтып, тілді ұжымдық ойлау формасы ретінде түсіну керек екенін талап етеді [И.А.Бодуэн де Куртенэ, 1963].

С.Л.Рубинштейн тіл мен сөйлеудің әрекеттестігі туралы айтқан: «сөйлеу тіл арқылы жүзеге асады, тіл тек сөйлеуде ғана болады» [С.Л.Рубинштейн, 1959, 104б].

Тіл мен сөйлеуді зерттеуде маңызды үлес қосқан Н.И.Жинкин, ресейлік психолог, философ, лингвист, балалар сөйлеуі мен тілге оқыту әдістемесі саласында атақты зерттеуші. Н.И.Жинкин сөйлеуді адам іс-әрекетінің ерекше түріне жатқызатын көзқарастағы ғалымдардың тобынан болды. Өз еңбектерінде ғалым тіл мен сөйлеудің өзара байланысын нақты анықтап, тілсіз сөйлеу болмайды және сөйлеусіз тілде болмайды деп айтқан. Тіл-сөйлеуді жүзеге асыратын белгілі бір ережелер жүйесі. Сондай-ақ, «тіл сөйлеуде жасалып және әрқашанда сөйлеуде болады». Сонымен, сөйлеу дегеніміз... «көптеген адамдардың күшімен тілді қолдану процесі, қоғамға қызмет етеді және қоғамның жетістігі болып табылады» [Н.И.Жинкин, 1998, (В), 320 б].

Көп ғалымдардың тіл мен сөйлеудің ара қатынасы туралы көзқарастарының сәйкес келмегеніне қарамастан, соңғы жылдары психолингвистика тіл мен сөйлеу ұғымдарын ажырату керек, бірақ бір-біріне қарсы қоймау керек деген көзқарасқа бет алып барады. Біз де осы көзқарасқа қосыламыз, өйткені ғалымдардың тіл сөйлеудің өнімі болып табылады, тілді алып жүруші ретінде сөйлеуді меңгермей, тілдік тұлға бола алмайды деген тезистері сенімді және дәлелді болып келеді.

Көптеген зерттеушілердің еңбектерінде тіл мен сөйлеудің ойлаумен байланысы туралы сұрақтарға арналған, сондықтан көп ғалымдар адамның сөйлеу-ойлау іс-әрекеті туралы айта бастады. Сөйлеу-ойлау механизмі туралы ілімнің негізін И.М.Сеченов салған. И.М.Сеченов жасаған тұжырымдарды психолингвистикада сөйлеу іс-әрекетінің мәселелерін зерттеуде қолданған. Осының нәтижесінде, ғалымдар психологиялық және лингвистикалық мәселелерді шешуде жаңа деңгейге шықты, тіл мен сөйлеу ұғымдарын басқа аспектіде қарастыра бастады. Бұл материалды қарастыру естімейтін балаларды тілге оқытудың коммуникативті жүйесінің теориялық негіздерін бекіту үшін пайдалы болар.

Осы айтылғандарға байланысты Н.И.Жинкиннің еңбектеріне келер болсақ, ол тіл, сөйлеу және ойлауды салыстыру аспектісінде қарастырған.

Автордың «Сөйлеудің механизмдері» атты және басқа да еңбектерінде тілдің, сөздің және ойлаудың өзара тығыз байланыстары туралы жазған. «О кодовых переходах во внутренней речи» деген мақаласында Н.И.Жинкин: «Ой жеке адамның өзінен пайда болмайды, ол бірлескен адамдардың іс-әрекеттерінен пайда болады... Ойлау жүйелерін жасауға ары қарай қатысу үшін, бір адамның ақыл-ой еңбегінің нәтижесі басқа адамның басына «көшуі» тиіс. бұлай ойды «көшіруші» тіл болып табылады, ал оны жүзеге асырушы сөз болады. Сөзде тілге қарағанда өте көп ақпарат бар. Ол: а) тіл туралы, ә) айтылып жатқандағы шындық туралы, б) сөйлеп тұрған адам туралы ақпараттардан тұрады.

Егер де басқа да зерттеушілердің ойларын қарастырмасақ, онда бұл сұрақты талдауымыз толық болмайды. И.А.Бодуэн де Куртенэнің шәкірті ресейлік лингвист Л.В.Щербаның зерттеулерін қарастырайық. Л.В.Щерба сөйлеу іс-әрекеті кезінде адам ең бастысы болып табылады, сөйлеу іс-әрекеті индивидтің сөйлеу-ойлау іс-әрекетінің процесіне сүйенеді. Бұндай қортындыға басқа да көптеген ғалымдар: В.Н.Волошинов, Е.Д.Полливанов, Л.П.Якубинский және т.б. келді. Атақты ресейлік ғалым П.П.Блонский, сөйлеу мен ойлау мәселесін қарастыра отырып, оларды ажыратуды талап етті, бірақ, ойлау мен сөйлеудің шығу көздері бір, ол-еңбек; сондықтан да бірінші сөйлеу – ол әрекет деп көрсетті. [П.П.Блонский, 1935].

Тіл, сөйлеу және ойлау туралы сұрақтарды бір-бірінен бөлмей, керісінше салыстыра зерттей отырып, ғалымдар бір ауыздан адамның тілді меңгеруге деген белгілі бір қабілеті бар екенін айтты. Әдетте, ғылыми әдебиеттерде оны «тілдік қабілеттілік» немесе «тілдік компетенция» деп атап жүр. біз өз зерттеуіміздің аясында «тілдік қабілеттілік» ұғымын ашып көрсету маңыздылығы, оның лингвистиканың және психологияның «сөйлеу», «тіл» және «ойлау» деген категорияларымен ажырамас байланысына ғана қатысты емес. Осы мәселеге қатысты ғалымдардың көзқарасын зерттеу негізінде осы қабілеттің қалыпты балалар да, сондай-ақ, тіл мен сөйлеуді оқытудың бастапқы кезінде де, тіпті ересек кезінде де меңгермеген есту қабілеті зақымдалған балаларда дамуын түсінудің кілті табылуы мүмкін.

Көптеген зерттеушілер бірауыздан, баланың тілдік қабілетін дамыту оған тіл іс - әрекетті толығымен меңгеруді қамтамасыз ететінін көрсеткен. Сонымен, Ф. де Соссюрдің еңбектерінде сөйлеу сөйлеушінің жеке ерекшеліктерімен шартталған деген. Ғалымның ойынша, сөйлеу іс - әрекеті тіл мен тілдік қабілеттің бірлігінен тұрады. Автор: «баланың тілді меңгеруі – сөздермен танысуы, оларды есінде жинап қоюы және еліктеп қайталауы да емес, ол жылдар бойы жаттығумен тілдік қабілетінің өсуі» [В.Гумбольдт, 1984, 78 б].

Тілдік қабілеттілікті зерттеу А.А.Леонтьев(1965, 1970), Н.Хомский (1972), Д.Слобин және Дж. Грин (1976), А.М.Шахнарович (1978), Е.Ф.Тарасов (1983), К.Менг (1984) және т.б. ғалымдардың еңбектерінде толықтырылған. Осы мәселемен айналысқан ғалымдар тілдік қабілеттіліктің шығу табиғаты туралы талқыласады. Біреулері, туа пайда болған сипатта десе, енді біреулері, жүре пайда болған дейді. Сондай-ақ, үшінші көзқараста бар, онда тілдік қабілеттіліктің пайда болуы мен қалыптасуында не генетикалық фактордың рөлін, не баланың қоршаған ортамен байланысының маңызын негізгі деп қарастыруға болмайды деген.

А.А.Леонтьев тілдік қабілеттілік мәселесін бірнеше рет қарастырған. Автор тілдік қабілеттілікті тілдің үш бөлімді (тілдік қабілеттілік – тілдік іс-әрекет – тілдік жүйе) үлгісіне қосып, бұл үлгінің алғашқы бөлігін тілді меңгеруді қамтамасыз ететін ерекше психофизиологиялық механизм деп сипаттаған. [А.А.Леонтьев, 1970].

Осы кезеңде А.А.Леонтьев ұсынған үлгі психолингвистикада атакты болды. Тілдік қабілеттілікті үш бөлімді жүйеге қосып жіберу, көптеген ғалымдардың «тіл-сөз» деген көзқарастарынан айнытып қана қоймай, сөйлеу іс-әрекеті мәселелерінің түрлі аспектілерін, нақтырақ айтсақ, адамдардың тілді меңгеруде тілдік қабілеттіліктің рөлін жаңа бағытта қарастыра бастады. Бұл материалдарды әдіскерлер қалыпты балалардың ғана емес, сондай-ақ ерекше оқытуды талап ететін балаларды тілге оқыту жолдарын жасауда қолданады. Дегенмен, А.А.Леонтьевтің көзқарастарын барлық ғалымдар қоштай бермейді.

Трансформациялық грамматиканы жасаған атакты лингвист Н.Хомский, тілдік қабілеттілік, ерссектердің сөзін баланың талдау процесінде туады деген. Ғалымның ойынша, бұндай талдау баланың абстрактілі грамматикалық құрылымдарды және олардың пайда болу ережелерін меңгеруіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Н.Хомский, тілдік қабілеттілік идеясын ескере отырып, баланың тілді меңгеруінде оның шешуші мәніне зейін аударады. Н.Хомскийдің зерттеулеріндегі маңыздысы, ол тілдік қабілеттіліктен басқа тағы да «тілдік белсенділік» деген ұғымды бөліп көрсеткен. Ғалым, іс-әрекетінде тілдік қабілеттіліктің жүзеге асу процесінде тілдік белсенділік үлкен орын алады деп есептеген [Н.Хомский, 1972].

Тілдік қабілеттіліктің мұндай сипатына А.М.Шахнарович қарсы шыққан. Ол: «... бірлескен әрекетке мұқтаждық және осындай әрекетті қамтамасыз ететін баланың қоршаған ортамен қарым – қатынасы тілдік қабілеттіліктің қалыптасу көзі болып табылады» [А.М.Шахнарович, Н.М.Юрьева, 1990, 26]. Е.Ф.Тарасованың еңбектерінде де осындай көзқарастар орын алған. «Лингвистикалық семантиканың философиялық мәселелері» деген еңбектерінде Е.Ф.Тарасова тілдік қабілеттілік «... жаттығу процесінде, іс-әрекет процесінде, бала мен ересек адамның сөйлеу арқылы қарым қатынасы процесінде» қалыптасады [Е.Ф.Тарасова, 1983, 446].

Бірақатар авторлардың зерттеулері баланың тілдік қабілеттілігінің қалыптасу уақытына арналған. К.Менг 6 жасар баланың бірлескен іс-әрекетіндегі әрекеттер санын қарастыру мен талдау арқылы «мектепке дейінгі жаста, толығымен болмаса да, тілдік қабілеттілік қалыптасады» деген қорытындыға келді [К.Менг, 1984, 2566].

Есту қабілеті зақымдалған балаларда біріншілік кемістік түріндегі сөйлеу патологиясы болмайды. Мектептегі қарапайым сауаттану курсы оқу кезеңінде оларды қарым –қатынастың белгілі бір тәжірибесі жиналады, сондықтан осы балаларды тілге оқыту кезінде генетикалық емес, әлеуметтік факторға назар аудару қажет.

Естімейтін балалардың тілдік қабілеттіліктерін дамытудың маңыздылығы сурдопедагогикалық зерттеулерде бекітілген және бұл мәселе өте қызу талқыланады. Естімейтін оқушыларды оқытудың ір кезеңінде сөйлеумен жұмыс істеу тілдік қабілеттілікті қалыптастырудың негізгі бағыты деп саналады (Л.М.Быкова, Е.А.Горбунова, Т.С.Зыкова, Л.П.Носкова, 1991, 2002; Т.В.Розанова, 1981 және т.б.).

Естімейтін балаларды сөйлеу тілін тек арнайы оқыту жағдайында ғана меңгереді. Естімейтін балалар сөйлеу тіліне көру арқылы қабылдауына сүйене отырып үйренеді. Олар сөйлеу тілінің интонация – ритмикалық жағын есту арқылы қабылдап, дыбыстық еліктеу пайда болады. Осыған байланысты Ж.И.Шиф естімейтін баланың сөйлеу тілін қабылдаудың келесідей психологиялық

жағдайларын көрсетті. Есту қабілеті зақымдалған балалардың сөйлеу арқылы қарым – қатынас жасауы әр түрлі іс әрекет кезінде қалыптасады. Сөйлеу тілінің қалыптасуы дегеніміздің өзі түрлі сөйлеу әрекеттерінің қалыптасуы (ауызша, жазбаша, дактильді) және де сөйлеу тілінің екі жағы да – импрессивті (көру, есту-көру және есту арқылы қабылдауы) және экспрессивті (сөйлеу, дактильдеу, жазу) сөйлеу тілі дамиды. Сөйлеу әрекетінің барлық түрі бірге дамиды [8].

Еститін балалармен салыстырғанда естімейтін балалардың алғашқы сөздерді қалыптасуға негіз болатын сенсорлық базасы басқаша болады. Еститін балалардың алғашқы сөздері есту арқылы қалыптасса, естімейтін балалар көру арқылы, қозғалыстарды сезіну арқылы (артикуляция, дактильдеу, жазу) қалыптасады. Табличкаларда жазылған сөздерді көру арқылы қабылдау (глобальды оқу) жаппай қабылдау мен табличкаларды танудан басталады. Басында – түсі, пішініне қарай, кейін – бірінші әріптеріне қарап ажыратады. Бірақ кохлеарлы имплантация жасалған кішкентай балалардың сөздік қорын кеңейту үшін глобальды оқу техникасын қолданбаймыз. Ойткені кохлеарлы имплантация жасалған балалар барлық сөздік материалды есту арқылы қабылдайды.

- 1 Соссюр Ф. де. Труды по языкознанию. - М.: Прогресс, 1977. - 695 с.
- 2 Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. - М.: Прогресс, 1984. - 398 с.
- 3 Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию: В 2т. - М., 1963 -Т. 1-2. - 384 с.
- 4 Рубинштейн С.Л. Принципы и пути развития психологии. - М.: 1959. - 354 с.
- 5 Жинкин И.Н. Психологические основы развития речи //Язык – речь – Творчество. - М.: Лабиринт, 1998, (В). - С 320-340.
- 6 Блонский П.П. Память и мышление. - М. – Л.: Соцэкгиз, 1935. - 214 с.
- 7 Леонтьев А.А. Некоторые проблемы обучения русскому языку как иностранному (Психолингвистические очерки). - М.: Моск. ун-т, 1970. - 88 с.
- 8 Бутабаева Л.А. КИ мектепке дейінгі балалардың сөйлеу іс-әрекетінің ерекшеліктері. Хабаршы. «Арнайы педагогика» сериясы. №4(39). - Алматы, 2014. - №4-44-50 б.

#### Резюме

Бутабаева Л.А. – магистр п.н., старший преподаватель кафедры специального образования,

[butabaeva-laura@mail.ru](mailto:butabaeva-laura@mail.ru)

Турекулова Н.А. - магистр п.н., преподаватель кафедры психологии и дефектологии, ЮКГУ имени М.Ауезова,

[t.n.a\\_respect@mail.ru](mailto:t.n.a_respect@mail.ru)

#### Современные пути обучения языку детей с нарушениями слуха

В статье рассматриваются современные пути обучения языку неслышащих детей, связь языка и мышления, условия развития речи неслышащих детей.

**Ключевые слова:** дети с нарушением слуха, обучения языку, речи, языка, языковая способность.

#### Summary

L.A. Butabayeva. – senior lecturer Abay Kazakh National Pedagogical University, [butabaeva-laura@mail.ru](mailto:butabaeva-laura@mail.ru)

N.A. Turekulova – lecturer in department of psychology and defectology, M.Auezov South Kazakhstan State University, [t.n.a\\_respect@mail.ru](mailto:t.n.a_respect@mail.ru)

#### Modern ways of learning the language of deaf children

The article deals with modern ways of learning the language of deaf children, the relationship between language and thinking, the conditions of development of speech of deaf children.

**Key words:** children with hearing, learning, speech, language, language ability.

УДК: 376.056

## ДИЗАРТРИЯНЫҢ КӨМЕСКІ ТҮРІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**М.М.Рахимова** – Абай атындағы ҚазҰПУ, арнайы білім беру кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі

**Н.Ж.Байдилда** – Абай атындағы ҚазҰПУ, 5В010500-Дефектология мамандығының 3 курс студенті

«Дизартрияның көмескі түрі» деген терминді ең алғаш рет О.А. Токарева қолданған. Оның пікірі бойынша, аталған кемістігі бар балалар көп дыбыстарды дұрыс айта алады, бірақ еркін сөйлеуде олар машықтандырылмаған және ажыратылмаған болады. Зерттеулер алғашқыда дизартрияның көмескі түрін дыбыс айту кемістігіне жатқызғаннан кейін көптеген авторлар оны сөз және сөзсіз функция симптоматикасы ретінде қарастыратын болды.

Қазіргі таңда сөйлеу тілінің бұзылыстары бар мектеп жасына дейінгі балалар лексикасының ерекшеліктерін зерттеуге үлкен мән берілуде. Бірқатар авторлардың зерттеулерінен дизартрияның көмескі түрі бар балалардың фонетикалық жағының жетекші бұзылысымен қатар лексикасының дамымауы бақыланатындығы айтылады. Онтогенезде сөздіктің қалыптасу үрдісі әртүрлі факторларға байланысты екендігі белгілі, олардың ішінде психофизиологиялық сөйлеу механизмдерінің сақталуы, сенсомоторлы сфераның дамуы, әлеуметтік жағдайлар маңызды мәнге ие.

**Түйін сөздер:** дизартрия, дизартрияның көмескі түрі, лексика, сөздік қор, семантикалық қатар, экспрессивті сөйлеу.

Балалардың сөздік қорының дамуы – олардың сөздерінің сапалы баюының, сөздердің әлеуметтік бекітілген мағыналарын меңгеру және қарым-қатынастың нақты жағдайларында қолдану дағдысын қалыптастырудың ұзақ үрдісі. Сөз қарым-қатынас мазмұнын қамтамасыз етеді. Еркін ауызша және жазбаша сөйлеу тілі ең алдымен жеткілікті сөздік қорды меңгеруге сүйенеді [2]. Балалардың сөздік қорының кедейлігі толық қарым-қатынасқа түсуге кедергі келтіреді, демек баланың жалпы дамуына да кері әсер етеді. Ал оған қарама-қарсы сөздік қордың көптігі сөйлеу тілінің жақсы дамығандығының белгісі, ақыл-ой дамуының жоғарғы деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Балалардың сөздік қорының уақытында дамуы – мектепте оқуға даяр болуының маңызды факторының бірі.

Сөйлеу тілінің дамуындағы кең тараған бұзылыстардың бірі дизартрияның көмескі түрі болып табылады: Е.Ф.Архипованың мәліметі бойынша, жалпы сөйлеу тілі дамымаған (ЖСТД) балаларға арналған топтарда 50 %-ға дейінгі балаларда, фонетико-фонематикалық жетіспеушілігі (ФФЖ) бар балаларға арналған топтарда - 35 %-ға дейінгі балаларда дизартрияның көмескі түрі кездеседі [1].

Көптеген авторлардың зерттеулерінен (Е.Ф.Архипова, Р.И.Лаласева, И.В.Серебрякова, И.В.Лопатина) дизартрияның көмескі түрі бар мектеп жасына дейінгі балалардың лексикасының ерекшеліктерін байқауға болады [1]. Олардың зерттеулерінде мұндай балалардың:

- сөздік қорының шектеулігі;
- белсенді және енжар сөздік қор көлемінің айырмашылығы;
- жалпы аталатын сөздерді дұрыс қолданбау;
- вербальді сөз құрамының бұрмалануы;
- семантикалық қатарының қалыптаспауы;
- сөздік қорды өзектендірудегі қиындықтар;
- сөз мағынасындағы дифференциалды белгілерін көрсетудің жеткіліксіздігі байқалған.

Яғни, көптеген тілдік процестерді, тілдік қызметтік жүйенің көптеген компоненттерін қалыптастырудағы бұзылыстар анықталған.

Тілдік бұзылыстары бар балалардың сөздік қорының ерекшеліктерінің зерттелуіндегі, сонымен қатар лексиканың даму үрдісі және оны зерттеудің түрлі аспектілері жөніндегі түсініктер: сөз мағынасының құрылымы және оның онтогенезде дамуы жөнінде, семантикалық қатары және оның онтогенезде қалыптасу ерекшеліктері жөнінде психолингвистикалық ықпал маңызды және келешекті болып табылады (Л.С.Выготский, А.А.Леонтьев, А.Р.Лурия, С.Л.Рубинштейн және т.б.).

Сөз мағынасын меңгеру үрдісінде мектеп жасына дейінгі бала ең алдымен сөздің мағыналық құрылымының денотативті белгілерін меңгереді.

Дизартрияның көмескі түрі бар мектеп жасына дейінгі балаларда сөздің мағыналық құрылымының дамуындағы, мағынаның денотативті және семантикалық компонентінің арақатынасындағы бұзылыс,



әсіресе жалпылауыш сөздерді атаудағы қиындық байқалады (денотативті компоненттің басымдылық пайдасына). Зерттеушілердің жұмыстарын зерттей келе балалардың сөйлеу тіл ерекшеліктеріне синтагмама көруге болады:

Н.В.Серебрякова мектепке дейінгі 5-8 жастағы балалардың вербальды байланысының сипаттарын талдау негізінде семантикалық қатарды ұйымдастырудың келесі кезеңдерін белгілеген:

• *Бірінші кезең* – семантикалық қатардың қалыптаспауы. Бала қоршаған жағдайды сезім арқылы қабылдауға сүйенеді. Сөз мағынасы сөз тіркесінің мағынасында қамтылады. Синтагматикалық байланыс басты орынға ие. («мысық – мияулайды»).

• *Екінші кезең* – сөздердің бір-бірінен семантика бойынша ажыратылатын, бірақ ситуативті, бейнелі байланысқа ие мағыналық арақатынасы менгеріледі («үй-шатыр», «биік-мұнара»). Семантикалық қатар әлі құрылымды жасалмаған.

• *Үшінші кезең* – түсініктер, үрдістер, классификациялар қалыптасады. Парадигматикалық байланыстың басымдығында көрінетін, бір ғана дифференциалды семантикалық белгімен ерекшеленетін, семантикалық жақын сөздер арасындағы байланыс жасалады («көкөніс-қызанақ», «биік-төмен»).

6-7 жастағы балаларда мағыналық қатар белсенді қалыптасады, алайда Н.В.Серебрякованың жұмыстарынан мағыналық қатар ішінде жіктелу әлі қалыптаспағандығы көрінеді [4]. Сөйлеу тілі қалыпты дамыған балаларда осындай жіктелудің потенциалды мүмкіндіктері білінеді, ал сойлеу тілінің бұзылыстары бар балаларда семантикалық қатар элементтерінің қандай да бір жіктелу белгілері болмайды. Қалыпты дамып жатқан мектепке дейінгі балаларға қарағанда сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалардың көптеген тапсырмаларды орындау деңгейінің неғұрлым төмендігі зерттеулер нәтижесінде анықталған: заттарды атауы; сөздің мағынасын түсіндіруі; әсіресе жалпылауыш мәндегі сөздерді; сөздің грамматикалық мағынасын менгеруі; семантика бойынша ұқсас сөздерді жіктеуі, заттар, дене бөліктерін, семантикалық жуық сөздерді ауыстыру, сөзжасамдық неологизмдерді ауыстыру, артикуляция бойынша сәйкес және түбірлес сөздерді ауыстыру т.с.с.

Лопатина бұзылыс құрылымына қарай ерекшеленетін балалардың үш тобын атап көрсеткен [4]. Бұл топтар балалардың тілдік құралдарының қалыптасу дәрежесіне қарай ажыратылады:

- ФБ – фонетикалық бұзылыстар;
- ФФЖ – фонетико-фонематикалық жетіспеушілік;
- ЖСТД – жалпы сөйлеу тілінің дамымауы.

Дизартрияның көмескі түрі бар балалардың *бірінші тобы* (ФБ) белсенді сөздік қорының көлемі мен сапасы жас ерекшелігіне сай келуімен сипатталады. Балалар суреттерді дұрыс атап және жинақтап топтастырады.

Дизартрияның көмескі түрі бар балалардың *екінші тобы* (ФФЖ) бірінші топтың (ФБ) балаларына қарағанда белсенді сөздік қорының аздығымен сипатталады. Балалардың көпшілігі «жиһаз», «аяқ киім», «үй жануарлары және жабайы аңдар, құстар», «көліктер» секілді жалпылама түсініктерді қолдануда қиналады. Балалардың жартысынан көбі антоним сөздерді, заттарға теңеулерді таңдауда қиындықтарды бастан кешіреді.

Дизартрияның көмескі түрі бар балалардың *үшінші тобы* (ЖСТД) белсенді сөздік қорының көлемі және сапасы жас ерекшелігіне сәйкес келмеуімен сипатталады. Балалардың бір бөлігі сөйлеу тәжірибесінде аз кездесетін сөздерді байланысы бойынша іргелес сөздермен ауыстырады, жалпылауыш сөздерді қолдана алмайды. Балалар берілген суреттерді топ бойынша біріктіруде қиналады: антоним сөздерге және заттарға теңеулерді таңдауға берілген тапсырмаларды орындай алмайды. Олар тіптен ересектер тарапынан көмек ала отыра тапсырмаларды орындауда қателер жібереді.

Сонымен дизартрияның көмескі түрі бар балалардың сөздік қорының ерекшеліктерін анықтау барысында талданған әдебиеттерге сай балалар үш топқа бөлініп қарастырылды және олардың әрқайсысының бір-бірінен ажыратылатын өзіндік ерекшеліктері бар.

Балалардың сөздік қорын, сөздерді қолдануы мен түсінуінің ерекшеліктерін анықтау мектепке дейінгі мекемелердің логопедиялық тобында сөздік жұмыстардың мазмұнын ғылыми негіздеп іріктеу үшін және оның әдістемелерін жасау үшін қажет болып табылады.

1 Архипова Е.Ф. *Стертая дизартрия у детей*. – М., 2006. – 65-70 б.

2 Бекбаева З.Н. Зикирова Н.М. *Ауызша сөйлеу тілінің теориялық негіздері. Абай атындағы ҚазҰПУ, Хабаршы, «Арнайы педагогика» сериясы № 3(42), 2015. – 65 б.*

3 Токарева О. В. *Дизартрия. Расстройства речи у детей и подростков*. – М., 1969. – 13-15 б.

4 Лопатина Л.В., Серебрякова Н.В. *Преодоление речевых нарушений у дошкольников*. – М., 2001. – 28-30 б.

Резюме

М. Рахимова – ст. преподаватель, КазНПУ имени Абая, Алматы

Н. Байдилда – студент 3 курса КазНПУ имени Абая

Особенности словаря детей со стертой дизартрией

В статье анализируются точки зрения различных авторов на особенности словарного запаса детей со стертой дизартрией.

Ключевые слова: стертая дизартрия, словарный запас, лексика, семантика

Summary

M. Rahimova, N. Baidilda – Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty

Features of vocabulary in children with erased dysarthria

The article analyzes the peculiarities of vocabulary of children with dysarthria erased from the point of view of different authors.

Keywords: the erased dizartriya, a lexicon, semantics

УДК: 376.42

СӨЙЛЕУ ТІЛІН ЖӘНЕ САУАТТЫЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ДАМУ  
(АҚЫЛ-ОЙ ДАМУЫ ОРТАША БҰЗЫЛҒАН 1-9 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН)  
БАҒДАРЛАМАҒА СИПАТТАМА

К.Ж.Бектаева- п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ Арнайы білім беру кафедрасының профессоры,  
[kafedraspkazny@mail.ru](mailto:kafedraspkazny@mail.ru)

Д.Р.Муналбаева – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университеті. Қазақстан Республикасы,  
Алматы қ/сы [dariga\\_munalbaeva@mail.ru](mailto:dariga_munalbaeva@mail.ru)

Адамның адам болып қалыптасуының құралы еңбек. Еңбектің нәтижесі әрбір адамға, оның еңбекке саналы көзқарасына байланысты. Олай болса бүгінгі таңдағы қоғам қажеттілігі-жас ұрпақтың бойында еңбекке ынталандыруды тәрбиелеу, болашақ еңбек жолын дұрыс таңдауға баулу. Баланың жеке басының еңбекке бейім болып өсуі, еңбек тәрбиесіне баулуға тікелей байланысты.

Тәрбие тек баланың ақыл-дәміне және белгілі бір мағлұматтар беріп қана қоймай, қайта саналы еңбекке деген ынтасын арттыра түсуі керек. мұнысыз оның өмірі ардақты да, бақытты да бола алмайды. Кейбір жағдайдың, әсіресе адамның балалық және жастық шақтарында алған әсерінің салдарынан еңбекке деген ынтасы өсіп те, өшіп те қалуы мүмкін, сондықтан баланы ұқыптылықпен баулу, еңбекке деген дұрыс ынта-ықыласын қалыптастырған дұрыс.

Кәсіби еңбекке оқытудың мақсаты деп – өмірде және еңбекте қажетті білім мен дағдыларды зияты зақымдалған оқушылардың бойына қалыптастыру. Зияты зақымдалған оқушылар үшін кәсіби еңбекте тапсырманы қабылдап және оны орындауда теориялық білімсіз мүмкін болмайды, себебі, тәжірибелік жұмыс теориясыз жүзеге аспайды. Арнайы (түзету) мектепте теориялық деңгей өте қарапайым түрде қалыптастырылады. Арнайы (түзету) мектепте зияты зақымдалған оқушыларды тек кәсіби білімге емес, кәсіби еңбекке тәрбиелеудің де маңызы зор. Еңбек пен еңбекке тәрбиелеуді жүйелі түрде бағалау қиынырақ болып табылады.

Зияты зақымдалған оқушыларды дамытуда еңбек жетекші орын алады. Зағтық-тәжірибелік әрекет орындау барысында оқушылардың сенсорлық өрісі жетіліп, сөйлеу тілі мен моторикасы түзетіледі. Еңбек үрдістері зияты зақымдалған оқушылардың қоршаған орта туралы нақты емес, таяз және қате түсініктерін түзетеді де ойлау операцияларына деген қабілетін дамытады. Сөйтіп, зияты зақымдалған оқушыларды еңбекке оқыту мен кәсіпке даярлау бірқатар міндеттерді шешуге бағытталған. Ең алдымен оқушылар мектепті бітіргеннен кейін, өндіріс еңбек іс-әрекетіне араласуға тәжірибелік дайындық алады. Зияты зақымдалған оқушылардың дамуындағы ауытқуларды түзету және орын толтыру құралы ретінде еңбекке тәрбиелеудің мәні зор. Сонымен қатар, еңбек сабақтары оқушылардың жалпы білім беретін пәндерді меңгеруде қызығушылығы мен белсенділігін жоғарлатып, тұлғаның жан-жақты даму шарты болып табылады. Кәсіби еңбекке оқыту зияты зақымдалған оқушылардың әлеуметтік оңалтуын, олардың азаматтық қалыптасуын анықтайды.

Зияты зақымдалған оқушыларды арнайы (түзету) мектепте кәсіби еңбекке оқыту, олардың ақыл-ойы мен дүние мүмкіндіктеріне сай болу керек. Кәсіби еңбекке оқытудың соңғы мақсаты - түлектерді өнеркәсіптік және шаруашылық өндіріс жағдайында күрделі емес еңбек түрлерін өздігінен және квалификациялық деңгейін орындауға даярлау болып табылады. Бұл мақсатты іске асыру үшін бірнеше арнайы міндеттерді шешу қажет. Соның ішінде зияты зақымдалған оқушылардың еңбек іс-әрекетінің кемшіліктерін түзету және соның негізінде олардың жалпы даму деңгейін көтеру. Осы міндет еңбекке оқытуды ұйымдастырудың және мазмұнының ерекшелігін анықтайды: оқытудың

арнайы коррекциялық бағытталған әдістер мен тәсілдерді іріктеу; арнайы мектеп ерекшелігіне сәйкес оқу шеберханаларында жағдай жасау; оқушылар үшін еңбек әрекеттері мен операцияларын орындау барысында оларға әрекеттенуге, сонымен бірге ұйымдастыру талаптарын сақтауға көмектесетін жалпы ережелерді белгілеп қою.

Зияты зақымдалған оқушылар арнайы (түзету) мектепте еңбек бойынша оқу бағдарламалары ең қажетті білім қалыптастыруды қарастырады, оқушыларда сәйкес дағдылар болса да, онсыз кәсіптік дайындық аяқталды деп есептеуге болмайды. Оқу-өндірістік шеберханаларында теориялық оқыту мен практикалық жұмыс еңбекке дайындаудың екі бір-бірімен байланысты бөліктері болып табылады.

Арнайы (түзету) мектеп өзінің тәрбиелеушілерін мынандай мамандықтар бойынша біліммен, біліктілікпен және дағдылармен қаруландыруды көздейді: темір ұстасы, ағаш ұстасы, тігінші, қатырма қағазды түптеу, аяқ киім жөндеуші, сонымен бірге күрделі емес ауыл шаруашылық бағытындағы мамандықтар (бақ шаруашылығының жұмысшысы, мал шаруашылық), құрылысшы мамандықтар (сылаушы, бояушы, тұсқағаз жапсырушы).

Зияты зақымдалған оқушылар үшін арнайы (түзету) мектепте еңбекке оқытудың арнайы коррекциялық-дамытушылық міндеті – балалармен жасөспірімдердің таным іс-әрекетінің жетіспеушілігін түзету үшін және жағымды тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеуде еңбекке дайындау үрдісін белсенді пайдалану, оларды мектепті бітіргеннен кейін адамдармен еңбектік қарым-қатынасқа түсуді қамтамасыз ету болып табылады.

Зияты зақымдалған оқушыларды кәсіби еңбекке оқытудың мазмұны келесі талаптарға сәйкес болу керек:

а) кәсіби еңбекке даярлаудың әлеуметтік мәнін қамтамасыз ету, зияты зақымдалған оқушыларда жағымды тұлғалық қасиеттерді тәрбиелеу;

б) теориялық пен практикалық білімді, оған енгізілген біліктілік пен дағдыны және практикалық әрекетті қамтамасыз ететін ойлау операцияларының жетілуін ескере отырып, іріктеуді қарастыратын еңбекті оқытудың коррекциялық бағыттылығы;

в) кең бағыттағы және тікелей мамандыру бойынша дайындықтың негізін қалайтын бағдарлама талаптарының дифференциалды болуы, бұл зияты зақымдалған оқушылардың психофизиологиялық дамуының шынайы деңгейіне сәйкесінше өздеріне лайықты жұмыс операцияларын меңгеруін білдіреді.

Зияты зақымдалған оқушылар қолданатын мектеп құралдарын, кітаптарды, киім және аяқ-киім, төсек орындарын мемлекет оларға тегін беретінін және олар, бұл құралдарды ұқыпты пайдалану керектігін түсіну керек.

С.Я.Рубинштейннің айтуынша, еңбекке тәрбиелеу жеке тұлғаның қалыптасуының маңызды факторы болып табылады. Бұл жағдай барлық балалар мен жасөспірімдерге қатысты [7; 56].

Автордың айтуынша, еңбек зияты зақымдалған оқушылардың ерік және эмоциональдық сферасының қалыптасуына әсер етеді. Зияты зақымдалған оқушының жұмысындағы жетістіктері күші мен мүмкіндіктерін, өзін-өзі бағалауын, жетістігінің нәтижесін көремін деген сенімділігін арттырады. Осыған байланысты еңбек түрлерін таңдаудағы проблемалар, оның көлемі, өндірістік жүктемесі – арнайы (түзету) мектеп үшін маңызы зор [7; 48].

С.Я.Рубинштейн айтқандай, еңбек процесінде зияты зақымдалған оқушылардың өзін-өзі бақылау қасиеттері байқалады. Бала қажетті затты дұрыс орындаған кезде, үлкен қанағаттану сезіміне ие болады. Мүлдем өзіне сенімсіз баланың да, өзін-өзі бағалау сезімі пайда болады [7; 67].

В.А.Шинкаренконың айтуы бойынша, зияты зақымдалған оқушыларды кәсіби еңбекке тәрбиелеуде еңбексүйгіштікке тәрбиелеу маңызды болып табылады. Оның дамуында кәсіби еңбекке қызығушылығын арттыруда құнды қасиеттерін қалыптастыру керек [3; 31].

Зияты зақымдалған оқушылар үшін кәсіби еңбек процесі түзету және дамытуда, оның ішінде сенсорлық, ойлау және орындау функцияларын қалыптастыруда жақсы нәтиже береді. Зияты зақымдалған оқушылар үшін пайдаланатын затты қабылдауы мен елесуге қабілеті түзете – тәрбиелеудің еңбек функциясы арқылы күшейе түседі. Түзете-тәрбиелеудің еңбек функциясы зияты зақымдалған оқушылар үшін өзінің тұрғылықты жеріндегі қиыншылықтарын айқындап және оған төзе білуге бейімдейді.

Еңбек процесінің нәтижесінде зияты зақымдалған оқушының қоршаған ортаны қабылдауын сезім мүшелері арқылы күшейте түседі. Бұл жағдай еңбек жүйесінде зияты зақымдалған оқушының сенсомоторлық қызметін күшейтіп қана қоймай, белгілі бір объектіні еңбек шарттарына бейімдел

отырып, ол заттан басқа да жаңа объектілерді құрастыра алады. Мысалы, белгілі бір құралдың пішінін ғана анықтап қоймай, өзінің қажеттілігіне қарай оны өзгерте алады. Белгілі бір құралды қабылдау қызметі зияты зақымдалған оқушының сезу қабілетін күшейтіп қана қоймай, оны басқа да құралдармен біріктіріп пайдалануды үйретеді. Зияты зақымдалған оқушының қабылдау сезімін пайдаланған материалмен еңбек құралдары ғана күшейтіп қоймай, сол заттарды қолдана отырып, жасаған еңбек нәтижесі де үлкен үлес қосады. Ой-өрісін кеңейту процесінде зияты зақымдалған оқушы қосымша қозғалыс анализаторын немесе бұшық ет сезімін пайдалана отырып, даму деңгейін жоғарлатады және пайдаланған материалдың түр пішінін айқындай алады.

Осы жағдайдың нәтижесінде, зияты зақымдалған оқушының шамамен зерттеу және өңдеу функциясын қабылдауды қалыптастырады. Зияты зақымдалған оқушы белгілі бір объектіні көзінің қимылымен, бұшық еттерімен сезу арқылы, оны іздеу, орналастыру, қадағалау және түзету жолымен, өз іс-қимылдарын басқара алады.

Зияты зақымдалған оқушы қажетті материалды таңдағанда бір объектіні екінші объектімен салыстыра отырып, оның фактурасына, пішініне, өлшемдеріне қарай отырып, олардың қандай материалдардан жасалғанын (металл, ағаш, қағаз, пластмасса, мата және т.б.) және оның сапасын салыстыра отырып, өзінің бұйымын басқа үлгімен немесе нұсқауымен салыстыра отырып жасайды.

Тәжірибелік салыстыруда зияты зақымдалған оқушы белгілі еңбек құралдарының арасынан өзіне қажетті құралды, жоғарыда айтылғандай, оның құрамына пішініне мән бере отырып, оларды 2-ге: еңбегіне жарамды және жарамсыз деп бөледі. Мысалы: жәшікте шегелер сақтаулы, оларда бірдей белгілер байқалады: барлығы темірден жасалған, бірдей пішінде. Бірақ, бұл белгілерге қарамай, олардан өзіне қажетті шегелерді өлшеміне қарай таңдап алады. Осының нәтижесінде, зияты зақымдалған оқушы құралды қай жерде қалай пайдалану керектігін және оларды керегінше ажырата алуы үйренеді.

Зияты зақымдалған оқушылар кәсіби еңбек сабағында берілген тапсырманы орындау барысында, ойлана отырып, әр затты ретімен жасауға тырысады.

Жүйелі тапсырмаларды орындауда, зияты зақымдалған оқушы сол тапсырманы орындап қана қоймай, оны талдап және ойланып орындауына үлкен мән береді.

Зияты зақымдалған оқушыларды бір-бірімен қарым-қатынас жасату арқылы белгілі бір еңбек түрінде жаңа сөздерді және терминдерді пайдалана отырып, яғни, құралдардың түрлерін, бөлшектердің, құрал-саймандардың, еңбек әдістерінің атауларын пайдалана отырып, оларға жаңа лексикалық компоненттерді қолданғанда, олар ең бастысы тәжірибелі түрде ауызша, сөйлем құрап, сөйлеуді дамытады.

Арнайы (түзету) мектепте, еңбек – жүйелі түрде пайдаланылып, ол зияты зақымдалған оқушылардың белгілі бір жұмысты үлкен оймен және іс-әрекетпен тәжірибелік әдістерде орындауды қажет етеді. Сонымен қатар, зияты зақымдалған оқушының басты мақсаты – оның еңбектегі іс-әрекеті.

К.Маркстың айтуынша, адам табиғатта жаратылған бір форманы өзгерткенде, өзінің мақсаты арқылы оған іс-әрекетімен және қалауында жүзеге асырады. «Еңбекті орындау процесінде белгілі бір ағзаларға күш түсіріп қана қоймай, оны өзінің қалауымен орындау қажет» [2; 195].

Зияты зақымдалған оқушының басқаларға қарағанда белгілі бір еңбекке қойылған мақсаты өте әлсіз болады. Зияты зақымдалған оқушы белгілі бір еңбек түрін орындағанда, сол еңбектің нәтижесін үлгісі және нұсқауларымен салыстырмай, әрі оған мақсат қоймай, сол еңбек процесінде кездесетін қиындықтарға төтеп бере алмайды. Зияты зақымдалған оқушыға орындалатын тапсырманың оңай емес болмайтындығын, осы еңбектің нәтижесін жүзеге асыруда көмектің қаншалықты маңызды екендігін түсіндіру, мұғалімнің басты мақсаты болып табылады. Мұндай көмектің нәтижесінде зияты зақымдалған оқушы белгілі бір еңбекке мақсат қойып қана қоймай, оның нәтижесін көз алдына елестетіп, көздегенін сол мақсатпен орындау арқылы жүзеге асырады. Бірақ, осы тапсырманы орындау барысында мақсатқа, шешімге және оның орындалуына жету жолдары қиындай түседі. Осы қиындықтарды жеңу үшін, зияты зақымдалған оқушыға үлкен күш-қуатты қажет етеді. Бірақ оларда күш-қуат өздігінен пайда болмайды, бір рет қателескен ол іс-әрекетін алдына қойған мақсатына қарамай қайталай береді.

Осындай қателіктердің нәтижесінде зияты зақымдалған оқушыда келесі қасиеттер қалыптасады: тұрақтылық, төзімділік, ұйымдастырушылық, нақтылық, өзін-өзі бақылау және мақсатқа жету, еңбекке деген қызығушылық.

Зияты зақымдалған оқушылардың осы қасиеттері арқылы еңбекке деген ұмтылысы мен мінез-құлқы тұрақтланады.



Кәсіби еңбекке оқытудың мақсаты - зияты зақымдалған оқушылардың өндірістік орындарда, ауылшаруашылығында немесе құрылыста, арнайы бір мамандық иесін игеруге бағытталған. Бұл мақсат

5-9 сынып аралығында жүзеге асады. Зияты зақымдалған оқушылар 5-ші сыныптан бастап кәсіби еңбектің күрделі түрлеріне жәймендеп енгізіледі. Зияты зақымдалған оқушы оқудың соңына қарай белгілі бір мамандықты игереді. Бұл мамандықтарға столярлық іс, слесарлық іс, тігін ісі, киім жөндеуді дайындайтын мамандар; ауылшаруашылығындағы жеңіл маман иелері, бау-бақша ісі, ауылшаруашылығының механизация мамандары (эрлеу, штукатурлау, тұскагаз жабыстыру) аяқ-киім жөндеу ісі кіреді.

Зияты зақымдалған оқушылар үшін осы еңбек түрлерінің жеңіл әрі жиі қайталанатын жұмыс іс-әрекеттері болғанымен, олар бұл еңбек түрлерін өте жәй игереді. Зияты зақымдалған оқушылардың іс-әрекеттерінің ұйымдастырушылық қабілетінің әлсіздігі бірден көзге түседі (ақылдаса жұмыс жасау және үйлестіру), яғни, өте төмен көрсеткіш көрсетеді. Зияты зақымдалған оқушылардың бұйымдарды дайындағанда өз бетімен жұмыс жасайтындары өте аз. Олар көбіне көмекке жүгініп, көбісі алғашқы қателіктерін байқамайды. Мұның ең басты себептерінің бірі - жұмыс әдістерін дұрыс игере алмаушылығынан болып табылады. Сондықтан, оқытуда әр әдісті игеру; арамен аралау, қайшылау, балғамен жұмыс істеу, бөлшектерді бекіту, құрал - саймандарды жөндеу, өлшеу және т.б. істер маңызды.

Арнайы (түзету) мектептің жалпы міндеті - зияты зақымдалған оқушыларды өндірістік орындарда өз бетімен өмір сүруге, еңбек етуге әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің көмегімен дайындайды.

Бұл міндеттің ең басты қиындығы - зияты зақымдалған оқушылардың психикалық дамуының жетіспеушілігі. Бірақ, арнайы (түзету) мектепте педагогикалық процестің ұйымдастырылуының жоғары деңгейде болуының нәтижесінде көптеген жұмыс тәжірибелерінде көрсетілгендей, зияты зақымдалған оқушылардың жалпы дамуын жақсартып қана қоймай, олардың заманауи өндірістік орындарда, ауыл шаруашылығында, қызмет көрсету саласында үлкен жетістіктерге жетуге болатындығын дәлелдейді.

Арнайы (түзету) мектептерде оқытылатын зияты зақымдалған оқушылардың еңбектегі мүмкіндіктерінің дамуына кәсіби еңбекке тәрбиелеу жұмыстарының бүкіл жүйесі әсер етеді. Бірақ, мұндай жетістіктерге жету үшін, оларды оқу шеберханалары мен өндірістік практикаларда арнайы дайындықтар арқылы қол жеткізуге болады.

Зияты зақымдалған оқушыларды кәсіби еңбекке тәрбиелеу - еңбекке және таңдаған мамандығына оң көзқараста болуы, еңбек саласында үлкен жетістіктерге жету, қоғамдық мүлікке қамқорлықпен қарау, өзінің және жалпының еңбегіне жауапкершілікпен қарау болып табылады.

Зияты зақымдалған оқушылар арнайы мектепте оқыту және тәрбиелеу тапсырмаларын орындау арқылы еңбекті сүю, мінез-құлқын қалыптастыру сияқты құнды қасиеттерге үйретеді. Сонымен қатар, зияты зақымдалған оқушылар өндірістік орындарда жұмыстың жүру барысын, өнімдердің сапасының дәрежесін, еңбек дәрежесін, еңбек ұжымындағы адамдардың қарым-қатынасын жұмыс жасау барысында үйренеді.

Арнайы (түзету) мектепте зияты зақымдалған оқушылар үшін еңбек тәрбиесін ойластыра ұйымдастыру еңбек сабақтарында және өндірістік тәжірибелерде үлкен маңызы зор. Арнайы (түзету) мектепте орнатылған тәртіп және жұмыс ереже жүйесі зияты зақымдалған оқушылардың еңбек мәдениетіне, ұжымда өзін-өзі ұстай білуіне, жұмыста қауіпсіздік шараларына, еңбекке деген жауапкершілігінде маңызы зор.

Зияты зақымдалған оқушылардың жасаған бұйымдары көпшілікке пайдасын тигізуі қажет, бұл еңбекке тәрбиелеудің басты талаптарының бірі. Арнайы (түзету) мектептегі ең биікті мұғалімдердің тәжірибесінде тәрбиелік жұмыстарды жоғары дәрежеге жеткізу үшін еңбекке оқытуды дұрыс ұйымдастыру қажет. Сабақтарды жоғары ұйымдастырушылық - әдістемелік деңгейде өткізгенде, оқушылар тәжірибелік тапсырмаларды дұрыс әрі жылдам орындайды. Мұндай сөзбен оларға моральдық қанағаттанушылық әсер қалдырып, осы арқылы әр түрлі оқыта тәрбиелеу және түзету тапсырмаларын жылдам орындауға мүмкіндік береді.

Зияты зақымдалған оқушылардың тәрбиесіне және жеке тұлғалық қасиетіне жағымды әрекеттеріне оң әсер беретін факторлар: мұғалімнің жеке мысалдары, шеберханаларда өткізілетін сабақтардың нақты орындау ережесі, оқушылардың жұмысына берілетін баға, шеберханалардың жақсы техникалық орналасуы, оның эстетикалық безендірілуі.

Ең басты талап етілетін принциптердің бірі – мұғалімнің оқу нәтижесін жүйелік бақылау. Зияты зақымдалған оқушылармен өткізілетін оқу – тәрбиелік жұмыстардың маңызы мынадай, яғни, оқыту және тәрбиелеу әдістері кей жағдайларда нәтижесіз болып жатады немесе өткізілген техника – технологиялық сабақтар, тәжірибелерде жарамсыз.

Кей кезде оқу материалының деңгейінің қиын болуынан ғана емес, оның төмен болуынан да қателік кетеді. Алдыңғы қатарлы мектептерде көрсетілгендей, зияты зақымдалған оқушыларды еңбекке оқыту сабақтары, олардың ойлау және физикалық дамуына әсер ететін факторлар өміріне және өндірістік орындардағы өзіндік жұмыстарға дайындық жоғары деңгейде болған кезде ғана оң нәтижесін береді. Мұғалім зияты зақымдалған оқушыларға оқу тапсырмаларын бергенде, олардың әрқайсысының мүмкіндіктерінің жоғарғы жету шегіне қарап бағалау қажет.

Зияты зақымдалған оқушылардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктері (мінезі, темпераменті, ақыл және ерік, ағзасының түзілуі және денсаулығының жағдайы) олардың тұқымқуалаушылық белгілеріне, өмір сүру жағдайына және тәрбиесіне байланысты. Мұндай өзгерістер көптеген мектептерде оқытылатын зияты зақымдалған оқушылардың даму дәрежесі мен ерекшеліктеріне байланысты болып келеді. Мұндай ерекшеліктер балалардың ақауының бұзылуына (эмоциональдық, ерікті және интеллектуалды сферасының дамуының ерекшелігінде, қозғалу жүйесінің ерекшелігінде, көз және есту аппараттарының бұзылу ерекшелігінде) қатысты болып табылады.

Арнайы (түзету) мектептегі білім беру, тәрбиелеу, түзету жұмыстары кәсіби еңбекке тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Оқушы еңбек процесіне араласуда, қоршаған ортаға деген көзқарасы және өзіндік көзқарасы қалыптасады. Сонымен қатар, өзін - өзі бағалауы өзгереді.

Арнайы (түзету) мектептерде кәсіби еңбек сабақтарын оқытуда кәсіби бағдарланған жұмыстар өткізіледі: зияты зақымдалған оқушылар әр түрлі қол жетімді еңбек түрлерімен айналысады. Зияты зақымдалған оқушылармен осы мақсатта, мамандықтар және мамандық иелері жайлы әңгіме өткізіледі, яғни, әр түрлі мамандық иелерімен кездесулер, ауылдарға экскурсия жүргізіледі.

Зияты зақымдалған оқушыларды арнайы (түзету) мектепте еңбекке дайындағанда ең басты көңіл аударатын жәйт – өндірістік орындардағы ұжымдар мен зияты зақымдалған оқушылардың арақатынасы. Себебі, зияты зақымдалған оқушы арнайы мектепті бітіргеннен кейін, осы өндірістік орындардың біріне жұмысқа орналасуы мүмкін. Арнайы (түзету) мектеп және өндірістік орындардың оқушылары бітіруші түлектерге арнайы шаралар ұйымдастырады.

Бітіруші түлектер жұмысқа орналасқаннан кейін де байланыс үзілмеуі керек. Арнайы (түзету) мектептің оқытушылары өздерінің бітіріп кеткен түлектерінің өміріне үлкен ден қойып жұмыстық қызметін бақылап, ұжымдармен танысып, кеңесін айтып, қоғамдық өмірге белсенді қатысуға ынталандыруы қажет. Арнайы (түзету) мектептегі оқытушылар зияты зақымдалған оқушылардың кәсіби еңбекке тәрбиеленуіне көңіл бөлу керек. Бітіруші түлектерді жақсы өндірістік орындарға жұмысқа орналастырып, жақсы маман иесі болуына және ұжымға үйренісіп кетуі – арнайы (түзету) мектептің басты мақсаты болып табылады.

Зияты зақымдалған оқушылар үшін еңбекке оқытудың арнайы коррекциялық-дамытушылық міндеті – балалармен жасөспірімдердің таным іс-әрекетінің жетіспеушілігін түзету үшін және жағымды тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеуде еңбекке дайындау үрдісін белсенді пайдалану, оларды мектепті бітіргеннен кейін адамдармен еңбектік қарым-қатынасқа түсуді қамтамасыз ету болып табылады.

Зияты зақымдалған оқушылардың еңбек дағдысын, өмірге деген көзқарасын қалыптастыруда еңбекке баулудың маңызы зор. Кәсіби еңбекке тәрбиелеу арқылы зияты зақымдалған оқушылар қоршаған дүние мен заттарды танып біледі. Кәсіби еңбекке тәрбиелеу барысында бала бойындағы қоғамдық құндылықтары мен тұлғалық қасиеттері, өмірге деген құлшынысы, адамгершілік-эстетикалық қатынастары дамиды. Зияты зақымдалған оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай өткізілетін күнделікті қарапайым еңбек түрлері, балалардың түсініктерін қалыптастырып, интеллектуалдық деңгейлерінің дамуына көмектеседі.

Арнайы (түзету) мектептегі кәсіби еңбекке тәрбиелеу - оқыту және тәрбиелеу сипатына ғана ие емес, түзету бағытына да ие. Кәсіби еңбекке тәрбиелеу - зияты зақымдалған оқушылардың жеке дамуындағы ақауларды түзету, эмоционалдық сферасын қалыптастыру, болашақ кәсіби қызмет үшін оқушыларды дайындайды, әлеуметтік бейімдеуді жүзеге асырады.

Зияты зақымдалған оқушыларды кәсіби еңбекке тәрбиелеудің ерекшеліктері – болашақта қажет ететін еңбек әрекетіне қатысты жұмыспен қамтамасыз ету, яғни еңбек етудің жалпы және арнайы (кәсіби) білім, икемділік, дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар, зияты

зақымдалған оқушыларды кәсіби еңбекке тәрбиелеу әлеуметтік-тұрмыстық бейімдеу және оқалтудың міндетін атқарады. Еңбексүйгіштік, ұқыптылық, еңбек ету қажеттілігін түсіну осы еңбек тәрбиесінде қалыптасып, әдетке айналады.

Зияты зақымдалған оқушыларды кәсіби еңбекке тәрбиелеудің негізгі жетістігі – еңбекке даярлардың коррекциялық рөлін күшейтуі, бұл оларға қойылатын талаптардың әртүрлі деңгейде болуынан көрініс табады: слесарлық ісі бағдаламасы зияты жеңіл деңгейде зақымдалған және денс бітімі жоғары оқушылар үшін ұсыналады; столярлық, тігін ісі бағдарламалары зияты зақымдалған балалардың орта деңгейіндегі мүмкіндіктеріне сәйкес келеді. Талаптар деңгейі бойынша бірдей емес бағдарламалар зияты зақымдалған оқушылардың психикалық, денс және ерекшеліктерін ескере отырып кәсіптік еңбекке даярлаудың бағытын таңдауға мүмкіндік береді. Арнайы білім беру жүйесінде кәсіптік бағдарлау мәселесіне үлкен көңіл керек. Зияты зақымдалған балалар үшін мамандықтарды дер кезінде және дұрыс таңдау өте маңызды, өйткені бұл өндірісте сәтті бейімделудің шешуші шарты болып табылады.

Зияты зақымдалған оқушыларды кәсіби еңбекке тәрбиелеу маңызды түзету факторы болып табылады. Еңбек процесіне қосылу барысында зияты зақымдалған оқушылар қоршаған ортаға және өзіне деген түбегейлі қозғалысы өзгереді. Өзін-өзі бағалауы да түбегейлі өзгереді. Бұл еңбек тәжірибесіне табысты әсер етеді. Сонымен қатар, кәсіби еңбекке тәрбиелеуде зияты зақымдалған оқушылардың қабілеті мен дағдылары дами түседі. Кәсіби еңбекке тәрбиелеуде жаңа ойлаудың жолдары жинақталады. Зияты зақымдалған оқушылардың қоғамға бейімделуі, қарым-қатынасы, ынтымақтастықтары арта түседі.

Осылайша, арнайы (түзету) мектептегі кәсіби еңбекке тәрбиелеудегі түзету бағыты тек нақты тапсырмаларды орындау үшін ғана емес, зияты зақымдалған оқушылардың тұңғалық қасиеттерін қалыптастыру және дамыту, жеке дамуын реттеу үшін бағытталған.

- 1 Анципов В.И. Внеклассные занятия по труду во вспомогательной школе. - М., 2008.
- 2 Еременко И.Г. Олигофренопедагогика. - Киев., 1985.
- 3 Шинкаренко В.А. Трудовое обучение и воспитание учащихся вспомогательной школы. - Минск, 2009.
- 4 Назарова Н.М. Специальная педагогика. - М., 2002.
- 5 Чуркина А.И. Трудовое обучение во вспомогательной школе. - М., 2008.
- 6 Шинкаренко В.А. Трудовое обучение и воспитание учащихся вспомогательной школы. - Минск, 2009.
- 7 Мозговой В.М. Коррекционно-развивающая направленность обучения и воспитания детей с нарушениями интеллекта. Межвузовский сборник научных трудов. - М., 2007.
- 8 Рубинштейн С.Я. Психология умственно отсталого школьника. - М., 1986.

#### Резюме

Л.Х. Макина – КазНПУ к.п.н., доцент,

А.Д. Нұрланбекова – КазНПУ магистр, старший преподаватель, aigerim\_d85@mail.ru

С.Б. Талпақова – КазНПУ 3(3г) курс, студентка, s\_a\_p\_o\_n\_i\_93@mail.ru

#### Особенности профессионально – трудового воспитания школьников с нарушениями интеллекта

В статье рассматриваются не только трудовое воспитание школьников, но и проблемы, касающиеся их отношения к труду. Например, они не справляются задачами, которые им задают учителя, а также у них возникают проблемы относительно самоконтроля.

В специальной (коррекционной) школе большое значение для трудового воспитания имеет продуманная, четкая организация занятия по труду и производственной практике. Установленная в школе система правил поведения и работы учащихся способствует воспитанию у них культуры труда, морально-психологической готовности к производительному или обслуживающему труду, чувства коллективизма, умения соблюдать трудовую дисциплину и правила безопасной работы.

Трудовое воспитание школьников предполагает формирование устойчивого положительного отношения к труду и интереса к выбранной профессии, стремления достичь высоких показателей в трудовой деятельности, бережного отношения к общественной собственности и личной ответственности как результат своего и общего труда, выработка привычки к труду.

**Ключевые слова:** профессионально-трудовое обучение, профессионально-трудовое воспитание, коррекционные задачи, слесарное дело, столярное дело, швейное дело.

Summary

L.H. Makina – KazNPU ps.s.c, dosent.

A.D.Nurrlanbekova – KazNPU master, senior lecturer, aigerim\_d85@mail.ru

S.B.Talpakova – KazNPU student, 3 rd(3 year), s a p o n i 93@mail.ru

**Feature of professional labor education of pupils with intellectual disabilities**

The article deals with, not only labor education pupils, but also issues relating to their relationship to work. For example, they can not handle the tasks that they are assigned by teacher, and they have problems with self-control.

In the special (correction) school of its general and labor education it has a well thought-out, clear organization of lessons on labor and production practices. Installed in the school system, the rules of behavior and contributes to the education of pupils work and work culture, moral and psychological readiness for productive or service work, a sense of community, the ability to observe labor discipline and the rules of safe operation.

Labor education pupils involve the formation of a sustainable positive attitude towards work and interest in the chosen profession, striving to achieve high performance in the workplace, respect for public property and personal liability as a result of its general and labor, the development of the habit of work.

**Keywords:** professional employment training, professional labor education, corrective tasks, plumbing, carpentry, sewing.

УДК 376-056.26

**НАШАР ЕСТИТІН БАЛАЛАРДЫҢ ЗИЯТЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Л.А. Бутабаева – Абай атындағы ҚазҰПУ, арнайы білім беру кафедрасының аға оқытушысы, магистр, butabaeva-laura@mail.ru

Г. Қошқарова – Абай атындағы ҚазҰПУ, 5В010500-Дефектология мамандығының 4 курс студенті

Мақалада нашар еститін балалардың зиятының ерекшеліктері туралы зерттеулер, зияттың даму табиғаты және шетелдік ғалымдардың зерттеулері қарастырылған. Сонымен қатар, нашар еститін баланың психикасының дамуы мен оның оқуы арасындағы байланысы, зияттың әлеуметтік-мәдени тұрғысы талданған.

**Түйін сөздер:** нашар еститін балалардың зияты, зияттың табиғаты, тұлға, зияттың даму ерекшеліктері.

Нашар еститін балалардың зиятының дамуын зерттеу қазіргі таңда өзекті мәселе болып табылады, себебі зияттың даму жағдайы оларды тиімді оқытумен байланысты және соның нәтижесінен олардың әлеуметтік бейімдеулері тәуелді болады. Қазіргі таңда мектепте оқыту үрдісін жетілдіру, мектеп оқушыларын психологиялық тексеру және мектепте білім алу барысында зият дамуындағы кемшіліктерді уақытында байқауды талап етеді, осының негізінде анықталған кемшіліктерді түзетудің тиімді жолдарын таңдауға болады. Жалпы зиятты зерттеу тұлғаның негізгі психикалық даму заңдылықтарын толық ашуға мүмкіндік береді.

Қазіргі отандық және шет елдік статистикаға сүйенер болсақ есту қабілеті зақымдалған тұлғалар саны жылдан-жылға өсу үстінде. Әр елде жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде дүние жүзіндегі халықтың 4-6% есту қабілеттері зақымдалған және қоғамдағы қарым-қатынастан шектелген тұлғалар. Зияттың дамуының жеке және әлеуметтік салдарының мәні, тек қана психолог мамандарды ғана емес, сонымен қатар педагогтарды және ата-аналарды да толғандырады. Есту қабілеті зақымдалған балалардың негізгі бөлігін нашар еститін оқушылар алады. XIX-XX ғасырдың басында кейбір психологтар есту қабілеті зақымдалған балалардың зиятының дамуы еститін балалардың зиятының дамуынан еш айырмашылығы жоқ деп санайды (D.Moore, 1978. 1987; J.Rosenstein, 1960; P.Vemon, 1969). Ал басқалары еститін балалармен салыстырғанда есту қабілеті зақымдалған балалардың зиятының дамуын зерттеу барысында абстрактілі ойлауының қалыптасуында қиындықтар бар деген (M.Brutton, 1953; R.Farrant, 1964; E.Levine, 1960). Ал үшіншілері есту қабілеті зақымдалған балалар нақты көрнекілік және абстрактілі ойлау артта қалады дейді (H.Furth, 1966. 1971; Ю.Е. Хохлова; М.Marshark, 1993; R.Pintner, 1941; П.Олерон, 1977). Жалпы есту қабілеті зақымдалған балалардың зиятының дамуына қатысты **қарама-қайшылықтар** көп екендігі байқалып отыр.

Психология ғылымында тұлғаның зият табиғатын зерттеу ең басты мәселелердің бірі болып табылады. Тұлға табиғи-мәдени тіршілік иесі ретінде қалыптасады және өз өмірінде материалдық, рухани байлықтарды игереді. Әлеуметтік-мәдени факторлар (тіл, отбасы, салт-дәстүрлер) бұл байлықтарды толықтырады. Тұлға әлеуметтік тіршілік иесі бола отырып, қоршаған орта құндылықтарын игереді, қайта жасайды. Осы орайда, ақылдылық, парасат, зияттылықтың негізі болып

табылатын интеллектіні зерттеу шетел және кеңес, отандық психология ғылымының маңызды да қажетті, тіпті өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Көптеген отандық және шетелдік зерттеу жұмыстары зият мәселесіне және оны анықтауға арналған (Л.С. Выготский, 1995, 1996; Д.Б. Богоявленская, А.В. Брушлинский, 1996, В.Штерн, 1915 және т.б.). Дегенмен де, әлі де қарастырылатын мәселелердің бірі болып табылады.

Қазіргі таңда «зият» және «ойлау» түсініктерінің арақатынасы туралы сұрақ өзекті болып қала береді. Психологияда олар екі соңғы бағытта, яғни екі ұғымды бір-біріне мүлдем тәуелсіз ретінде ажырату, не болмаса, олар толық ұштасады, сәйкестенеді ерекшеленеді. Бірақ мұндай талдау олардың арасында өзінара өтудің күрделі жүйесін анықтайды. Психологиялық сөздікте зият «түсіну, тану, көң мағынада сезіну мен түйсінуден ойлау мен елестетуге дейінгі тұлғаның бүкіл танымдық қызметтердің жиынтығы, тар мағынада-ойлау» деген ұғымда анықталады [1].

Экспериментальды-психологиялық теория мен зиятты зерттеу жолында жинақталған ақпараттарды реттеу мақсатында М.А.Холодная (1997) қарастырылып отырылған мәселе бойынша негізгі сегіз көзқарасты атап көрсеткен. Олар:

1. Әлеуметтік- мәдени көзқарас. Зият әлеуметтену үрдісінің нәтижесі, сондай-ақ, мәдениеттің толықтай әсері ретінде қарастырылады (Брунер Дж., Коул М., Скрибнер С., Леви-Брюль Л., Леви-Стросс К., Лурия А.Р., Выготский Л.С және т.б.).

2. Генетикалық көзқарас. Зият-адамдардың сыртқы ортамен қарым-қатынасының шынайы жағдайларында қоршаған орта талаптарына күрделенген бейімделу үрдісінің өнімі ретінде (Чарсворлз У.Р., Пиаже Ж., және т.б.).

3. Үрдістік-әрекеттік көзқарас. Зият адамдардың іс-әрекетінің ерекше формасы ретінде (Рубинштейн С.Л., Гальперин П.Я., Запорожец А.В., Брушлинский А.В., Венгер Л.А., Тальзина Н.Ф., Тихомиров О.К. және т.б.).

4. Білімдік көзқарас. Зият мақсатты бағытталған білім беру өнімі ретінде (Стаатс А., Фишер К., Фейсрштейн Р., Менчинская Н.А., Калмыкова З.И., Борулава Г.А. және т.б.).

5. Ақпараттық көзқарас. Зият ақпараттарды өңдеу үрдісінің қарапайым жиынтығы ретінде (Айзенк Х., Хант Э. және т.б.).

6. Феноменологиялық көзқарас. Зият сана мазмұнының ерекше формасы ретінде (Келер В., Дункер К., Мейли Р., Вертгеймер М., Глезер Р., Чи М., Кэмпбион Дж және т.б.).

7. Қызметті-деңгейлік көзқарас. Зият түрлі деңгейдегі таным үрдістерінің жүйесі ретінде (Ананьев Б.Г., Дворяшина М.Д., Степанова Е.М., Величковский Б.М. және т.б.).

8. Реттеушілік көзқарас. Зият психикалық белсенділікті өзіндік реттеуші фактор ретінде (Терстоун Л.Л., Стернберг Р және т.б.) [2].

Зият табиғатын түсіндіретін көптеген зерттеулер бар. Оның негізін ерте философиялық ой-пікірлерді ұсынушылардың еңбектерінен табуға болады. Осы орайда, біз белгілі ойшыл әл-Фарабидің көзқарасынан бастау алатын интеллект туралы ой пікірлерді талдаймыз. Белгілі ойшыл зият ұғымын адам, парасатты адам жөнінде айтқан кезде қолданған. Әрине, сол кездегі интеллект туралы әл-Фарабидің пікірі қазіргі таңдағы зерттеулерден әлдеқайда алыста. Дегенмен, әл-Фараби зият табиғатында адамның парасаттылығы туралы оймен тұжырымдағандығы тұлға іс-әрекетіндегі рөлін ашып көрсеткенін байқауға болады.

Зият табиғатының тұлға құрылымындағы маңыздылығы туралы ой тұжырымдар белгілі ойшыл, еңбектері психологияның материалистік сипатына негіз болған Аристотель көзқарастарында да кездеседі. Аристотель интеллектіні өзіне қалай және қайтіп келіп қалғанын білмесе де, аналогия жасау немесе ой толғау арқылы емес, туа біткен, жаратылыстан біткен қасиеті арқылы әмбебеп, ақиқат және қажетті шарттар жөнінде анық мағлұмат алу үшін адамға жағдай жасайтын жан қабілеті ретінде түсіндіреді. Аристотельдің пікірі қазіргі таңдағы зиятты ерекше қабілет ұғымын теңестіретін тұжырымдарына жақын келетіндігін байқауға болады.

Сонымен қатар, Аристотель зиятты төрт түрге бөледі: әлеуетті, актуалды, жүре келе дарыған және әрекетшіл интеллект. Енді оның зияттың жоғарыдағы түрлеріне берген сипаттамасына тоқталамыз.

Әлеуетті интеллект-жан қабілеттерінің бірі немесе материядан дүниеде бар заттардың парқы мен формасын абстракциялай алатын немесе соған даяр әлде бірдене деп есептейді. Интеллект парқында бар нәрселер арқылы формалардың жүзеге асқандығын түсіндіреді: дүниеде бар нәрселердің формасына әлі ие болмай тұрған кезде, ол әлеуетті зият болып табылады, ал формалар жүзеге асты дегенше ол актуалды интеллектіге айналады [3].

Коптеген зерттеулерден біз интеллект табиғатын функциялық ықпалмен түсіндіретіндігіп байқаймыз (Р.Дж. Стернберг, Б.Форсайт, Д.Б. Богоявленская). Бірақ, интеллекттік механизмдердің жұмыс жасауында немесе ойлау типтерін суреттеуде функциялық ықпал терминдері толық жауап бере алмайды. Оған теориялық жауаптарды жүйелік-құрылымдық ықпалда іздестіру шығармашылық ойлаудың құрылымының макро уақытты динамикасын табуға мүмкіндік береді.

Зият теорияларында түрлі интеллекттік тапсырмаларды орындау нәтижесі арасында оң корреляциялық байланыстар бар деген тұжырым болды. Егер белгілі бір зерттеулерде мұндай байланыстар болмаса, ол өлшеу қателіктеріне байланысты болып келеді. Егер осы әлсіреу тиімділігін түзетсе, онда байланыстар шамасы бірлікке ұмтылады [4].

Ерекше қызығушылық онтогенездегі зияттың даму мәселесіне түседі. Бұл кезеңде кіші мектеп жасындағы бала үшін оқу іс-әрекеті алдыңғы орында болады да ғылыми білімнің негізі қалыптасады. Қазіргі таңда психологияда аталмыш мәселені зерттеуде, отандық және шетел авторлары сүйенетін зият туралы түрлі психологиялық теориялармен сәйкестелген әр түрлі тұжырымдалған жолдары бар.

Зият табиғатын түсіндіруде өз зерттеулерін ұсынған шетелдік ғалымдардың бірі Дж. Гилфорд құрылымдық модель ұсынды. Дж. Гилфорд ұсынған модель үш бөлімнен тұрады [5].

1. Ақыл операцияларын орындайтын тип:

- а) түсіну- берілген материалдарды танып білу және түсіну;
- б) конвергентті өнімділік-жалғыз дұрыс жауап алғанда бір бағытта іздестіру;
- в) дивергентті өнімділік-бірнеше дұрыс жауап алғанда түрлі бағытта іздестіру;
- г) бағалау- берілген жағдайлардың дұрыстығын талдау;
- д) ес – ақпаратты есте сақтап, қорыту.

2. Интеллекттік әрекеттің мазмұны:

- а) нақты-нақты заттар мен олардың бейнесі;
- б) бейнелік- әріптер, белгілер, сандар;
- в) семантикалық-сөздік мағынасы;
- г) мінез-құлықтық, өзінің немесе басқа адамның іс-әрекеті.

3. Ақырғы өнім түрлері:

- а) нысана бірліктері-сөздердегі жетпей тұрған әріптерді жазу;
- б) нысана топтары-заттарды топтау;
- в) қатынастар-нысана арасындағы байланысты орнату;
- г) жүйелер-нысана көпшілігінің ұйымдастыру ережесін анықтау;
- д) тасымалдау-берілген материалдарды өзгерту, оңдеу;
- е) импликациялар-«егер осылай болса, не болады» деген жағдайдағы нәтижені болжау.

Осылайша Дж. Гилфорд теориясы бойынша адам дамуының толық бағалы қабілетін анықтау үшін 120 факторды қолдану қажет (5x4x6) деген тұжырым жасалады. Себебі, автор интеллектінің нақты жалпы факторларын теріске шығару бағытын ұстанды. Ақырында Дж. Гилфорд көзқарасы бойынша белгілі бір қабілетті анықтағанда мынадай көрсеткіштерге сүйену қажет: мазмұндық есте сақтау мүмкіндіктерін өлшеу үшін ақырғы өнімнің барлық түрлерін, ал оның сапасын өлшеу үшін барлық «операциялардың түрлерін есепке алу» қажет. Әрине ғалым интеллектіні түсіндіруде өзіндік маңызы бар тұжырым ұсынғанмен, оны факторлармен ғана шектеді.

Ғалым Г.Ю. Айзенк интеллектіні үш ұғымда шектеді. Олар: биологиялық интеллект, элеуметтік интеллект, психометрикалық интеллект. Автордың еңбектерінде биологиялық интеллект тұқымқуалау арқылы берілетін интеллект болса, элеуметтік интеллект тұлғаның белгілі бір білімдер мен тәжірибені жинақтау барысында көрініс беретін интеллект, ал, психометрикалық интеллект тест арқылы өлшенетіндер ретінде тұжырымдалған [6].

Түптеп келгенде «шын мәнінде неше зият бар?» деген сұраққа тестология нақты жауап бере алмайды. Оның үстіне интеллекттік тестілер сынаққа түсушілердің даралық-психологиялық және жас ерекшеліктеріне байланысты екендігі байқалады. Шын мәнінде бұл тестілер адамның белгілі бір мәдениетке қосылу деңгейін анықтайды, сол себепті оларды «психикалық даму» тестілері деп атауға болады [7].

Тестологиялық тұрғыда қарау интеллектіде психологиялық шындық жағдаятынан бас тартуға алып келді. «Интеллект шынайы психологиялық қасиет ретінде бар ма немесе жоқ па?» деген сұрақ төңірегінде академиялық пікірталастар туындауы әбден мүмкін. Белгілі ғалым М.А.Холоднаяның пікірінше «интеллект жоғалып кетуі» иллюзиясында үш негіздемені болу керек [2].

Біріншісі-интеллекттік қабілеттерді диагностикалаудағы тестік әдістердің қарама-қайшылықтарын айқындаушы әдістемелік негіз;

Екіншісі-интеллектіде белгілі бір «тапсырмалық» жағдаятты көрсетуші қандай да бір психологиялық (интеллекттік) ерекшелік ретінде психологиялық қабылдаумен байланысты түсінілетін әдіснамалық негіз;

Үшіншісі – интеллекттік даму деңгейінің «төмен-жоғары» терминдерінде нақты адамның интеллекттік мүмкіндіктерін интерпретациялайтын және тестік тапсырмалардың даралық нәтижелерін түсіндіруге мүмкін еместігіне негізделген мазмұндық этикалық негіз.

Зият гештальтпсихология теориясында да өз тұжырымдарын тапты. Зияттың тірек сипаттамасы ретінде инсайт түсінілді (Дункер, 1965). Инсайт терендеген сайын, яғни проблемалық жағдаяттарының мәнді ерекшелігі қаншалықты күшті жауап әрекетін анықтаса, соғұрлым интеллекттік болып табылады.

Зият қабілеттері әртүрлі деңгейдегі адамдар арасындағы ең басты айырмашылық олардың әртүрлі ұйымдастырылған жүйелік білімдерге ие екендігімен байланысты болып келеді. Дәл осы даралық білімдер базасының ерекшелігі жеке таным процестерінің (есте сақтау, тапсырмаларды шешу) қарқындылығын алдын-ала анықтайды. Осы орайда, білімділік интеллектінің негізі деп тұжырым жасайтын еңбектерді кездестіруге болады [8].

Түрлі қозғалыста баланың психикасының дамуы мен оның оқуы арасындағы байланыс қалай талқыланса соған байланысты шетелдік психологияда зият дамуының теориясын екі топқа бөлу шартты. Бірінші топқа «адамның психикасының дамуы оны оқыту мен тәрбиелеуге тәуелді емес болу теориясы». Бұл топтағы теория бихевиоральды, психоаналитикалық, когнитивті бағыттарда және Ж.Пиженің тұжырымдамасында көрсетілген. Ал екінші топқа адамның психикасының дамуы оқыту мен тәрбиелеумен өзара байланысты болу теориясы жатады. Бұл бағытқа Л.С.Выготскийдің жоғары психикалық қызметтердің мәдени-тарихи теориясы, П.П.Блонскийдің ілімі, А.Н. Леонтьев, Д.Б.Эльконин, П.Я. Гальпериннің және т.б. авторлардың зерттеулері жатады.

Белгілі ғалым Ж.Пиженің пікірінше, зият-бұл ассимиляция және аккомодация процесінің бірлігін білдіретін ағзаның ортаға адаптациялануының формасы болып табылады. Сондықтан, интеллект мәні физикалық және әлеуметтік шындыққа икемді және бір мезгілде тұрақты адаптацияланудың жүзеге асу мүмкіндігінде қорытылады, оның негізгі міндеті – орта мен адамның өзара әрекеттесуін құрылымдау және ұйымдастыру.

Ж.Пиженің айтуынша зият-ағзаның қоршаған ортаға адаптациялануының неғұрлым жетілген формасы болып табылады. Автор үшін интеллектінің мәні орта мен ағза арасындағы қатынасты құрылымдауға және оның дамуы біршама адекватты адаптациялануда көрінеді. Мұндай көзқарастан біз интеллектіні қоршаған ортамен байланысты түсіндіретін тұжырымды көреміз. Яғни, мұнан біз интеллектінің дамуы әлеуметтік негізделеді деген пікір айта аламыз [9].

Зиятты түсіндіру тестілеу нәтижесін пайдалану өрісінде тұжырымдалды (А.Анасиази). Бұл жағдайда ол күнделікті ғана емес, сондай-ақ кәсіби ортада IQ-нәтижесін интеллектпен теңестіруге тырысады. Зият тестілері фактілік тұрғыда «оқуға қабілеттік белестері» деп аталды. Мұның негізінде интеллект «жөке шығарылып», оны «оқуға қабілеттілік» түсінігімен ауыстырды. Әрине, мұндай тұжырым біздің ойымызша интеллект табиғатын шектейді.

Сондай-ақ, зият табиғаты таным арқылы ашылды. Мұндай зерттеулерді біз К.Фишер теориясынан табуымызға болады. Автор тұжырымы бойынша интеллект табиғатын түсіндіруде мынадай пікірді ұсынды: тұлға қоршаған болмысты динамикалық тұрғыда өзгерте отырып, қоршаған ортаға қарай емес, керісінше қоршаған ортаны өз ісіне қарай қайта құрады. Дәл осы зият деңгейі және оның даму типі тұлғаның болашағын, өзіндік бағалауын анықтайды деген тұжырымызды нақтылай түседі.

Кенес ғалымы А.Р. Лурия зиятты әлеуметтік-мәдени тұрғыда қарастырды. Мәдениет аралық зерттеудің ерекше міндеті әртүрлі мәдениет өкілдерінің зият іс-әрекетінің ерекшеліктерін салыстырмалы талдауда қорытылды. Осы зерттеулер барысында мәдени әсер айқын көрініп, дәл осы жағдай адамзат интеллектісінің табиғатын көруге мүмкіндік береді. Бұған дәлел, біріншіден, қабылдаудың, естің, ой қорытындысы, елес және т.б. мәдени өзгерісінің негізгі тенденциясы болмысқа анық категориялық қатынастың көрінуімен тұжырымдалады: танымдық әрекет тікелей практикалық тәжірибе аймағынан логикалық ой-пікірлер аймағының шегіне шығу қабілетін игереді. Мәдениет интеллект дамуы деңгейіне өз әсерін тигізбей зияттылық сипатына ықпал етеді деген тұжырым жасалды.

Екіншіден, бір мәдениет шегінде қалыптасқан адамның зият мүмкіндіктерін бағалау критерийлері басқа мәдениетке механикалық ауыстырылуы мүмкін емес.

Үшіншіден, зияттың арнайы мәдени негізделген болуы оның құрылымдылығын білдірмейді. Яғни, әртүрлі мәдениет өкілдерінің интеллекттік белсенділіктерінің ерекшеліктері бар.

Төртіншіден, әлеуметтік мәдени ортаның кейбір жағдайлары зияттық дамудың қарқындылығын арттырады.

Бесіншіден, зият әрекетінің логикалық тәсілдерін игеру аркасында сөздердің мағынасы және логикалық пікірлер арқылы жеке тәжірибе бүкіл адамзаттық тәжірибесіне орналастырылады, әрине бұл жағдайда жеке дара адамның интеллекттік әлемі кеңейеді.

Әрине, зият мүмкіндіктері мәдени контексте туындап ғана қоймай, сонымен бірге оларда шектеледі. Бұл бағыттағы интеллекттік мүмкіндіктер дамуының тұтастай критерийлері осы субъектінің сәйкес мәдениеттің мазмұнын игеруімен және қаншалықты деңгейде интеллектісі басым мәдени бағдардың тасымалдауына және жүзеге асырушы болып табылатындығымен байланысты.

Осы орайда іс-әрекет тұлғадан қандай да бір белсенділікті талап етеді. Ал белсенді тұлға дамыту қоғамның басты талаптарының бірі болып табылады. Интеллекттік көрсеткіштердің жоғарылығы іс-әрекет нәтижесінің жетістігі екені белгілі.

1 Богданова Т.Г. Сурдопсихология. - М.: Издат. центр «Академия», 2002.

2 Холодная М.А. Психология интеллекта: парадоксы исследования. Томск: Изд-во Том. ун-та. - М.: Изд-во «Барс», 1997. - 392 б.

3 Аяганова А. Интеллекттік даму мен өзіндік бағалаудың өзара байланысына этнопсихологиялық түсініктердің әсері. канд.дисс. - Алматы, 2009.

4 Практический интеллект. Стернберг Р.Дж., Форсай Б., Ходланд Дж. И др. - СПб.: Питер, 2002. - С.272.

5 Гилфорд Дж. Структурная модель интеллекта // Психология мышления. - М.: Прогресс, 1965 - 27 с.

6 Айзенк Г.Ю. Классические IQ тесты. - М.: ЭКСМО, 2004. - С. 192

7 Дункер К. Психология продуктивного (творческого) мышления // Психология мышления. - М.: Прогресс, 1965. - 234 с.

8 Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. - М.: Интор, 1996. - 319 б.

9 Пиаже Ж. Избранные психологические труды. - М.: Просвещение, 1969. - 659 с.

#### Резюме

Бутабаева Л.А. – магистр, старший преподаватель кафедры специального образования,

Кошкарлова Г. – студент 4 курса специальности 5В010500-Дефектология

#### Особенности развития интеллекта слабослышащих детей

В статье рассматриваются особенности развития интеллекта слабослышащих детей, природа интеллекта со ссылкой на зарубежные исследования. Также рассмотрены вопросы развития интеллекта детей с нарушениями слуха в контексте онтогенеза детской психики. Рассмотрены социально-культурные основы развития интеллекта.

**Ключевые слова:** развитие интеллекта, слабослышащие дети, природа интеллекта, личность, особенности развития интеллекта.

#### Summary

L.A. Butabayeva – senior lecturer Abay Kazakh National Pedagogical University, [butabaeva-laura@mail.ru](mailto:butabaeva-laura@mail.ru)

Koshkarova G - student 4 courses

#### Features of development of intelligence at the slabolyshashchikh of children

In article features of development of intelligence in children hard of hearing, the nature of intelligence and foreign researches are considered. Questions of development of children's mentality and communication with development of intelligence in children by hearing snarusheniye are also considered. Welfare basics of development of intelligence are covered.

**Keywords:** developments of intelligence in children hard of hearing, intelligence nature, personality, features of development of intelligence.



УДК 376-056.264

## ТЕХНОЛОГИЯ ОРГАНИЗАЦИИ ЛОГОПЕДИЧЕСКОГО МАССАЖА В УСЛОВИЯХ РЕАБИЛИТАЦИОННОГО ЦЕНТРА

**Е.В. Харинская** – учитель-логопед ГУ ННЦ КП, Республика Казахстан, г. Алматы,  
*harinskayaew@mail.ru*

**А.М. Пармузин** – педагог-дефектолог ГУ ННЦ КП, Республика Казахстан, г. Алматы,  
*anton-satr@mail.ru*

В данной статье раскрыты вопросы организации логопедического массажа в условиях реабилитационного центра, даны рекомендации по проведению диагностики мышечного тонуса органов артикуляционного аппарата и мимических мышц, описаны основные приемы и способы проведения логопедического массажа, даны рекомендации эффективного подбора приемов логопедического массажа с учетом структуры нарушения. Проведен обзор литературных источников по организации и проведению логопедического массажа в системе логопедических занятий. Рассмотрены различные виды логопедического массажа, указаны категории детей которым рекомендован логопедический массаж. Выделены основные противопоказания к проведению процедуры логопедического массажа. Раскрыта эффективность данного метода в системе логопедических коррекционных занятий.

**Ключевые слова:** логопедический массаж; нарушения речи; артикуляционная моторика.

В системе техник логопедического воздействия при проведении коррекционно-логопедической работы значительная роль отводится логопедическому массажу. Логопедический массаж является частью комплекса лечебно – оздоровительных и коррекционно – развивающих мероприятий, которые осуществляются логопедом в рамках реабилитационного центра. Логопедический массаж – это активный метод механического воздействия, который позволяет изменить состояние мышц, нервов, кровеносных сосудов и тканей периферического аппарата.

В современной логопедической практике используются разнообразные виды массажа, которые описаны в научно-методических работах следующих авторов: Микляева Ю.В., Блыскина И.В., Архипова Е.Ф., Новикова Е.В., Краузе Е.Н.[1-5]. Как правило, авторами выделяются следующие виды массажа:

- дифференцированный (укрепляющий или расслабляющий) - является основным и основан на приемах классического массажа;
- массаж с применением спец. приспособлений (зондовый массаж и др.);
- массаж биологически активных точек (БАТ)[1];
- самомассаж.

Различные приемы проведения логопедического массажа рекомендованы всем детям с нарушением речи, однако необходимо учитывать некоторые противопоказания к проведению логопедического массажа.

Как правило, логопедический массаж рекомендуется проводить только с разрешения врача – невропатолога, с предоставлением справки об отсутствии противопоказаний. Основными противопоказаниями являются[2, 3]:

- любое соматическое или инфекционное заболевание в остром периоде;
- конъюнктивиты;
- острые и хронические заболевания кожных покровов;
- гингивиты;
- стоматиты;
- наличие герпеса на губах или другие инфекции полости рта;
- наличие увеличенных лимфатических желез;
- резко выраженная пульсация сонных артерий;
- судорожная готовность;
- эпилепсия;
- отек Квинке в анамнезе [2];
- если ребёнок недавно перенес ангину (после выздоровления должно пройти не менее 10 дней).

Прежде чем приступить к проведению массажа, логопед должен определить форму и структуру речевого дефекта, после чего ставить вопрос о необходимости проведения массажа.

Основным показанием к проведению массажа является изменение мышечного тонуса, которое может отмечаться как в общей мускулатуре, так и в органах речевого аппарата. Тщательная диагностика состояния мышц и артикуляционной моторики позволяет определить тактику массажа в каждом конкретном случае. Определение тонуса мускулатуры лучше всего проводить в положении ребенка лежа, при этом исследуемые мышцы находятся в максимально расслабленном состоянии [1,3,4].

В норме мышцы находятся в состоянии некоторого напряжения – *оптимального тонуса*. Консистенция здоровой мышцы мягкая, упругая, эластичная, а ощупывание ее безболезненно.

При повышении тонуса мышцы более плотные, могут быть ригидными, пассивные движения совершаются с трудом. При понижении мышечного тонуса мышцы на ощупь вялые и дряблые. Пальпация мышц проводится в два этапа. Вначале кончиками слегка согнутых пальцев ощупывают поверхностный слой мышцы, а затем, не отрывая пальцев, проникают постепенно все глубже и глубже, исследуя состояние среднего и глубокого слоев. Нарушения тонуса и подвижности артикуляции отмечаются визуально.

В лицевой мускулатуре показанием к проведению массажа является:

- наличие асимметрии, сглаженность носогубных складок, опущение одного из углов рта, перекос рта в сторону при улыбке и плаче;

- гипомимия;
- нарушение тонуса: повышен резко, повышен нерезко, понижен резко, понижен нерезко, неоднородное повышение мышечного тонуса;

- гиперкинезы лица;

- смешанный тонус (неравномерный);

В губной мускулатуре необходимо обратить внимание на следующие показания:

- резкое или незначительное ограничение подвижности губ;
- недостаточность смыкания губ, затруднение удержания рта закрытым, опущение нижней губы, препятствующее полному захвату соски.

В язычной мускулатуре нарушения мышечного тонуса можно определить по следующим признакам:

- патология строения языка (при спастичности - язык массивный, оттянут «комом» кзади или вытянут «жалом» вперед, при гипотонии - тонкий, вялый, распластаный в полости рта; раздвоенность языка, невыраженный кончик языка, укорочение уздечки);

- патология положения языка (девиация в сторону, высовывание языка изо рта);

- гиперкинезы, тремор, фибриллярные подергивания языка;

- ограничение подвижности язычной мускулатуры (от полной невозможности до снижения объема артикуляционных движений);

- повышение или понижение глоточного (рвотного) рефлекса.

- смешанный тонус (неравномерный).

Правильное строение и функционирование мягкого и твердого неба обеспечивает дифференцированное дыхание и четкость речи.

В мускулатуре мягкого неба необходимо обратить внимание на:

- провисание небной занавески (при гипотонии);

- отклонение увулы от средней линии.

В твердом небе показанием для проведения массажа является;

- небо высокое, готическое, узкое, уплощенное, наличие в нем расщелины. Нарушение прикуса и аномалии зубного ряда существенно нарушают звукопроизношение и внешний вид лица. Для коррекции прикуса используются комплексы миогимнастических упражнений.

При диагностике необходимо обратить внимание на особенности дыхания:

- инфантильные схемы дыхания (преобладание брюшного типа дыхания после 6 мес.), учащенное, поверхностное дыхание;

- дискоординация вдоха и выдоха (поверхностный вдох, укороченный слабый выдох)

- стридор (хриплое дыхание)

Важной характеристикой правильной речи является навык владения голосом. Основными признаками нарушения голосообразования могут быть:

- недостаточная сила голоса (тихий, слабый, иссякающий);

- отклонения тембра голоса (наализованный, глухой, хриплый, сдавленный, напряженный, прерывистый, дрожащий);
- нарушения голосовых модуляций, интонационной выразительности голоса;
- повышенный тонус мышц гортани определяется путем прикладывания ладони к передней части шеи. При этом ощущаются плотные и напряженные мышцы и при глотании не возникает смещения гортани вверх.

Перед началом процедуры ребенок должен принять правильную позу - позу покоя. Принятие правильной позы способствует расслаблению мышц, делает дыхание свободным, а также обеспечивает удобную позу логопеда при проведении массажа [1, 4]. Для проведения логопедического массажа рекомендуются следующие оптимальные положения тела:

1. Ребенок лежит на спине, руки вытянуты вдоль туловища, ноги лежат свободно, носки ног несколько разведены. Под головой небольшая плоская подушка, которая доходит до верхнего края лопаток. Логопед занимает положение за головой пациента или справа от него.

2. Поза – полусидя в кресле с высоким подголовником. Логопед - за головой пациента.

3. При наличии у ребенка патологических тонических рефлексов, ребенку придают положение, при котором проявления патологических тонических рефлексов минимальны - рефлекс-запрещающие позиции [1].

**3.1. Поза «Эмбриона»** - в положении на спине приподнимают и опускают голову ребенка на грудь, руки и колени сгибают и приводят к животу. В этой позе производят плавные покачивания до 6-10 раз, направленные на достижение максимального мышечного расслабления.

**3.2. В положении на спине** под шею ребенка подкладывается валик, позволяющий несколько приподнять плечи и откинуть назад голову; ноги при этом сомкнуты в коленях.

**3.3. В положении на спине** голова с обеих сторон фиксируется валиками, позволяющими удерживать ее по средней линии.

**К основным приемам логопедического массажа относятся:**

**1. Поглаживание:** поверхностное, глубокое обхватывающее, граблеобразное. Обязательный прием, с которого начинается каждая процедура. Его чередуют с другими приемами и им заканчивают каждый массажный комплекс. Поверхностное поглаживание - это наиболее мягкий щадящий прием. Выполняется медленно и ритмично, без смещения массируемых тканей. Прием не должен вызывать кожно-сосудистой реакции в виде повышенного покраснения кожи. Глубокое обхватывающее поглаживание - более интенсивный прием. Оказывает некоторое возбуждающее воздействие на ЦНС. Движение должно быть непрерывным и медленным (не отрывая руки, в строгом соответствии с анатомическими контурами). Граблеобразное поглаживание - в основном используется при массаже волосистой части головы. При выполнении этого движения пальцы широко расставлены. Движения осуществляются в продольном, поперечном, зигзагообразном и круговом направлениях.

Значение приема: при поглаживании усиливается кровообращение в поверхностно расположенных сосудах, снижается мышечный тонус, регулируется дыхание.

**2. Растирание.** Проводится на малых, ограниченных участках, в области отдельных мышечных групп. Выполняется с применением определенной силы давления, что вызывает смещение и некоторое растяжение массируемых тканей. Выполняется ребром ладони, всей ладонью. Движение осуществляется в прямом и спиралевидном направлении.

Значение приема: значительно усиливается кровообращение, улучшаются обменные процессы в тканях, повышается тонус мышц.

**3. Разминание.** Выполняется так же, как и растирание. Состоит в захватывании, сдвигании, оттягивании, сдавливании, сжимании, пощипывании, перетирании тканей. Перетирающие движения осуществляются в различных направлениях - продольно, поперечно, полукругло, спиралевидно.

Значение приема: максимально активизирует работы мышц. В наибольшей степени повышается тонус мышц, усиливается их сократительная функция. Этот прием является фактически пассивной гимнастикой для мышц, поэтому он применяется при функциональной недостаточности мышц и их сниженном тонусе.

**4. Вибрация и поколачивание.** Сильная и жесткая вибрация - повышает тонус мышц. Легкая и слабая вибрация - снижает тонус мышц.

Значение приема: улучшает внутритканевой обмен, улучшает трофику тканей. Поколачивание применяется на лице, особенно в местах выхода нервов, а также там, где мало жировой клетчатки

(лоб, скуловые кости, нижняя челюсть). Движения выполняются одной рукой, двумя руками одновременно или попеременно. При этом тканям придаются колебательные движения различной частоты и амплитуды.

Вибрация противопоказана детям с судорожной готовностью и при эпилепсии.

Значение приемов: улучшают внутритканевой обмен, трофику тканей.

**5. Плотное нажатие** - используется в местах выхода пучков нервных окончаний, это так называемые биологически активные точки[5]. Плотным нажатием этих мест заканчивается, как правило, любое поглаживание.

Значение приема: улучшает кровообращение, лимфообращение, обменные процессы. [1-5]

Выбор приемов массажа зависит от состояния мышечного тонуса, двигательных возможностей и патологической симптоматики. При пониженном тоне речевой мускулатуры рекомендуется использование следующих приемов: поглаживание, растирание, разминание, сильная вибрация, поколачивание. При повышенном тоне (спастическом состоянии мышц) используется в основном поглаживание и легкая вибрация. Чтобы расслабить мышцы, выполняемые движения должны быть легкие и поверхностными в «ритме сердца» (одно движение в секунду). При активизации мышечного тонуса скорость движений повышается, и сила воздействия более глубокая и интенсивная.

Таким образом, использование логопедического массажа способствует оптимизации и стабилизации мышечного тонуса у детей с различными речевыми патологиями. Правильная диагностика и оптимальный выбор приемом массажа, улучшает уровень коррекционной логопедической работы.

1 Архипова Е.Ф. Логопедический массаж при дизартрии. - М., 2009

2 Блыскина И.В. Комплексный подход к коррекции речевой патологии у детей. Логопедический массаж: Методическое пособие для педагогов дошкольных образовательных учреждений. - СПб., 2010

3 Микляева Ю.В. Логопедический массаж и гимнастика. Работа над звукопроизношением. - М. 2010

4 Новикова Е.В. Зондовый массаж: коррекция звукопроизношения. наглядное практическое пособие. - М. 2000

5 Краузе Е.Н. Логопедия. СПб. 2002

#### Түйін

Харинская Е.В. – мұғалім-логопед ТП ҰНПО, Қазақстан Республикасы, Алматы, [harinskayaew@mail.ru](mailto:harinskayaew@mail.ru)

Пармузин А.М. – ұстаз-дефектолог ТП ҰНПО, Қазақстан Республикасы, Алматы, [anton-satr@mail.ru](mailto:anton-satr@mail.ru)

**Оналту орталығының аясында логопедиялық массаждың технологиялық ұйымдастырылуы**

Бұл мақалада түзету орталығының жағдайында логопедиялық массажды ұйымдастыру сұрақтары қарастырылып, мимикалық бұлшықет және артикуляциялық аппараттық бұлшықет тонусын диагностикалау бойынша ұсыныстар берілген. Логопедиялық массажды жүргізудің негізгі әдістері мен тәсілдері сипатталған. Бұзылыстың құрылымын ескере отырып логопедиялық массаждың тәсілдерін тиімді таңдау бойынша ұсыныстар берілген. Логопедиялық сабақтар жүйесінде логопедиялық массажды жүргізу және ұйымдастыру бойынша әдебиеттерге шолу жасау жүргізіледі.

Логопедиялық массаж жүргізілген балалар категорияларына байланысты логопедиялық массаждың түрлері қарастырылған. Логопедиялық массаж процедурасын жүргізуде негізгі қарама-қайшылықтар көрсетілген. Бұл әдістің логопедиялық түзету сабақтарында тиімділігі ашық көрсетілген.

**Түйін сөздер:** логопедтік массаж; сөздер бұзушылықтар; артикуляциялық моторика

#### Summary

Harinskaya E.V. - speech therapist GI NNPC KP, Republic Kazakhstan, Almaty, [harinskayaew@mail.ru](mailto:harinskayaew@mail.ru)

Parmuzin A.M. - pathologist GI NNPC KP, Republic Kazakhstan, Almaty, [anton-satr@mail.ru](mailto:anton-satr@mail.ru)

**The technology of organization logopaedic massage in conditions rehabilitation centre**

Questions of organization logopaedic massage in conditions of rehabilitation centre are uncovered in the article. The recommendation on realization of diagnostic muscular tone of the articulatory organs are given in this article. The review of literary sources is conducted on organization and realization of logopaedic massage in the system of speech therapy employments. Considered the different appearances of the logopaedic the massage. specify category children which recommending logopaedic massage. Speech therapist must know the main contra-indication to the realization of procedure logopaedic massage. Efficiency of this method is exposed in the system of speech therapy correction employments.

**Keywords:** speech therapy massage; allolalias; articulatory movement

УДК 37.016-056.36

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЫН ӘРЕКЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Л.Х.Макина - ҚазҰПУ п.ғ.к., доцент

А.Д.Нұрланбекова - ҚазҰПУ магистрант, оқытушы

Г.Н.Толегенова - Абай атындағы Қазақ ҰПУ Педагогика және психология институты  
«Олигофренопедагогика» мамандығының 3 курс (3 жылдық) студенті, tolegenova-gauhar@mail.ru

Ұсынған мақалада мектепке дейінгі зияты зақымдалған балалардың ойын әрекетінің ерекшеліктеріне талдау жасалынған. Ойын - мектепке дейінгі зияты зақымдалған балалар үшін айналы танып білу тәсілі. Ойын-мектепке дейінгі зияты зақымдалған балалардың негізгі іс-әрекеті болып табылады. Ойын үстінде баланың түрлі қасиеттері, қабілеті мен белсенділігі байқалады. Ойын-ұшқын,білуге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты.

**Түйін сөздер:** ойын, дидактикалық ойын, ойын терапиясы, заттық дидактикалық ойындар, үстел үсті ойындары, сөздік дидактикалық ойындар, психокоррекция, психотерапевтикалық әдіс, психотерапия, сюжеттік-рөлдік ойындар, тапқырлық ойындар, ізденімдік ойындар, іскерлік ойындар, драмалық ойындар

Ойын – мектепке дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Ойын-бұл ситуациялық жағдайда қоғамдық тәжірибені игеру және қайта туғызуға бағытталған әрекет түрі. Ойын барысында тұлғаның мінез-құлқын өзі басқаруы жетіліп, қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалар өзінің айналасындағы қоршаған ортамен танысуға өте құштар. Мектептеде тәрбиеленушілердің танымдық іс-әрекетін қалыптастыруда негізгі жұмыс түрі – ойын әрекеті. Бала саналы, мәдениетті, адамгершілігі мол болып, жан-жақты дамуы үшін және тілін дамытып, сөз байлығын дамыту үшін және айналадағы өмір құбылысын ұғыну үшін пайдаланудың маңызы зор. Бұл баланың бірнеше сұрақтар қоюына әкеліп соғады. Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады. Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындалады, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығармашылық қабілеті мен дарынын ұштайды. Ойынсыз ақыл- ой қалыпты дамымайды. Ойын арқылы баланың рухани байлығы өмірмен ұштасып, айналасындағы дүние туралы түсінік қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалар көргендерін, байқағандарын, айналасынан естігендерін ойын кезінде қолданатын байқауға болады. Ойындар тек денені ғана емес, ойды да жаттықтырушы. Халық өзін қоршаған дүниенің қыры мен сырын егжей-тегжейлі білуді баланың санасына ойын арқылы беруді көздеген. Ойын бала табиғатымен егіз. Өйткені ойынсыз өспек емес, жан-жақты дамымақ емес. Бала белсенділігі негізінен екі түрлі: сыртқы және ішкі белсенділіктен тұрады. Сыртқы белсенділігі көбінесе ойын арқылы, қимыл, қозғалысы, әсіресе өмірлік әрекетіне байланысты болып келеді. Баланың ішкі белсенділігіне оның ойлау әрекетіндегі белсенділігі жатады. Баланың ішкі, сыртқы белсенділігін бөле-жара, бір-бірінен ажырата қарауға болмайтыны байқалады. Нақтылап айтсақ, баланың ойы, қабылдауы, дағдысы ең сақ, баланың ойы, қабылдайы, дағдысы ең алдымен сырттан болатын әсерлердің негізінде ішкі әсерлерді туғызып, қабылдау белсенділігін арттырады. Ойын - өмірдегі, іс-әрекеттегі пайдасыз және сонымен қатар аса қажетті маңызды құбылыстардың бірі болып табылады. Ойынның, әсіресе балалардың психологиясына тигізетін әсері көп, ойын кезінде балалардың ортамен қарым-қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өсіп, мінез-құлқы қалыптасады, ойынның сан алуандылығы балаларды достыққа, адамгершілікке, тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулиды. Ойын - біріншіден, баланың жеке басын дамытуда қоғамдық мәні бар іс-әрекеттің мақсат-бағдарлы қажеттілікті қанағаттандыруға негізделген белсенді формасы деп, екіншіден, баланың танымдық, шығармашылық, жеке басының қасиеттерін, ақыл-ой сапаларын жетілдіретін тәрбие және оқыту құралы ретінде түсіндіріледі. Ойын әрекеті мазмұнынан әлеуметтік сипаты баланың қоғамдық өмір сүретіндігімен байланысты. Ойын баланың ішкі әлеміне нақты форма мен өрнек береді, өз жекелігін кеңейтеді. Ойын ойнағанда болме теңіз де, ұшақ та темір жол вагоны да болуы мүмкін. Балалар ойын кезінде тыныш отыра алмайды. Тіпті жалғыз баланың өзінде де сөйлесіп жүреді. Сондықтан, ойын барысында тілдесім үлгісі қалыптасады. Ойын әрекеті - өзіндік әрекет. Педагогикада өзіндік жұмыс өз алдында жеке тұрып оқыту ұсталған бола алмайды. Ал баланың ойын үстіндегі өзін-өзі жаттықтыруы, өмірді білуге деген құмарлығы, шашығуы, шындалуы, оның ақыл-ойын, дене еңбегіндегі белсенділігін арттырып, алдына қойған мақсатына жетуге деген ерік-қайратын шындайды, алға қарай ұмтылысын, күштарлығын оятады.

Ойын терапиясы - үлкендер мен балалардың ойынның игерушілік әсерінің психотерапевтикалық әдісі. Ойын турғаның дамуына деген күші ықпалын осы ұғыммен суреттейтін түрлі әдістемесінің негізінде жатыр. Қазіргі психокоррекцияда ойын түрінде арнаулы жаттығудың тапсырмалардың вербалды емес коммуникациялар топтық психотерапия және әлеуметтік-психологиялық тренингте пайдаланылады, түрлі жағдайда ойнатылады және т.б. Ойын топтағы қатысушылармен қатынас жасауға қабілетті, мазасыздықты, аландаушылықты, айналандағы қорқыныштарды, өзіндік бағалауды жоғарылатады, түрлі жағдайда тіл табыса алуын тексеру, әлеуметтік мәнді қауіпін түсіру т.б. көмектеседі. Әдістің негізгі идеясын баланың қандай да бір рөлдерді ойнап отырып өз мәселелерін, мазасыздануларын, қоршаған әлем туралы түсініктерін анықтауға мүмкіндік білдіреді. Ойынның терапиясы өзіндік әрекеттестікті баламен ересек меншікті шарттарда соңғы ұсынады, қай кезде оған еркін өзіндік айту мүмкіндігі мен мен сезім бір уақытта қабылдаса ересектік белгілері. Қазіргі уақытта ойынтерапия қолданысының шеңбері бірталай ауқымданды.

А.С.Макаренко атап көрсеткеніндей, «Үлкендер үшін жұмыс, қызмет қандай роль атқарса, бала үшін ойын да дәл сондай роль атқарады» деген болатын. Бала ойында қандай болса, өскенде де сондай болмақ.

Ұлы педагог В.Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дейді, демек балалармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады.

Сұлтанмахмұт Торайғыров «Балалықтың қанына ойын азық» деп бекер айтпаған. Өйткені, ойын үстінде баланың бір затқа бейімділігі, мүмкіндігі және қызығуы анық байқалады. Балалар үшін дидактикалық ойынның алатын орны өте ерекше. Дидактикалық ойын-баланың қызығушылығына негізделген оқыту тәсілдерінің бірі. Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын баласы екенін ескере келе, дидактикалық ойындардың жүйелі қолданылуы жақсы нәтиже береді. Дидактикалық ойындарды пайдалану мәселесі педагогикалық теорияда кеңінен қарастырылған. Дидактикалық ойындарды таңдап алу, оларды дұрыс өткізу мен ұйымдастыру-оның табысты болуының шешуші шарттары. Ойынды оқу әрекетіне енгізу, біріншіден сабақта қолайлы жағдайдың болуы, екіншіден мұғалімнің шеберлігін, үшіншіден оқушылардың психологиялық көңіл-күйінің болуын талап етеді. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндетті шешеді. Дидактикалық ойындардың тиімділігі, олардың сабақтың кезеңіндегі орны мен міндетін және мақсатын дәл анықтауға, оны қолданудың теориясы мен практикасының мұғалімнің жетік игеруіне, шеберлік танытуына, ойынға қажетті материалдардың жиынтығын алдын-ала дайындап алуға, ойын процесіне оқушыларды белсенді ұйымдастыруға байланысты. Дидактикалық ойындар мектеп жасына дейінгі балаларға меилінше тән оқыту формасы болып табылады, оның арғы тегі ойынды олең мен кимылмен ұштастыру негізінде көп нерсені үйрететін ойындарды жасаған халық педагогикасына жатыр. Мысалы: «Сикырлы қалпақтың сырын ашайық» деген ойында балаларды зат туралы айта білуге үйрету, олардың жүйелі сөйлеу қабілетін дамыту міндетін алға қойылады. Ойын міндеті-қалпақтың астында не бар екенін білу. Мектепке дейінгі балалар белсенді және өте қозғалмалы болып келеді. Бұл жастағы балалар өздерін еркін ұстап, ойынға аса қызығумен қатысады, өзінің айналасындағы нәрселерді көріп, соны бейнелеуді ұнатады. Рөлдік ойындарды табысты және қарқынды жүргізе біледі. Сөйлеу әрекетінде қозғаушы күш-ырғақ. Сөйлеу ырғағын құру тәрбиешілердің рөлдік ойындарды ұйымдастырудағы ең қиын іс-әрекеті. Дидактикалық ойындарды таңдап алу, оларды дұрыс өткізу мен ұйымдастыру-оның табысты болуының шешуші шарттары. Дидактикалық ойындардың қайсысын болмасын өткізу барысында оқушылар түрлі іс-әрекеттерді орындайды. Дегенмен олардың қандай да бір іс-әрекеттің басым орындалуына орай топтастыруға болады. Демек, ойын барысында орындалатын негізгі іс-әрекеттерді анықтап, оның түрлерін іс-әрекетке орай алмастырып отыруға тура келеді. Кейбір дидактикалық ойындарда оқушылардың орындаушылықпен (қайта берілген үлгіге еліктей отырып), біршамасында еске түсіруімен, (қайта жаңғыртумен) байланысты, қайсы бірінде тексеру мен бақылау, өзгерту, түрлендіру, әртүрлі мүмкін варианттарды іздестіру сияқты іс-әрекеттер орындалады. Ойын адам әрекетінің бір түрі болғандықтан, оның да өзіне тән мотивтері болады. Ойынның қозғаушы күші - баланың нақты тілегі мен қызығуы.

#### Дидактикалық ойын түрлері

1) Заттық дидактикалық ойындар

Бұл ойын әртүрлі ойыншықтармен және әртүрлі ойын материалдарымен ұйымдастырылады.

### **Заттық дидактикалық ойындар**

Заттық дидактикалық ойындарда ойыншықтар мен нақты заттар қолданылады. Олармен ойнап, балалар салыстыруды үйренеді, заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын белгілейді. Бұл ойындардың құндылығы сонда, балалар олардың көмегімен заттардың қасиеттерімен, олардың белгілерімен: түсі, көлемі, пішіні, сапасымен танысады. Ойындарда салыстыруға, классификациялауға тапсырмаларды шешеді, тапсырмаларды шешуде реттілікті белгілейді. Балалармен заттық орға туралы жаңа білімді меңгеру шамасы бойынша ойындарда тапсырмалар күрделенеді: балалар қандай да бір қасиетімен затты анықтауға жаттығады, дерексіз, логикалық ойлауды дамыту үшін маңызды, заттарды осы қасиеті бойынша (түсі, пішіні, сапасы, міндеті және т. б.) біріктіреді.

Тәрбиеші табиғи материалдарды (өсімдіктердің тұқымдары, жапырақтары, гүлдері, тастар, бақалшықтар және т.б.) мынадай ойындар: «Бұл ненің тұқымы?», «Бұл қандай ағаштың жапырағы?», «Күзгі жапырақтардан гүл шоғын жина» және т.б. өткізуде қолданады. Тәрбиеші бұл ойындарды табиғатпен жанасып серуен мезгілінде ұйымдастырады.

#### **«Қапшықта не жатыр?»**

**Мақсаты:** Балалардың зат пен пішіндер арасындағы ұқсастықты айыра білу туралы білімдерін бекіту.

**Құрал жабдықтар:** геометриялық пішіндер жинағы; әр түрлі пішіндегі ойыншықтар: ағаш шарлар, жұмыртқа, доптар, жидектер, жемістер, көкөністер, дөңгелек және сопақша пішіндегі ілгектер.

#### **Ойынның барысы:**

Балалар жартылай шеңбер болып тәрбиеші алдында отырады. Үстелдің бір шетіне геометриялық пішіндер қойылады. Қапшық тәрбиеші қолында болады. Балалар қапшық ішіндегі заттарды біртіндеп алып, атап, пішіні қандай геометриялық пішінге ұқсас екендігін айтады. Қиналған балаларға тәрбиешінің өзі көмек береді.

- Мынау жұмыртқа ол сопақша пішінді. Ойын аяғына дейін ойналады.

### **2) Үстел үсті ойындары: Лото, домино, қарлы кесек т.б.**

#### **Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындар**

Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындар - балаларға арналған қызық сабақ. Түрлері бойынша олар әртүрлі: сыңар суреттер, лото, домино. Ойындарды ойнаған кезде шешілетін тапсырмалар да әртүрлі.

Суреттер сыңарын табу ойындары. Мұндай ойындағы ең қарапайым тапсырма - алуан түрлі суреттерден бірдей сыңарларын: түстері, үлгілері т. б. бірдейлерін табу. Содан соң тапсырма күрделенеді: бала суреттерді тек қана сыртқы белгілерімен ғана емес, сонымен бірге мағынасы бойынша да біріктіреді, мысалы: барлық суреттердің ішінен екі ұшақты табу. Суретте бейнеленген ұшақтар, түсі, пішіні бойынша әртүрлі болуы мүмкін, бірақ оларды ұқсатып заттардың бір түріне жатқызып, біріктіреді.

Жалпы белгісі бойынша суреттерді таңдау ойындары. Мұнда кейбір жалпылау, заттардың арасындағы байланысты белгілеу талап етіледі. Мысалы, «Бакта (орманда, қалада) не өседі?» ойынында суреттердегі бейнеленген өсімдіктерге сәйкес, олардың өсетін жерлеріне қатысты, суреттердің бір белгісі бойынша біріктіріп, таңдайды немесе «Сосын не болды?» ойынында, балалар қандай да бір ертегі сюжетінің реттілігіне сәйкес, иллюстрацияларды таңдайды. Суреттердің құрамын, санын, орналасуын есте сақтау ойындары. Мысалы, «Тапшы, қандай суретті жасырдық?» ойынында балалар суреттердің мазмұнын есте сақтауы керек, ал содан соң қай суреттің жоқ екенін анықтау керек. Мұндай ойындардың дидактикалық тапсырмалары: балаларда заттардың санын және реттілік есебі туралы, үстел үстіндегі суреттердің кеңістікте орналасуы туралы, суреттермен болған өзгерістерге байланысты айта білу, олардың мазмұндары туралы білімін бекіту болып табылады.

#### **«Мекенін тап» ойыны**

**Мақсаты:** заттарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру.

**Ойынның барысы:** Үй және жабайы жануарлар суретін біртіндеп ала отырып немесе бірнеше балаға бөліп берілген суреттерді мекен жайларына орналастыру қажет. Мысалы: үй жануарларын жайлауға орналастыру. Ал жабайы жануарларды орманға орналастыру керек. Жаңылмай тапсырманы дұрыс орындаған балаларды мадақтап, жаңылысқан балаларға көмектесін түсіндіру керек.

### **3) Сөздік дидактикалық ойындар, яғни ауызша ойналатын ойындар**

#### **Сөздік ойындар**

Сөздік ойындар ойнаушылардың сөздері мен әрекетінен тұрады. Мұндай ойындарда балалар заттар туралы түсініктеріне сүйеніп, олар туралы білімдерін тереңдетіп үйренеді. Балалар өздігінен

түрлі ойлау тапсырмаларын шешеді: олардың сипаттамалық қасиеттерін бөліп, заттарды суреттейді; суреттеу бойынша табады; ұқсастық және айырмашылық белгілерін табады; әртүрлі қасиеттері, белгілері бойынша заттарды топтайды. Сөздік ойындарды педагогикалық үдерісте қолдануға қолайлы болу үшін төрт топқа біріктіруге болады. Олардың біріншісіне заттар мен құбылыстардың маңызды белгілерін бөліп қалыптастыра білуде көмектесетін ойындар: «Тапшы?», «Дүкен», «Иә – жоқ» және басқалар кіреді. Екінші топты балалардың салыстыру, беттестіру, дұрыс ақыл қорытындысын жасауын дамытуда қолданылатын: «Ұқсайды – ұқсамайды», «Кім өтірікті көбірек аңғарады?» және т. б. ойындар құрайды. Үшінші топқа әртүрлі белгілері бойынша заттарды жалпылау және топтастыра білуді дамытатын «Кімге не керек?», «Үш затты ата», «Бір сөзбен ата» және басқа ойындар біріктірілген. Ерекше төртінші топқа зейінді, аңғарымпаздықты, ой ұшқырлығын, байсалдылықты, әзіл оспақты түсіне білуін дамытатын: «Бұзылған телефон», «Түстер», «Ұшады-ұшпайды» және басқа ойындар жатады.

#### **«Ұшады-ұшпайды» ойыны**

**Мақсаты:** заттардың бір-бірінен ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білу.

**Ойынның барысы:** Тәрбиеші дорбаға салынған ойыншықтарды үстел үстіне шашып қояды. Ішінен біреуін алып;

- Ұшады - ұшпайды?- дейді.

Тәрбиеші қуыршақ ұшпайды дейді. Балалар қолдарын көтермейді. Тәрбиеші торғай ұшады, дейді. Балалар қолдарын көтереді.

Мектепке дейінгі баланы өсіретін әрі тәрбиелейтін негізгі іс-әрекет-ойын. Ойын арқылы бала өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғамдық құбылыстармен, адамдардың қарым-қатынасымен танысады. Халқымыз ойындарды тек балаларды алдандыру, көңілін көтеру әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарастарын, мінез-құлқын қалыптастыру құралы деп ерекше бағалаған. Ойын балаларды ұйымшылдыққа үйретеді. Ойын - оқу үрдісіндегі оқытуды ұйымдастыру формасының бір бөлігі, әрі әдісі ретінде дербес қолданылатын дидактикалық категория. Сонымен бірге ойынды тәрбиеші мен балалардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде де қолдануға болады. Сонымен қатар ойындар баланың белсенділігін арттырып, тәртібіне де оң әсерін тигізеді, өзіне де баға бере алады. Әрбір ойын-балалардың адамгершілік жолындағы бір көтерілер баспалдағы сәкілді: Өсіп дамып келе жатқан балалардың бойында алуан түрлі қасиеттер байқалады. Осы қасиеттерді бала бойынан дер кезінде байқап, оған оң баға беру, дамып келе жатқан мінезін дұрыс жолға сала білу, ол-әрбір педагогтың міндеті. Ойын - мектепке дейінгі жастағы балалардың негізгі іс-әрекетінің бір түрі. Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады. Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш-жігерін жұмсап, сезініп білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді. Ойын-адамның өміртанымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып дамиды. Ойынның басты шарты жеңіске жету болса, әр ойыншы өз қарсыласының мүмкіндігімен санасып, бір-біріне деген сенімділігін арттырады. Егер біз ойынды тек көңіл көтеру үшін немесе дем алу ретінде пайдалансақ, одан ешқандай пайда болмайды. Қандай ойын болса да, ол негізгі мақсатқа жұмсалуды керек, өйткені ойын баланы дамытады. Ойын адам жолын ынтымақтығымен бірге, оның бойындағы көптеген қасиеттерді ұштан, білім дәнін бойға білдіртпей дарытады. Ойындардың қай-қайсысы болса да баладан төзімділікті, тапқырлықты, ізденімпаздылықты, шеберлікті, т.б. толып жатқан қасиеттерді талап етеді. Адамның қандай әрекеті болсын қоғамдық әлеуметтік қажеттіліктен туындайды. Бала өзінің қажеттігін өтеу үшін, ішкі талаптарын қанағаттандыру үшін белсенді әрекет жасайды. Баланың ойын әрекеті оның ақыл-ой, дене дамуы үшін қажет. Баланың ойын әрекетіндегі белсенділігін дұрыс бағалап, ойын іс-әрекетінде оның белсенділігіне, білім алуға, қажетті оқумен дағдыны меңсуге және оларды күнбе-күнгі тәжірибеде, өмірде пайдалана білуге үйренуге баланың саналықпен істейтін әрекетіне ұластыруы шарт. Ойын кезінде адамдар арасындағы қарым-қатынасты толығынан бере білу баланы белгілі ережелерге бағынуга үйретеді. Ойын арқылы балалар үлкендердің қоғамдық өмірімен таныса отырып, адамдардың қоғамдық функциясы мен олардың арасындағы қарым-қатынас ережелерін түсінуге де араласады. Ойын сюжетінің әр алуандылығы артқан сайын ойын уақытының ұзақтығы да артады. Мәселен, үш-төрт жастағы балалар ойынының ұзақтығы бар болғаны 10-15 минут болса, төрт-бес жаста балалар ойынының ұзақтығы 40-45 минутқа, мектепке дейінгі ерссектерінің ойыны бірнеше сағатқа, кейде тіпті бірнеше күнге созыла береді. Ойын іс-әрекеті ішінде оқу ісі де қалыптаса бастайды, кейінірек ол бала іс-әрекетінің басты түріне айналады. Мектепке дейінгі бала ойнай жүріп оқи бастайды. Үлкендердің оқуға көзқарасы ойынға көзқарастан



бүгіндей өзгеше. Үлкендер баланың оқуға көзқарасын ақырындап байқаусыз қалыптастырады. Балада оқуға деген тілек пен бастапқы іскерліктері қалыптасады. Дидактикалық ойындардың қайсысын болмасын өткізу барысында оқушылар түрлі іс-әрекеттерді орындайды. Дегенмен олардың қандай да бір іс-әрекеттің басым орындалуына орай топтастыруға болады. Демек, ойын барысында орындалатын негізгі іс-әрекеттерді анықтап, оның түрлерін іс - әрекетке орай алмастырып отыруға тура келеді. Кейбір дидактикалық ойындарда оқушылардың орындаушылықпен (қайта берілген үлгіге еліктей отырып), біршамасында еске түсіруімен, (қайта жаңғыртумен) байланысты, қайсы бірінде тексеру мен бақылау, өзгерту, түрлендіру, әртүрлі мүмкіндіктерін іздестіру сияқты іс - әрекеттер орындалады. Ойын элементтерін пайдалану нәтижелі болу үшін осы сияқты іс-әрекеттерді алмастыра отырып дидактикалық ойындардың өзгермелі болуын да жүзеге асыруымыз керек. Ойын нәтижесі-бұл міндетті шешу мен ережені орындау. Нәтиже мен ойынның аяқталуын екі тұрғыдан бағалау қажет: баланың көзқарасы тұрғысынан және мұғалімнің немесе тәрбиешінің көзқарасы тұрғысынан. Бала ерте жастан-ақ қоршаған ортамен танысады. Ол адамдармен, жануарлармен, әртүрлі заттармен қарым-қатынасқа түсіп, олардың ерекшеліктері мен қасиет-сапалары туралы мағлұматтар алады. Бірақ, бала тек өзінің тәжірибесіне сүйеніп оқыса, оның білімі нақты болмайтыны сөзсіз. Сондықтан білімді пысықтау, бекіту үшін дидактикалық ойындар пайдаланылады. Ойынға тек ойын деп карамай, халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп караған орынды. Бала бала-бақша қабырғасында, бала-бақшадан тыс ұйымдарда ұжым арқылы білім айғағынан, ол әрдайым өз алдында дербес тұлға арқылы іске асқанымен, ойынға қатынасқан әр баланың алдына жеңіске деген ұмтылыс пайда болады.

Қорыта айтқанда, мектепке дейінгі зияты зақымдалған балалардың негізгі іс-әрекеті қарым-қатынас, ойын және еңбек болса, бұлардың әрқайсысы негізгі функцияларды атқарып, баланы дамытады. Баршамызға белгілі ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырлық, шыдамдылық, ұйымдастырушылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады. Сабақтан тыс уақытта ойналатын ойын түрлері балалардың қимыл қозғалысқа деген икемділігін арттырып, шығармашылық қабілетін кеңейтеді. Халық өзін қоршаған дүниенің қыры мен сырын егжей-тегжейлі білуді баланың шамасына ойын арқылы жастайынан сіңіре беруді көздеген. Ойын бала табиғатымен егіз ұғым. Өйткені бала ойынсыз піспек емес, жан -жақты дамымақ емес. Бүгінгі күнгі ойын әдістемелерін ретті қолдана білсек, сабақтың сапасын көтеріп, тиімділігін арттырады, сабақтан тыс уақытта жүргізілетін тәрбие жұмыстарын жандандыра түседі. Мектепке дейінгі зияты зақымдалған балалардың ойын әрекетінің ерекшеліктеріне сай әртүрлі осындай ойын әдістемелерін балалардың жас ерекшеліктеріне қарай қолдана білсек, онда ойын арқылы мектепке дейінгі зияты зақымдалған балалардың бойына тапқырлық, шыдамдылық, ұйымдастырушылық, белсенділік қасиеттерді дарытуымызға болады деп ойлаймын.

1 Катаева А.А., Стребелева Е.А. Дошкольная олигофренопедагогика. – М.: изд. центр Владос, 2005. - 208 с.

2 Баймуратова А., Қасымова Г. Ойын теориясы. Көмекші мектепке арналған байқау бағдарламасы. – Алматы, 2004.

3 Игра дошкольника. Под редакцией С.Л.Новосёловой. – М.: «Просвещение». 1989.

#### Резюме

Л.Х.Макина - КазНПУ к.п.с.н., доцент,

А.Д.Нурланбекова - КазНПУ магистр, старший преподаватель,

Г.Н.Тулегенова - КазНПУ 3 курс (3 л) студент, [tolegenova-gauhar@mail.ru](mailto:tolegenova-gauhar@mail.ru)

#### Особенности игры детей дошкольного возраста с нарушениями в развитии

В статье анализируется игровая деятельность детей дошкольного возраста с нарушением интеллекта. Игра - способ узнать свое окружение. Игровая деятельность носит разведывательный характер у детей с нарушением интеллекта, развивает у них наблюдательность и другие свойства. Игра, разжигая искры любопытства, поддерживает в детях огонь жизни.

**Ключевые слова:** игра, дидактическая игра, игровая терапия, настольные игры, словарь, психологическая коррекция, психотерапевтический метод, психотерапия, ролевые игры, изобретательность, деловые игры, драматические игры.

**Summary**

L.H.Makina - KazNPU ps.s.c., dosent,

A.D.Nurlanbekova - KazNPU master, senior lecturer, algerim\_d85@mail.ru.

G.N.Tulegenova - KazNPU student, 3 rd (3 year) tolegenova-gauhar@mail.ru

**Features of the game for preschool children with intellectual damaged**

In article game activity of children of preschool age with violation of intelligence is analyzed. Game - a way to learn the environment. Game activity has prospecting character at children with violation of intelligence, develops at them observation and other properties. Game, kindling curiosity sparks, supports life fire in children.

**Keywords:** game, didactic game, game therapy, board games, dictionary, psychological correction, psychotherapeutic method, psychotherapy, role-playing games, ingenuity, business games, drama games.

УДК 376.01-053.4-056.264

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФОНЕМАТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ МЕН  
ЖИНАҚТАУДЫҢ БҰЗЫЛУ САЛДАРЫНАН БОЛҒАН ЖАЗУДАҒЫ ҚАТЕЛЕРІН  
ТЕКСЕРУ ТӘСІЛДЕРІ**

*Ибатова Г.Б. – п.г. магистрі, аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология институты, Арнайы білім беру кафедрасы, [Ibatova\\_g@mail.ru](mailto:Ibatova_g@mail.ru)*

*Сарсенқызы А. - Дефектология мамандығының 4 курс студенті, Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология институты.*

Соңғы кезде бастауыш сынып мұғалімдері оқушылардың жазуындағы бұзылыстар мәселесімен жиі кездеседі. Балалар әріптерді тастап кетіп, шатастырады, айнада көрінгендей етіп жазады немесе созде қажетсіз әріптерді қосып жазады. Мұғалімдер көбінесе оқушылардың мұндай қателерін олардың зейінінің тұрақсыздығы немесе жалқаулығымен байланыстырады, орфографиялық және леп белгілері сияқты қателерге жатқызып тоқсан соңында бала үлгермейтін болып шығады. Ал оны арнайы мамандар ғана түсініп, кейін олардың салдарынан баланың жазбаша сөйлеу тілі бұзылатынын атап, ұзақ уақытқа созылатын түзету жұмысы қажет екені туралы айтады.

Оқушылар жазуды меңгерудегі қиындықтарға тап болады әліпбидің әріптерін нақты танымауы, дыбысты әріпке немесе керісінше айналдырудағы қиындықтар, баспа графеманы жазу белгісіне ауыстырудағы қиындықтар, дыбыстық талдау мен жинақтаудағы қиындықтар. Келешекте жазу процесінің қалыптасуы бұзылады.

**Түйін сөздер:** дисграфия, дыбыстық талдау мен жинақтау, жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы, фонематикалық түйсік, фонематикалық түсінік, фонематикалық қабылдау, фонематикалық жинақтау.

Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары жөніндегі ілім бір ғасырдан астам уақыт белгілі. Заманауи логопедияда жазу бұзылыстарының себептері, пайда болу механизмі, осы бұзылыстың құрылымы жөніндегі мәселелері жеткілікті қарастырылып; түзетудің түрлі әдістері мен мазмұны, әдіснамалық негіздері құрастырылған (Л.Н. Ефименкова, А.Н.Корнев [1], Р.И. Лалаева [2], Е.А.Логинова, Л.Г.Парамонова, И.Н. Садовникова [3], Е.Ф. Соботович, О.А.Токарева [4], С.Б.Яковлев и др.).

Балалар жазбаша және баспа әріптерді оптикалық және моторлық белгілері бойынша шатастырады, бірнеше сөзді бір сөз етіп қосып жазады немесе сөздерді бөліктерге бөледі. Егер балаға аталған қателерді түзетуге бағытталған көмек уақытылы көрсетілмесе, екінші сынып соңында олар дисграфияға әкеліп соғуы мүмкін.

Ондай балалардың жазуда жіберетін қателерін тексеріп, кейін түзету жұмыстарын жүргізу қажет. Ол кемшіліктерін анықтау үшін біз мақалада арнайы әдістемелерді ұсынып отырмыз. Олар мыналарға бағытталады:

1. Мәтіннің құрылымын талдау мен жинақтауын тексеру;
2. Сөйлемнің құрылымын талдау мен жинақтауын тексеру;
3. Буындық талдау мен жинақтауын тексеру;
4. Фонематикалық талдау мен жинақтауын дамыту.

1. Мәтіннің құрылымын талдау мен жинақтауын тексеру:

- 1) Бұмаларған мәтінді қалпына келтіру.
- 2) Мәтінді толықтыру.

- 3) Тұтас мәтіннен сөйлемдерді бөлу (атау).
  - 4) Жеке сөйлемдерден мәтін құрастыру.
2. Сөйлемнің құрылымын талдау мен жинақтауын тексеру:  
Сөйлемдегі сөздердің санын, кезектілігін, орнын белгілеуге арналған тапсырмалар:
- 1) Берілген санға сәйкес сөздерден сөйлем құрастыру.
  - 2) Сөйлемдегі сөздердің санын көбейту.
  - 3) Кезектілігі қате сөздерден сөйлем құрастыру (мысалы, өсті, бақша, қияр, жасыл).
  - 4) Бір зат әртүрлі жағдайда бейнеленген бірнеше суреттерге қарап сөйлем құрастыру (доп сөреде жатыр, допқа шыбын қонды, бала доппен ойнап жатыр). Балалар сөйлемдердегі «доп» сөзінің орнын анықтайды (1-ші, 1-ші, 2-ші).
  - 5) Белгілі бір сөзбен сөйлем құрастыру.
  - 6) Сөйлемнің графикалық сызбасын құру: сөйлемді ұзын жолақшамен, сөздерді - ұсақ жолақшалармен белгілеу.
  - 7) Графикалық сызбаға сәйкес сөйлем құрастыру.
  - 8) Сөйлемдегі сөздің орнын табу (сөйлемде .. сөз нешінші тұр).
  - 9) Сөйлемдегі сөздердің санына сәйкес санды көтеру (2, 3, 4, 5).
3. Буындық талдау мен жинақтауын тексеру:
- 1) Сөзді буындарға бөлу (шапалақтап, тақылдатып). Қолдың оң жақтан солға қарай және керісінше сол жақтан оңға қарай қимылымен буынға бөлу. Алақанмен аятыңғы иектің қозғалуын қадағалап, буынға бөлу.
  - 2) Сөздегі дауысты дыбыстарды табу (атау). Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады.
  - 3) Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату – логопед дыбыстарды (дауысты, дауыссыз) айтқан кезінде балалар керекті дыбысты естігенде жалауша көтереді (сөздегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды атау, дауыссыздарды айқандағы кедергілерді түйсініп айту).  
*Буындағы дауысты дыбысты атау:* ах, ус, ма, да, кра, аст, зол.
    - а) буындағы тек дауысты дыбысты ата;
    - ә) буынның дауысты дыбысына сәйкес әріпті көтер;
    - в) буындардың тек дауысты дыбыстарын жаз;
    - г) берілген дауыстымен буын ойла.
    - ғ) буындағы дауысты дыбыстың орнын тап және сәйкес әріпті көрсет.
    - д) дауысты дыбыс 1-ші, 2-ші, 3-ші орында тұратын буындар айт.*Сөздегі дауысты дыбыстарды атау.*  
*Келесі жаттығулар ұсынылады:*
    - Сөздегі дауыстыларды ата. Ұсынылған сөздердің айтылуы мен жазылуында айырмашылық жоқ (қала, алма, бас, диван, мысық, тарақ, жорға, қалам).
    - Сызбаға сөздің тек дауысты дыбыстарын жаз. Мысалы, *мысық* сөзі былай белгіленеді: ы ы ы, *алма* сөзі - а а.
    - Бірінші сөздің дауысты әріптерін бөліп көрсет, кеспе әріптерді орнына қой.
    - Дауысты әріптердің астына суреттерді қой. Балалар алдымен суреттерде бейнеленген заттарды атайды. Суреттердің атауы бірбуындық сөздерден құралған болуы керек (сан, тас, қас, бас, қант).
    - Әртүрлі графикалық сызбалардың астына тек дауысты әріптер жазылған суреттерді қой: а а а а а а. Екі буындық сөздерге суреттер ұсынылады, мысалы: шыбын, мысық, қасық, алма.
    - Дауысты әріптер жазылған әртүрлі графикалық сызбаларға сөздер құра.*Буындық талдау мен жинақтауды тексеруге арналған тапсырмалар:*
    - 1) Берілген сөзді буындап қайтала. Буындар санын сана.  
Берілген сөздердегі буындар санын ата. Сәйкес цифрды көрсет (1, 2, 3). Буындық құрамы әртүрлі сөздер ұсынылады: бірбуынды, екібуынды, үшбуынды, қарапайым және дауыссыз дыбыстар қатар келген буындар. Мысалы: тақ, үстел, шана, шаңғы, балық, қант, жарыс. Сөздер әртүрлі кезектілікте беріледі.
    - 2) Суреттерді екі қатарға бөліп қой (атауындағы буындар санына қарай). Суреттер: жаға, алмұрт, тырна, шағала, жайлау, қызанақ.
    - 3) «Пойыз». Балаларға пойыздың макеті ұсынылады: паровоз және 1,2,3 цифрларымен белгіленген үш вагоны. Бірінші вагонда бірбуындық сөз-суреттер, екіншіде – екібуындық, үшінші вагонда – үшбуындық.

4) Атауы екі немесе үш буыннан құрылған гүлдер, ағаштар, үй жануарлары, жабайы аңдар, ылыстар, жиназдарды ата.

5) Суреттердің атауындағы бірінші буынды ата, жазып қой. Буындарды сөзге немесе сөйлемге біріктіріп, оқы. Балаға келесі суреттерді ұсынуға болады: машина, алмұрт, май, ай, алқа, көсеу, алмұрт. Сөздердегі бірінші буынды атаған соң, сөйлем пайда болады: Мама Алмаға көйлек алды.

6) Суреттің атауындағы жоқ буынды тап. Мысалы: -ма, жа-рақ.

7) Кезексіз берілген буындардан сөз құра: -рық, қы-, -бат, қа; -пы, рақ, жа; тау, ас; ны, бат, рау, ық.

8) Буындап айтылған сөздер немесе сөйлемдерді тап: ба-ла-лар фут-бол ой-на-ды.

9) Сөйлемнен екі, үш буыннан құралған сөздерді тап.

10) Сюжетті сурет бойынша бір, екі, үш буыннан құралған сөздерді тап. Алдын ала сюжетті суретте бейнеленген заттар аталады.

*Есту-айту түсініктері негізінде ойша буындық талдау мен жинақтауын тексеру.*

- Екі немесе үш буындық сөздер ойла.

- Берілген буын сөздің басында тұратын сөз айт, мысалы –ша- буынымен. (шана)

- Берілген буын сөздің соңында тұратын сөз айт, мысалы –ла- буынымен. (шағала).

- Суреттің атауында буындар санын ата (суреттің атауы алдын ала айтылмайды).

- Суреттің атауындағы буындар санына сәйкес цифрларды (1, 2, 3) көтер. Логопед суреттердің атауын атамай, көрсетеді.

- Сюжетті сурет бойынша (суреттің атауы алдын ала айтылмайды) бір, екі, үшбуындық сөздерді ата.

- кеспелі әліпби әріптерінен буындар құрау, буындарды жаз: ма, ал, қа, ас, тра, тор, сыр, қас.

- Буындағы әріптер орнын ауыстыр. Жаңа буынды ата. Логопед буынды оқиды, балалар буынның әріптерін кері кезектілікте айтады. Мысалы: су – ус, ақ –қа.

А) ас, ар, ор, ан, ум, оқ, ғұ, сұ;

Б) на, қа, но, со, ку, лу, ны, мы.

Кестемен жұмыс:

А ұ о у ш

С у о а ұ

Логопед әріптерді белгілі кезектілікте атап, буынды ата дейді.

Кеспелі әліпби әріптерінен дыбыстары бірдей буындарды құра: қа– ақ, мо – ом, ша – аш, ыс– сы, үр – рұ, мы – ым.

Дауысты дыбыстан басталатын буындарды жаз.

Дауыссыз дыбыстармен аяқталатын буындарды жаз.

Логопед айтқан ашық, тұйық буындарды жаз.

#### 4. Фонематикалық тадау мен жинақтауын дамыту.

Сөзді құрама фонемаларға бөлу күрделі психикалық әрекет болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларында әсіресе осы қызмет бұзылған болып келеді.

Фонематикалық талдау қарапайым және күрделі болуы мүмкін. Қарапайым фонематикалық талдау – ол сөздегі дыбысты бөлу (тану), ол мектепке дейінгі жаста балаларда өз бетімен пайда болады. Күрделі түрі болып табылатыны сөздегі бірінші және соңғы дыбысты бөлу, оның орнын белгілеу (сөздің басы, ортасы, соңы). Фонематикалық талдаудың ең күрделі түрі – сөздегі дыбыстардың кезектілігін, олардың санын, басқа дыбыстармен қатынастағы (қай дыбыстан кейін, қай дыбыстың алдында) орнын белгілеу. Мұндай фонематикалық талдауды балалар арнайы оқыту барысында ғана меңгереді.

Фонематикалық талдау мен жинақтаудың күрделілігінің әртүрлілігін және онтогенездегі оларды меңгеру кезектілігін ескеріп, логопедиялық жұмыс келесідей кезектілікте жүргізілуі тиіс:

1) Сөздегі дыбысты танып, табу, яғни сөзде дыбыстың бар-жоғын анықтау.

2) Сөздің басынан, ортасынан, сонынан дыбысты табу. Сөздегі бірінші, соңғы дыбыстарды табу, және дыбыстың орнын табу (басы, ортасы, соңы).

3. Басқа дыбыстарға қарай дыбыстардың кезектілігін, санын, орнын табу.

1. Сөздегі дыбысты танып, табу:

Тыңда, буындарда «ш» дыбысы бар ма? (ш,м,т,ш,р,ш,п,д)

Бір, екі, үш буындық және дауыссыз дыбыстар қатар келген және келмеген сөздерде «Ш» дыбысы бар ма?

*Келесідей тапсырмалар:*

Сөздегі (1, 2, 3-ші) дыбысқа сәйкес әріпті көрсет.

Парақты екіге бөл, бір жағына әріпті жаз, екінші жағына сызық сыз. Логопед сөздерді оқиды. Егер сөзде аталған дыбыс бар болса, балалар әріптің астына жұлдызша салады, егер сөзде аталған дыбыс болмаса, жұлдызша сызықшаның астына қойылады.

Логопедтің сонынан берілген дыбыс бар сөздерді қайтала, сәйкес әріпті көрсет.

Сөйлемнен аталған дыбыс бар сөзді ата, сәйкес әріпті көрсет.

Атауында берілген әріпке сәйкес дыбыс бар суреттерді көрсет.

Фонематикалық талдаудың қарапайым түрлерін дамыту барысында мынаны ескерген жөн: дыбысты бөлу білігі оның сипаттамасына, сөздегі орнына, сонымен қатар дыбыстық қатардың дыбысталу ерекшеліктеріне байланысты.

Екпінді дауыстылар екпінсіз дауыстылардан оңай табылатыны белгілі. Екпінді дауыстылар сөздің басында оңай табылады, ал сөздің аяғында табуда балалар қиналады.

Қуыстық және сонор дыбыстары, ұзақ созылатын болғандықтан үзілмелі дыбыстарға қарағанда жақсы қабылданады. Балалар қуыстық дыбыстарды сөздің соңына қарағанда, басынан оңай табады, ал үзілмелі дыбыстарды – керісінше, сөздің сонынан оңай табады.

Балалар үшін қиын болатыны – сөздегі дауысты дыбысты атау және сонында тұрғанын анықтау. Ол буынды қабылдау ерекшелігіне және оны құрама дыбыстарға бөлуге байланысты. Дауысты дыбысты балалар көбінесе дербес дыбыс ретінде емес, дауыссыз дыбыстың ренкі ретінде қабылдайды.

Дауыссыз дыбыстарға келетін болсақ, ғалымдар қуыстық дауыссыз дыбыстарды, оның ішінде ызың және сонор дыбыстары басқа дауыссыздарға қарағанда оңай табылады дейді. Алайда, ызың, сонор *p* мен *л* дыбыстарын табу жиі қиынға түседі, себебі осыларды балалар қате айтады (дыбсталуы дұрыс емес). Сондықтан, сөздегі дыбысты табу жұмысын артикуляциясы оңай, қарапайым дыбыстардан бастайды (*м, н, х, в* т.б.).

Ең алдымен дауыссыз дыбыстың артикуляциясын ескеру керек. Ол үшін артикуляция мүшелерінің қалпын көріп қабылдау арқылы, ал кейіннен артикуляция мүшелерінен алған кинестетикалық сезімдер негізінде белгілеу қажет. Сонымен қоса, алынған дыбысқа тән дыбыстауға назар аударылады. Естіген буындарда дыбыстың бар-жоғы анықталады.

Сонан соң логопед балаларға күрделілігі әр түрлі сөздерде дыбыстың бар-жоғын табуды (анықтауды) ұсынады: бір буынды, екі буынды, үш буынды, дауыссыз дыбыстар қатар келетін және келмейтін. Логопед балаларға белгілі дыбыс бар және жоқ сөздерді ұсынады. Белгілі дыбыс сөздің басында, ортасында, соңында тұруы тиіс.

Ең бірінші дыбыстың бар-жоғы естуі бойынша, баланың дыбыстауы негізінде белгіленеді, кейіннен тек естіу бойынша немесе тек дыбыстауы негізінде, және сонынан есту-дыбыстау түсініктері негізінде, яғни ойлау жоспары бойынша

Дыбысты әріппен үйлестіру. Әріпті қолдануға келесідей тапсырмалар ұсынылады:

Сөздің соңында қай дыбыс болса, сол дыбыстың әріп таңбасын көрсет;

Дәптердің парағын екіге бөлу. Бір жағына әріпті жазып, екінші жағына сызықша сызу. Логопед сөздерді оқиды. Егер берілген дыбыс сөзде болса, балалар әріптің астына жұлдызша қояды, егер жоқ болса, жұлдызшаны сызықшаның астына қояды.

Логопедтің сонынан берілген дыбыс бар сөздерді қайталау, сәйкес әріпті көрсету.

Сөйлемнен берілген дыбыс бар сөзді атап, сәйкес әріпті көрсету.

Берілген әріптің дыбысы бар суреттерді көрсету.

Балалар сөздің басы мен соңында дауыссыз дыбыстың бар-жоғын белгілеп үйренгеннен кейін, сөздің ортасында тұратын сөздер ұсынуға болады. Қарапайым сөздерден бастайды (мысалы, асық – *с* дыбысын белгілегенде), кейін дауыссыз дыбыстар қатар келген сөздер ұсынылады (мысалы, алма – *л* дыбысын белгілегенде). Басында сөз буындап, берілген дыбыс интонациямен бөлініп айтылады және сәйкес суреті көрсетіледі.

*«Р» дыбысын сөзден табуға (бөлуге) арналған тапсырмалар.*

- Егер сөзде «р» дыбысы болса, «Р» дыбысы бар карточканы көтер. Логопед сөздерді атайды: радио, қас, арман, тырна, жарма, шана, қарбыз, асық, қияр, қобыз.

- Атауында «р» дыбысы бар суреттерді іріктен ал.

- Сюжетті суретке қарап, бейнеленген заттардың атауында «р» дыбысы бар сөздерді ата.

- «Р» дыбысына сөз ойла.

- Атауында «р» дыбысы бар жануарлар, көкөністер, жемістер, ыдыстар, ойыншықтарды ата.
- Сөз болатындай «Р» дыбысы бар буын қос. Мысалы: ша...(на), ас...(пан), қал...(та), ал...(ма), сыбыз...(ғы), баспал...(дақ), шашта...(раз).

Логопед: сөзді ата, аталған дыбыс қай буында тұрғанын айт – екінші, үшінші, сөзді толық айт, сөздегі дыбыстың орнын тап.

Логопед қажетті дыбыс сөздің басында, ортасында, соңында кездесетін сөздерді атайды. («Р» дыбысы бар сөз естісең, «р» әрпін дәптерге жаз. Егер сөзде «р» дыбысы жоқ болса, сызықпен белгіле).

- Суреттерге қарап, сөйлемді «р» дыбысы бар сөздермен толықтыр. Мысалы, логопед сөйлемнің басын айтады, ал бала атауында «р» дыбысы бар суретті табады және сөйлемді сәйкес сөздермен толықтыр: Айсұлу бақшаға...(қызылша, пияз, сәбіз) екті. Басында бала жетіспейтін сөзді атайды, кейін сөйлемді толық айтады.

- «Лото» ойыны. Атауында «р» дыбысы бар, жоқ суреттер және «р» дыбысы жазылған түрлі-түсті текшелер ұсынылады.

Логопед сөздерді атайды, бала сәйкес суретті көрсетеді, атауында «р» дыбысы бар-жоғын белгілейді; егер сөзде «р» дыбысы бар болса «р» әрпі жазылған текшемен суретті жабады, егер сөзде «р» дыбысы жоқ болса – түрлі-түсті текшемен жабады.

## 2. Сөздегі бірінші және соңғы дыбысты табу.

Жұмыс дауысты дыбыстардың артикуляциясын анықтаудан басталады. Суреттер арқылы дауысты дыбысты еліктеу арқылы айту. Суреттер: бала жылап жатыр: (а-а-а); қасқырдың ұлуы (у-у-у); тіс ауырды (о-о-о). Дауысты дыбыстың артикуляциясын анықтаған кезде баланың зейіні еріндердің қалпына аударылады (ашық, дөңгеленіп тұр, түтікше тәрізді). Алдымен дыбысты сөздерде интонациямен (дауыспен), кейін артикуляциямен және интонациямен.

### Сөздегі бірінші дыбысты табу:

- сөздегі бірінші дыбысты тап: от, ас, ай.
- сөздің бірінші дыбысына сәйкес әріпті кесіп әліппеден тап.
- А, Ә, У дыбыстарынан басталатын сөздер ойла.
- суретте бейнеленген заттың атауындағы бірінші дауысты дыбысқа сәйкес әріпті көтер. Суреттер: алма, оймақ, облақ, ушы.

- «Лото» ойыны. Суреттер ұсынылады, логопед сөзді атайды, бала суретті соның атауындағы бірінші дыбысқа сәйкес әріппен жабады. Мысалы оймақ бейнеленген суретті «о» әрпімен жабады.

### Сөздегі бірінші дыбысты табу тапсырмасы да үш нұсқада орындалады:

а) логопед айтуын естіп қабылдау; б) баланың айтқанынан соң, в) естіп-айту түсініктері негізінде, мысалы: мына дыбысқа сәйкес суретті ал.

Сөздегі бірінші дауыссыз дыбысты табу балаға сөзден табудан едәуір қиын. Сөздегі бірінші дауыссыз дыбысты табуға тапсырмалар:

- Берілген дыбыстан басталатын гүлдер, жануарлар, құстар, көкөністер, ыдыс, жемістердің атауларын атау.
- Берілген дыбыстан басталатын заттық суреттерді іріктеу.
- Сюжетті сурет бойынша берілген дыбыстан басталатын сөздерді атап шығу.
- Сөздің бірінші дыбысын өзгеру. Логопед сөзді атайды, бала сөздің бірінші дыбысын тауып, атайды. Мысалы, «кой» сөзіндегі бірінші «к» дыбысын «т» дыбысына ауыстыру (той).
- Суреттің астындағы сызбаға бірінші дыбысты жазу.

### Сөздегі соңғы дауыссыз дыбысты табу.

Буындар ұсынылады: ас – тас, ай – май, үн – жүн. Буын, кейін сөздегі соңғы дауыссызды табу керек.

### Сөздегі дыбыстың орнын табу (басы, ортасы, соңы):

Мысал: «л» дыбысының орнын сөзден табу: атауында «л» дыбысы бар суреттерді үш қатарға орналастыру (бір қатарға дыбыс сөздің басында, екінші қатарға – ортасында, үшінші қатарға – соңында тұрған суреттерді орналастыру: лақ, алма, жал, қал, марал лашын, балта).

- «Л» дыбысы сөздің басында тұрған сөздерді іріктеу;
- «Л» дыбысы сөздің соңында тұрған сөздерді іріктеу;
- «Л» дыбысы сөздің ортасында тұрған сөздерді іріктеу;
- «Л» дыбысынан басталатын жануар, көкөніс, жеміс, өсімдік, гүлдердің атауларын айт.

Сөздегі бірінші екпінді дауыстыны табу.

Жұмыс дауысты дыбыстардың артикуляциясын анықтаудан басталады. Дауысты дыбыс суреттерді пайдаланып, дыбыстарға еліктеу негізінде іске асырылады. Мынандай суреттер ұсынылады: бала жылап жатыр: (а-а-а); бөпені ұйықтатып жатыр (ә-ә-ә); қасқыр ұлып отыр (у-у-у); тіс ауырлы, беті байланған бала (о-о-о). Дауысты дыбыстың артикуляциясын анықтағанда баланың незеры еріндердің қалпына аударылады (ашық, созылған, түтікше тәрізді т.б.). Ең алдымен, дауысты дыбыс сөздерде интонациямен айтылады, яғни дауыспен бөлініп, кейін артикуляциямен және интонациямен.

*Бірінші екпінді дауыстыны болуға арналған тапсырмалар:*

Сөздердегі бірінші дауыстыларды ата: Ай, ой, үй.

Кеспелі әліпбиден сөздегі бірінші дыбысқа сәйкес әріпті тап.

А, ә, о, ү дыбыстарынан басталатын сөздерді ата.

Екпінді дауыстылардан басталатын суреттерді ірікте (а, ә, о, ү). Суреттер ұсынылады: ай, үй, ін т.б.

Суреттің атауындағы бірінші дыбысқа сәйкес әріпті ал. Екпінді дауыстыдан басталатын суреттер ұсынылады.

Лото ойыны. Суреттер салынған карточкалар ұсынылады. Логопед сөзді атайды. Оқушы суреттің атауындағы бірінші дыбысқа сәйкес әріпті алып, суретті сол әріппен жабады. Мысалы, айдын суретін «а» әріппен жабады.

Сөздің басындағы екпінді дауыстыны табу үш нұсқада орындалады:

а) сөзді логопед айтқанда естуі бойынша, ә) бала сөзді айтқаннан кейін, б) есту-дыбыс айту түсініктері негізінде; мысалы, дыбысқа сәйкес суретті ал тапсырмасы бойынша.

*Сөздегі бірінші дауыссыз дыбысты табу.*

Сөздегі бірінші дауыссыз дыбысты табу, сөздегі дауыссызды табудан қиын. Негізгі қиындық, буынды бөлуде, әсіресе тік буынды құрама дыбыстарға бөлу. Бұнын себебі: буынды өлмей, біртұтас етіп қабылдауында, буын, дыбыс туралы түсініктерінің қалыптаспауында. Сөйлеу тілінің дыбысталу бірлігі буын, ал фонематикалық талдаудың соңғы бөлігі – дыбыс. Сондықтан, дыбыс айту процесі фонематикалық талдауға кедергі жасайтындай болады.

Ұсынылған әдістемелерді арқылы бастауыш сынып оқушыларының жазуда кездесетін қателерін болдырмау мақсатында түзету жұмысында да қолдануға болады, сонда аталмыш оқушыларда жоғарыда аталған жазу қателері болмайды деген ойдамыз.

1 Воронова А.П. *Нарушение письма у детей.* – СПб., 1994.

2 Выготский Л.С. *Собр. Соч.: В 6 т.* – М., 1983. – Т. 5: *Основы дефектологии.*

3 Выготский Л.С. *Мышление и речь.* Изд. 5, испр. — Издательство "Лабиринт", М., 1999. — 352 с.

4 Лалаева Р.И., Венедиктова Л.В. *Диагностика и коррекция нарушений чтения и письма у младших школьников.* – СПб., 2001, 2004.

5 Мазанова Е.В. *Коррекция дисграфии на почве нарушения языкового анализа и синтеза. Конспекты занятий для логопедов.* – М., 2006.

#### Резюме

**Сарсенқызы А.** - студентка 4 курса специальности Дефектология, КазНПУ имени Абая, институт педагогики и психологии,

Научный руководитель: **Ибатова Г.Б.** – магистр п.н., старший преподаватель, КазНПУ имени Абая, институт педагогики и психологии, кафедра специальной педагогики. [ibatova\\_g@mail.ru](mailto:ibatova_g@mail.ru)

**Способы выявления дисграфии на почве нарушения анализа и синтеза у учащихся начальных классов**

В данной статье рассматриваются приемы выявления нарушений письма на основе нарушений языкового анализа и синтеза. Недостатки письменной речи являются наиболее распространенными среди речевых расстройств у учащихся начальных классов. В начале обучения в школе у некоторых детей обнаруживаются затруднения в овладении письмом, которые впоследствии могут перейти в стойкие специфические ошибки, именуемые дисграфическими. С каждым годом в начальной школе увеличивается количество детей с различными видами дисграфии. Дети путают буквы, пропускают буквы, слоги, пишут в зеркальном отражении или добавляют лишние буквы в слове. Часто учителя списывают такие ошибки на невнимательность учеников или на их лень, рассматривают эти ошибки как орфографические и пунктуационные. Это очень серьезное нарушение, которое требует долгой коррекционной работы, и если вовремя не начать корректировать эту проблему, то в дальнейшем письменная речь ребенка будет только ухудшаться.

**Ключевые слова:** нарушения письменной речи, звуковой анализ и синтез, дисграфия, фонематические представления, фонематическое восприятие, фонематический анализ и синтез.

Summary

Sarsenkyzy A. - 4th year student of the specialty Defectology, Abai Kazakh National Pedagogical University, Institute of Pedagogy and Psychology,

Scientific adviser: Ibatova G.B - magistr bp, Senior Lecturer, Abai Kazakh National Pedagogical University, Institute of Pedagogy and Psychology, Department of Special Education, *Ibatova\_g@mail.ru*

Ways of identification of a dizgraphia of primary school's students

This article discusses techniques for the detection of violations of the letter on the basis of violations of linguistic analysis and synthesis. Disadvantages of writing are most common in speech pathology in primary school children. At the beginning of school, some children found difficulty in learning writing, which can then go to the persistent, specific errors that are called dysgraphia. Every year in primary school increased the number of children with different kinds of dysgraphia. Children confuse letters missing letters, syllables, written in mirror image, or add extra letters in the word. Teachers often blamed such errors or negligence on their students being too lazy to, added on to the errors of spelling and punctuation. This is a very serious disorder that requires long correctional work, and if time does not begin to correct this problem, then later written language the child will only worsen.

**Keywords:** breach of written speech, sound analysis and synthesis, dysgraphia, phonemic representation, phonemic perception, phonemic analysis and synthesis.

УДК: 376.2

САЛ АУРУУЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ МОТОРИКАСЫН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ЕМДІК ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Мукажанова Э.Т. - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,  
Арнайы және әлеуметтік педагогика кафедрасының оқытушысы, пед.г.магистрі

Мақала мазмұнында сал ауруы бар балалардың жалпы моторикасын дамытудағы емдік дене шынықтырудың алатын рөлі туралы баяндалған. Сонымен қатар жаттығу түрлері қарастырыла отырып, 3-4 жастағы сал ауруы бар балаларға арнайы тәжірибе жүргізіліп, қорытынды жасалынған.

**Түйін сөздер:** сал ауруы бар бала, емдік дене шынықтыру.

Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) статистикалық мәліметтері бойынша дүниежүзінде мүгедектер саны 10%-ті, яғни 500 миллион адамды құрайды. Мүгедектер ішінде тірек-қимыл қозғалыс аппараты бұзылған (ТҚА) балалар өте көп кездеседі, соның ішінде күрделі бұзылыстарының бірі - церебральді параличті бар балалар (ЦП).

Соңғы жылдары церебральді паралич диагнозы қойылған балалардың саны едәуір өсуі байқалады. Әртүрлі авторлардың мәліметі бойынша (Нэнси Р. Финни, Хелен А. Мюллер, М. Бакс, Никитина М.Н., Семенова К.Л., Махмудова Н.М., Белова Г.И., Бадалян Л.О., Серганова Т.И., и др.) 1000 баланың ішінен 1,5-2,5 бала церебральді паралич диагнозы қойылады.

Сал ауруы бар балалардың ауытқушылық деңгейі бұлшықет тонустары мен қимыл-қозғалысының үйлесімділігі және кеңістікте бағдарлана алу шамасына негізделген қимыл-қозғалысындағы бұзылыстарға байланысты болатындығын көрсетеді (Л.О.Бадалян, К.А.Семенова, В.Т.Кожевникова).

Сал ауруы бар балалардың әлеуметтік ортаға кіріктіру мен оларды оңалтуда, тұрмыстық жағдайда өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын тиімді меңгеруге емдік дене шынықтырудың маңызды рөл атқаратынын атап өткен жөн. Сондықтан да мақала мазмұнында осы категориядағы балаларға арнайы жаттығулар таңдалып, тәжірибе жүргізілді. Тәжірибе 3-4 жастағы балалар қатысты.

Сал ауруы бар балалармен жүргізілетін түзету жұмыстары 5 кезеңнен тұрды:

*I-кезең. Баланың өз басын ұстауға және жасан-жаққа бұру қабілеттілігін дамыту.*

Бұл кезеңде баланың өз басын ұстауға және онымен белгілі бір іс-әрекет жасауды басқара алуын қалыптастыруға бағытталған. Баланың бойындағы ауытқушылықты алғашқы айларында байқауға болады. Бұлшықет тонустары бұлшықеттерді бұғу және жазу барысында толыққанды босаныспайды, керісінше көтеріледі.

*II-кезең. Қолды берік ұстау қабілеттілігін дамыту.*

Бұл кезеңде бала толық басын ұзақ мерзімге дейін ұстай алатын, басын жан-жаққа, оңға-солға, жоғары-төмен қарату қабілеттілігін толық меңгерген. Бірақ, баланың кеуде бөлігін және қолды берік ұстауы әлсіз дамыған балаларға арналған жаттығулар. Ол іштен арқасына, арқасынан ішіне қарай аударылмайды, отыру қалпын сақтай алмайды. Екі қолына жүгіне отырып, кеудесін көтере алмайды. Бұл ерекшеліктерді ескере отырып төмендегі міндеттерді айқындайды:



- 1) қол білезіктеріне сүйену реакциясын дамыту;
- 2) кеудені аудару білу қабілеттілігін дамыту (арқасынан ішіне, ішінен арқасына ауысуы);
- 3) көлденең қалпында аяқ пен қолға төселуін дамыту.

*III-кезең. Төрт аяқтап тұруға, осы қалпында еңбектеуге үйрету және тепе-теңдікті сақтауға дағдыландыру.* Бұл кезеңде бала басын ұстай алады, қол мен аяғы жазу мен бұғу қалпында ішпен жата алады. Көру қабілеті арқылы заттарды қолдарымен ұстай алады. Бұл кезеңде моториканы дамытудағы негізгі міндеттер:

- 1) іштен арқасына аудару алуын дамыту;
- 2) ішпен жату қалпында бастапқы еңбектеуін дамыту;
- 3) тепе-теңдік реакциясын дамыту;
- 4) төрт аяқтап тұруға үйрету, осы қалпында тепе-теңдікті сақтау, төрт аяқтап еңбектеуін дамыту.

*IV – кезеңі өзбетінше отыра алу дағдыларын дамыту.* Бұл кезеңде сал ауруы бар балалар өзбетінше аударыла алады, қолымен заттарды ұстай алады, олармен әртүрлі әрекеттер жасайды. Бірақ, көрсетілген функциялар толық жетілмеген және дұрыс орындай алмайды. Бұл кезеңде төмендегідей бағыттарды жүзеге асыру қажет:

- 1) арқа бұлшықеттерін қатайту;
- 2) баланың әртүрлі қалпында қол мен аяққа басшылық жасауын дамыту;
- 3) аяқ қимылдарын дамыту;
- 4) тұрақты отыруы мен дененің әртүрлі қалпында отыра алуын қалыптастыру.

*I-кезең.* Баланын өз басын ұстауға және жан-жаққа бұру қабілеттілігін дамытуға бағытталған жаттығуларды жасай отырып, балалардың бойында көптеген өзгерістерді байқауымызға болады.

**1-кесте.** Сал ауруы бар балалардың басты жан-жаққа бұру қабілеттілігін дамыту бойынша сандық көрсеткіші

Басты жан-жаққа бұру қабілеттілігі			
Анықтаушы көрсеткіші	эксперименттен кейінгі	Оқытушы эксперименттен кейінгі көрсеткіші	
41,6%	58,4%	75%	25%

*2-кезеңі қолды берік ұстау қабілеттілігін дамыту.* Бұл жаттығуды орындауда алғашқыда мазасызданды, еңжарлық танытты. Өйткені бұл кезең баланың басын ұстау дағдысын меңгергеннен кейінгі кезеңдегі күрделі кезең болып саналады. Демек, баланың жалпы моторикасын дамытуда қолдың және қол білезіктерінің дамуы маңызды рөл атқаратынын ескерген жөн. Балалардың 65%-ы тапсырманы орындап шықты. Өйткені барлық тапсырмада ересек адамның көмегімен орындалды. Бала басын соғып алмау үшін кеудесін берік ұстап, қолын төмен қарай түсіруге ынталанды. Бала ішпен доптың үстінде жатады; екі ересек адам аяғынан және қолынан ұстап тұрады; аяқтары тізе буындарына қарай бүгілген, мүмкіндігінше қолын алдыға қарай созу. Доптың қимылымен бір уақытта баланың қолы төмен түсіп, бөксесі бөлігі жоғары көтеріледі. Қолдың еденге тіреуіне итермелейміз.

Ал екінші жаттығуды орындаған кезде ересек адаммен бірге баланың белінің жоғары бөлігі мен иығын баяу жоғары көтереді, кейін қол мен аяқтың бүгілген қалпын ұстатып төмен қарай қарайды.

Ал балалардың 35%-ы ғана жаттығуды толық орындамады. Тек бірінші және екінші жаттығуды ғана орындап қалған тапсырманы орындаудан бас тартты. Тіпті валиктің үстіне жатудан бас тартты.

**2-кесте.** Сал ауруы бар балалардың қолды берік ұстау қабілеттілігін дамыту бойынша сандық көрсеткіші

Қолды берік ұстау қабілеттілігі			
Анықтаушы көрсеткіші	эксперименттен кейінгі	Оқытушы эксперименттен кейінгі көрсеткіші	
41,6%	58,4%	65%	35%

*III-кезең. Төрт аяқтап тұруға, осы қалпында еңбектеуге үйрету және тепе-теңдікті сақтауға дағдыландыру.* Бұл кезеңде балалардың 36% - бірінші жаттығуды орындау барысында ішке қарай қарап тұрып кеудесі тік, екі қолын алдыға қарай созу, аяқты бұғу қалпында ұстай білді. Ал екінші жаттығуды орындаған кезде балалар ішпен доптың үстінде жатты. Дегенімен, екі ересек адам аяғынан және қолынан ұстап тұрып, аяқтары тізе буындарына қарай бұғу алмады. Доппен сәйкес қимылдарды орындай алмады. Ал қалған жаттығуларды орындаудан бас тартып мазасызданды.

Ал балалардың 54%-ы ішпен жату, басын тік ұстау, кеуде жағынан тігінен шынтақ буындарына дейін жеңіл қолдарын бұғу, саусақтарының арасы ашық қалпында ұстауы, доптың үстінде ересектің көмегімен орындалатын жаттығу жұмыстарын жемісті орындап шықты.

Тек бала төрт аяқтап тұрып ересек адам баланың артында тұрып, оның иығынан немесе белінен ұстап жан-жаққа, алдыға-артқа ақырын тербету барысында балаларда кішкене кобалжулар болды.

3-кесте. Сал ауруы бар балалардың еңбектеу қабілеттілігін дамыту бойынша сандық көрсеткіші

Еңбектеу қабілеттілігі			
Анықтаушы эксперименттен кейінгі көрсеткіш		Оқытушы эксперименттен кейінгі көрсеткіш	
төрт аяқтап еңбектеуі		төрт аяқтап еңбектеуі	
41,6%	58,4%	54%	36%

Келесі 4-кезең баланың өзбетінше отыра алу дағдыларын дамыту болып табылады. Балалардың 48,3%-ы бірінші, екінші жаттығулардың қиындықсыз орындап шықты. Бірақ балалардың үшінші жаттығу жұмыстарын орындауда, яғни бүйір жақ қалпында тепе-теңдік реакциясын сақтауда біраз қиындықтар туындады. Бірақ, балалар ересек адамның көмегімен орындалатын жаттығуды орындап шықты. Бүйір жағында отырып, иықтың астынан немесе белінен ақырын ғана итеруде балалар 2-3 рет жаттығуды орындағаннан кейін ғана тепе-теңдікті сақтау.

Ал төртінші жаттығуды орындау барысында ең бірінші балалар отыру қалпында тепе-теңдік реакциясын сақтауда біраз күшті қажет етті. Орындықтың шетінде отыру. Ересек адам балаға қарама-қарсы отырып, бір қолымен баланың артқа қарай құламауын қадағаласа, екінші қолымен ұсақ, тез оң жаққа және сол жаққа итереді. Оны біз төмендегі кестеден көре аламыз.

4-кесте. Сал ауруы бар балалардың өзбетінше отыра алу қабілеттілігін дамыту бойынша сандық көрсеткіші

Отыру, тұру қабілеттілігі			
Анықтаушы эксперименттен кейінгі көрсеткіш		Оқытушы эксперименттен кейінгі көрсеткіш	
Өзбетінше отыру, тұру қабілеттілігі		Өзбетінше отыру, тұру қабілеттілігі	
33,3%	66,7%	48,3%	51,7%

Қортындылай келе, адамның ажырамас құқығы және білім берудің аса маңызды міндеттерінің бірі ретінде қазіргі таңда осы мәселені шешудің ең тиімді жолдарын табуды талап етеді. Зиятында, дене және психикалық дамуында қиындықтары бар адам қоғам тарапынан ерекше қамқорлық пен көмекті талап ететіні белгілі.

Баланың толыққанды жалпы моторикасының даму негізі – бұл тепе-теңдік сақтай білу болып табылады. Олар жүйке жүйе құрылымының толыққанды реттілікпен жетілуімен, өзара үйлесімді әрекеттесуі бұлшықет тонустарының айқындылығы мен барлық қимыл-қозғалыс актілерінің әртүрлілігін қамтамасыз етеді.

Сал ауруы бар балалардың миының зақымдалуы бастың дұрыс қалпын сақтауын бұзады. Қимыл-қозғалыс функцияларын дамытудың негізгі заңдарының бірі – басты дұрыс ұстау қалпын қалыптастыру болып табылады.

Сал ауруы бар балалардың қимыл қозғалыстарының реттілігінің қалыптасуы зақымдалған. Осыған байланысты тек қол мен аяқтың қозғалысының бұзылысымен шектелмейді, ең бастысы барлық қимыл-қозғалыстарының тежелуімен айқын көрініс табады. Жүргізілген жұмысты саралай отырып, келесідей қорытынды жасауға болады:

1. Сал ауруы бар балалардың жалпы моторикасын дамытуда жан-жақты психологиялық-педагогикалық тексеруді және кешенді көмекті қажет етеді. Соның негізінде жаңа диагностикалық кешендер, емдік дене шынықтыру мен жеке дамыту бағдарламаларын құрастыру өте маңызды болып табылады.

2. Сал ауруы бар балалардың жалпы моторикасын дамытуды ерте жастан қолға алған кезде ғана тиімді деген қорытынды шығаруға болады.

3. Сал ауруы бар балалардың жалпы моторикасын даму деңгейін анықтауда және жетілдіруде емдік дене шынықтыру жаттығулардың маңызды рөл атқаратыны айқындалды. Бұл жаттығулар түрлеріне: басты ұстау қабілеттілігі; басты ұзақ уақыт бойы ұстау және жан-жаққа бұру қабілеттілігі; қолмен енжар және белсенді қызмет жасай алу қабілеттілігі; қол білезіктерін және саусақтарын бұғу қабілеттілігі; заттарды ұстай білу қабілеттілігі; енжар және белсенді аяқпен қимыл жасау; тігінен жатып аяқпен қимыл жасау; тігінен ішіне, ішінен тігіне қарай аударылу қабілеттілігі; көмекпен отыра алу қабілеттілігі; өзбетінше отыра алу; еңбектей алу қабілеттілігі; өзбетінше төрт аяқтап тұру; төсенішке сүйеніп тұру қабілеттілігі; көмекпен алдыға және артқа қарай қадам жасау; өзбетінше алдыға және артқа қарай қадам жасау; көмекпен отырып, тұру қабілеттілігі; өзбетінше отырып, тұру қабілеттілігі; үш-төрт таяқшадан тұрағын баспалдақтан шығып, түсу.

- 1 Г.А.Абаеваның «Церебральді параличпен қосалқы бұзылыстардың үйлесуі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің» оқу бағдарламасы. – Алматы, 2012.
- 2 Бадалян Л.О., Журба Л.Т. Детские церебральные параличи. – Киев, 1988.
- 3 Булекбаева Ш.А. Детский церебральный паралич: формы, клиника и реабилитация в поздней резидуальной стадии. Методические рекомендации. – Алматы, 2003.
- 4 Смирнова И.А. Специальное образование дошкольников с ДЦП. – СПб., 2003.
- 5 Ипполитова М.В., Бабенкова Р.Д., Мастокова Е.М. воспитание детей с церебральным параличом в семье. – М., 1994.
- 6 Мастокова Е.М. Ребенок с отклонениями в развитии. Ранняя диагностика и коррекция. – М., 1992.
- 7 Мастокова Е.М. Физическое воспитание детей с церебральным параличом. – М., 1991.

#### Резюме

Мукажанова Э.Т. – магистр педагогических наук, преподаватель кафедры специальной и социальной педагогики КазГосЖенПУ

#### Особенности использования лечебной физкультуры как средства совершенствования общей моторики у детей с церебральным параличом

В статье рассматривается роль лечебной физкультуры в развитии общей моторики детей с детским церебральным параличом. Автор описывает результаты проведенного исследования с детьми с ДЦП 3-4 летнего возраста направленного на выявление особенностей их общей моторики.

**Ключевые слова:** дети с церебральным параличом, лечебная физкультура

#### Summary

Е.Т. Mukazhanova – master education sciences, Lecturer of the Department of Special and Social Pedagogy

#### Improving the motility of the paralysis of children with specific therapeutic use of physical culture

The article discusses the role of physical therapy in the development of general motor skills of children with cerebral palsy. The author describes the results of studies with children with cerebral palsy aged 3-4 years aimed at identifying common features of their motility.

**Keywords:** Children with cerebral palsy, physiotherapy

УДК: 376-056.264

### ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН АРНАЙЫ МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГТЫҢ ЖҰМЫСЫ

Макина Л.Х. - п.ғ.к., доцент, Жаканбаева Б.Б. - п.ғ.м., оқытушы,

Азенова А.А - олигофренопедагогика мамандығының 4 курс студенті. Арнайы білім беру кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ. [aiz\\_23@mail.ru](mailto:aiz_23@mail.ru)

Бұл мақалада зияты зақымдалған балаларға арналған арнайы мектептегі психологтың жұмысы қарастырылған. Арнайы білім беру жүйесінде зияты зақымдалған балаларды оқыту және тәрбиелеу процесіндегі психологтардың алатын орны бөлек. Қазіргі таңда зияты зақымдалған балалар саны өкінішке орай көбейіп келеді. Осы бұзылыстың есебінен балалар өз бойында қалыптасқан дарыны мен қабылеттерін сырт көзге ұсыну жағынан үлкен қиыншылықтарға кездеседі. Сонымен қатар мектепте білім алуында, замандастармен қарым-қатынасқа түсуінде, қоғамдық өмірде өз орнын табуында және де өз ойларын ашық білдіруінде кедергілерге ұшырайды. Қарастырылған мәселелерді шешуде арнайы психологтар өз үлесін қосады.

**Түйін сөздер:** зияты зақымдалған, арнайы психолог, жалпы психолог, тұлға.

Бүгінгі таңда бәрімізге белгілі біздің өркениетті мемлекетімізде психолог мамандардың көмегіне жүгінушілер батыс елдермен салыстырғанда көп деп айтуға келмейді. Біздің психолог көмегіне жүгіндім деуге намыстанып, ашық айтуға жүрексінетіндер де бар. Алайда дәл осы мамандар адам жанының арапасы болып, қордаланған мәселені шешуге жанұя татулығын сақтауға, әріптестерімен тұрақты қарым-қатынас жасауға үлкен септігін тигізеді. Зайырлы еуропа елдерінде әр жанұяның отбасылық дәрігері мен міндетті түрде психологтары болады. Маман психологтың көмегі күрделі мәселелермен қатар жанұялық түйінді де шешуге септігін тигізіп тығырықтан шығарады. Дәл осындай психолог арнайы мектепке өте қажет. Өйткені оқушылардың қарым-қатынасқа түсуі, өзін қоғамның толық мүшесі ретінде сезінуі психологпен тығыз байланысты.

"Психолог" мамандығы ХХ ғасырда пайда болды. "Психолог" сөзін грек тілінен аударғанда "жан дүниені емдеуші" деген мағынаны білдіреді. Психолог қызметінің бағыттары көп, ол психологтың түрлі клиенттермен жұмыс жүргізуіне байланысты: балалар психологы, мектепке дейінгі мекемедегі

және мектеп психологы, отбасы психологы. Психолог мамандығының құрылымы әр түрлі елдерде және әлеуметтік өмірдің әр түрлі сфераларында дамиды. Бұл мамандықтың дамуы көптеген елдерде басталды: АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Австрия, Швейцария, Ресей. [12.21-22бб]

Білім беру жүйесіндегі арнайы психологиялық қызметтің теориясы мен тәжірибесін талқылау сұрақтары психологтардың еңбектерінде қарастырылып келеді. Қазақстандағы психологиялық қызмет жайлы зерттеулер республикалық баспасөзде және жеке туындыларда жарияланған. Психолог ғалымдар Г.С.Абрамова, Ю.Е.Алсина, А.Бодалиев, Г.В.Бурменская, И.В.Дубровина, В.Н.Карандашев, А.Г.Лидерс, Е.И.Рогов, В.В.Столин кеңестік дәуірдегі және одан кейінгі уақыттағы психологиялық қызметтің соның ішінде психологиялық кеңес берудің мазмұнын анықтап берді. [9,32б]

Дегенмен, жоғарыдан аталған ғылыми жұмыстарды саралай келе біздің зерттеу мақсатымызға алынып отырған зияты зақымдалған балаларға арналған мектептегі психологтың қызметі әліде болса жеткілікті дәрежеде ғылыми-педагогикалық тұрғыда зерттелмегені аңғарылды. Бұл мәселе кеңінен талданып педагогика және психология ғылымына тиесілі орын алуы маңызды деп санаймыз. Өйткені, егеменді еліміздің зияты зақымдалған ұрпақ жалғастығын дайындайтын мектептерде қызмет көрсететін психологтың еңбегінің мәні мен мазмұны айқындап, соның негізінде дамытудың маңызы ерекше.

Жалпы мектептегі психолог маманының қызметінің мақсаты-мектептің білім беру ортасында арнайы жағдайды қалыптастыра отырып, оқушылардың психологиялық даму үдерісін басқару болса, ал арнайы мектептегі психологтың мақсаты- баланың білім алуында кездесетін қиыншылықтардың себептерін анықтап, мұғалімдермен, ата-аналармен бірлесіп түзету бағдарламасын құру болып табылады.

Кәсіби психолог -- бұл:

- жоғары оқу орнынан білімі бар, психологияның теориялық негізін жақсы меңгерген маман;
- психодиагностикада кәсіби дағдыларды қолдану тәжірибесі бар маман;
- өзінің жан дүниесіндегі мазасыздануды шешуде жоғары деңгейде жеткен маман ;
- жеке тәжірибесінен көптеген мысалдар мен жағдайларды көрсете білетін маман;
- таңдаған мамандығының жаңа жетістіктерін бақылап отыру мақсатында көптеген арнайы әдебиеттерден тыс қалмайтын маман.

Психологтың құқықтары:

1. Оқу-тәрбиелеу процесіндегі барлық субъектілермен жұмыстың формасы мен әдісін және белгілі бір кезеңде маңызды деген бағыттарды таңдай алады.

2. Әкімшілікке психологиялық қызметтің іс-әрекетінің нәтижелі, әрі өнімді іс-әрекетіне мүмкіндік беретін ұсыныстарды айта алады.

3. Оқыту – тәрбиелеу процесін ұйымдастыруға байланысты мектеп құжаттарын қарастыра алады.

4. Оқыту – тәрбиелеу процесіне байланысты кеңестерге, жиналыстарға белсенді қатыса алады.

5. Мектепте психологиялық зерттеуді және әдістерді жүргізеді, түзетеді.

6. Психолог өзінің біліктілігін арттыру және тәжірибе алмасу мақсатында әртүрлі конференцияларға, семинарларға қатыса алады; психологиялық орталықтармен ассоциациялармен, практик-психологтармен, сонымен қатар оқу орындарындағы психология кафедраларымен іскер байланыс жасай алады.

7. Арнайы дайындығы жоқ адамдарға, психодиагностикалық және психокоррекциялық жұмыстарды жүргізуіне тыйым сала алады.

8. Әкімшіліктің тапсырысы этикалық принциптерге, жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келмеген жағдайда, орындаудан бас тарта алады.

Психологиялық қызмет міндеттері:

- баланың жас ерекшелігіне сәйкес тұлғалық және интеллектуалдық даму, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту қабілеттерін қалыптастыруына ықпал ету;

- психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде әр балаға жеке қарым- қатынасты қамтамасыз ету;

- баланың интеллектуалдық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды жеңу және олардың алдын алу.

Лауазымдық міндеттері:

- оқушылардың психикалық және әлеуметтік жағдайын сақтауға бағытталған кәсіби қызметін жүзеге асырады;

- болашақ кәсібіне бейімділігін анықтауға бағытталған жұмыстар жүргізеді;

- оқушылардың жеке басы мен әлеуметтік мәселелеріне арналған педагогикалық ұжымын бағдарлау мақсатында психологиялық-педагогикалық қорытынды шығаралы;

- педагогтердің, ата-аналардың, әлеуметтік педагогтердің құзырын жоғарылату үшін, психологияны тәжірибеде қолдану мәселелері бойынша педагогтерге кеңес береді

- әр түрлі бейінді мақсатта психологиялық диагностика жасайды, ауытқу дәрежесін анықтайды, психологиялық-педагогикалық түзету жасайды.

Арнайы психологтың міндеттері:

- баламен жүргізілетін түзету жұмыстарының дамуының адекватты жолдарын анықтау;

- анықталған даму ерекшеліктерінің негізінде баланың оқу мүмкіндігі мен дамуын болжау;

- білім беру процесі барысында психологиялық түзете-дамыту жұмыстарын жүзеге асыру.

Зияты зақымдалған балаларға арналған арнайы мектептегі психолог қызметі:

- баланың эмоционалды-ерік сферасын, баланың жеке қасиеттерін, құрдастармен, ата-анасымен және басқа да ересектермен қарым-қатынасқа түсу ерекшелігін айқындайды;

- баламен жүргізілетін коррекциялық-дамыту жұмыстарының ұзақтығын, мінездемесін және бағытын анықтайды;

- бала білім алатын әлеуметтік микроортаның гуманизациялық міндеттерін шешеді және орнықтырады;

- педагогқа және мектеп ұжымдағы басқа да мамандарға зияты зақымдалған баланың ата-аналарымен конструктивті қарым-қатынасқа түсуге әсер ету; [4.62-428 бб].

Психологтың жұмыс бағыттарына тоқтала өтсек:

**1. Психопрофилактикалық жұмыстар:** Оқушыларда кездесетін психикалық ауытқушылықтың алдын алу шараларын жүргізу, бала психологиясындағы өзгерістер туралы ата-анаға дер кезінде психологиялық кеңестер беріп, оларды алдын-ала сақтандырып отыру.

- балалардың мектептегі оқуға психологиялық даярлығын анықтау (ес, зейін, срік, ойлау, сөйлеу, қабылдау т.б.);

- бастауыш сынып оқушыларының мектептегі оқуға тез бейімделуін анықтап, ата-аналар мен ұстаздарға ұсыныстар беру;

- оқушылардың сыныптан сыныпқа көшу барысындағы психологиялық ерекшеліктеріне зерттеу жүргізіп, психологиялық кешеуілдеу мен ауытқушылықтарды анықтап, оны жоюға бағытталған шаралардың бағдарламасын жасау;

- оқушылардың әрбір психикалық үрдістерінің, сезімі мен еркінің, қабілеті мен мінезінің дамуына үзбей зерттеу жүргізіп, ұсыныстар беру;

- интернат типіндегі мекемелерге қабылданатын оқушылар үшін арнайы психологиялық зерттеулер жүргізіп, олардың өзіндік ерекшеліктерін анықтау.

Психолог сабақтарға қатысады:

- оқушылардың психикалық үрдістеріне, мінез-құлық, темперамент ерекшеліктеріне зерттеу жүргізу мақсатында;

- мұғалімдерге педагогикалық-психологиялық ұсыныстар беру мақсатында;

- оқудан тыс шаралар ұйымдастырады;

- мұғалімдер үшін психотерапиялық ойындар мен тренингтер өткізу;

- педагогикалық-психологиялық консилиумдар өткізу;

- оқушылардың жеке психологиялық ерекшеліктерін зерттеу;

- мұғалімдер үшін психологиялық мазмұнда тұрақты семинарлар өткізу.

Психопрофилактикалық жұмыс түрлері: психологиялық сауаттандыру, психологиялық кеңес беру, педагогикалық-психологиялық консилиум.

**2. Психодиагностикалық жұмыстар:** Ол әрбір жас кезеңдеріндегі оқушылардың өзіндік психикалық үрдістерінің даму ерекшеліктерін түрлі зерттеу әдістері мен зерттеу әдістемелерін қолдана отыра анықтайды [6, 362-428 бб].

Психодиагностикалық жұмыстарды арнайы мектеп психологы мынадай мақсатта жүргізе алады:

- оқушылардың психикалық дамуы оның жас ерекшеліктеріне сай келе ме? әрбір оқушымен жеке жұмыс жүргізу мақсатында олардың қабілетін ерте анықтау үшін психологиялық зерттеулер жүргізеді;

- балалардың жас дамуынан төмен психикалық ауытқушылықтарының себептерін, мінез-құлықтың бұзылу себепін анықтауға арналған диагностикалық зерттеулер жүргізеді;

- оқушылардың ересектермен (мұғалім, ата-ана), өз құрбыларымен қарым-қатынасының мазмұнын, қарым-қатынастың бұзылуының кейбір психологиялық себептерін анықтауға байланысты жұмыстар жүргізеді.

3. Психокоррекциялық (түзету) жұмыстары. Оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына белсенді түрде психологиялық әдіс-тәсілдер арқылы ықпал ету. Білім беру мен тәрбие жұмыстарын қатар жүргізе отырып, оқушылардың қабілеті мен бейімділігі, жалпы психикасындағы ауытқушылықтар мен кемшіліктерді түзету.

Ол үшін психолог:

- жас ерекшелігіне байланысты әрбір кезеңнің қалыптасу бағдарламасын жасауы керек;
- психикасында ауытқушылығы бар балалардың жүйке жүйесінің бұзылуының себептерін анықтау қажет;
- әрбір психикалық ауытқушылықтардың мазмұнына байланысты коррекциялық (түзету) жұмыстың бағдарламасын жасайды;

Психокоррекциялық жұмыс ата-аналармен, пән мұғалімдері мен сынып жетекшісімен бірлесіп жүргізілуі керек. Психокоррекциялық жұмыстар барысында оқушыларға ойын тренингтерін беру, имитациялық ойындар, түрлі маңызды ситуацияларды шешу т.б. тапсырмалар беріледі.

Психолог - арнайы теориялық білім және практикалық тәжірибесі бар маман. Сондықтан маманға барып, кәсіби кеңес алудың пайдасы мол. Кейінгі кезде еліміз психоаналитик мамандар дайындайтын оқу орындары ашылып, осы сала мамандарының көбеюіне әсер етіп отыр. Психолог пен психоаналитиктің арасында айырмашылық бар. Кез келген психолог өз жұмысында психологиялық көмекті қажет ететін әлеуметтік-психологиялық бейімделуі бұзылған, яғни қарапайым дамудан тыс қалған балалармен кездескен жағдайда ол арнайы психолог болып саналады.

Бұл кісілер сіздің құпияңызды, жан жараңызды ешкімге айтпайды. Екеуіңіздің араңызда ғана сакталады. Ғаламторда, тағы басқа ресурстардағы кеңестерден айырмашылығы сіздің жеке басыңыздың ерекшелігін ескере отырып, тікелей жұмыс істейді.

Арнайы мектептегі психолог балалардың мектептегі оқуға психологиялық даярлығын анықтап, оқушылардың психологиялық кешеуілдеу мен ауытқушылықтарын жоюға бағытталған шаралардың бағдарламасын жасау арқылы, оқушылардың әрбір психикалық үрдістерінің, сезімі мен еркінің, қабілеті мен мінезінің дамуына үзбей зерттеу жүргізіп, ұсыныстар беруі тиіс.

1 «Кто такой психолог?» [http://www.b17.ru/article/kto\\_takoy\\_psiholog/](http://www.b17.ru/article/kto_takoy_psiholog/)

2 «Кто такой психолог и зачем он нужен?» <http://studiapozitiv.ru/kto-takoj-psixolog-i-zachem-on-nuzhen.html>

3 «Мектептегі психологиялық қызмет» журналы №9, 2013ж Б.32

4 «Дефектология» журналы

5 «Қызықты психология» журналы №2, 2012ж. 12-13бб

6 «Мектептегі психологиялық қызмет» журналы, №9, 2013ж 32бет

#### Резюме

Макина Л.Х. - к.п.н., доцент, Жаканбаева Б.Б. - м.п.н., преподаватель,

Азенова А.А - студент 4 курса специальности олигофренопедагогика, КазНПУ имени Абая, кафедра «Специальное образование», [aiz\\_23@mail.ru](mailto:aiz_23@mail.ru)

#### Работа психолога в специальной (коррекционной) школе для детей с нарушениями интеллекта

В этой статье рассматривается деятельность психолога, который работает в специальной школе для умственно отсталых детей. В специальном образовании психологи занимают особое место. К несчастью, в настоящее время умственно отсталых детей становится больше. Из-за своих нарушений дети испытывают большие трудности в предъявлении окружающим талантов и способностей, которыми они обладают. Кроме того, они сталкиваются с препятствиями в получении знаний в школе, при взаимодействии со сверстниками, в поиске своего места в мире и в том, чтобы открыто высказывать свои мысли. Специальные психологи вносят свой вклад в решение этих вопросов.

**Ключевые слова:** умственно отсталый, специальный психолог, общий психолог, личность

#### Summary

Makina L.KH. - c.p.s. assistant of professor, Zhakhanbaeva B.B. - m.p.s., teacher,

Azenova A.A - student of the 4 course oligophrenopedagogics sp., Department of Special Education, KazNPU named after Abai, [aiz\\_23@mail.ru](mailto:aiz_23@mail.ru)

#### The work of the psychologist in special correctional school for children with intellectual disabilities

This article focuses on the activities of the psychologist who works in a special school for mentally retarded children. In the special education system, psychologists have a special place in the process of training and education of mentally retarded children. Unfortunately, at the moment mentally retarded becomes greater. Because of these infringement children have great difficulty in presenting to others the talents and abilities that they have. In addition, they face barriers in gaining knowledge in school, interactions with his contemporaries, with the search for his place in the social world and to openly express their thoughts. Special psychologists are making their contribution to the solution of the issues addressed.

**Keywords:** mental retardation, special psychology, general psychology, personality.